



Оқу құралы

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІ БАҚЫЛАУ

А.М. Қазамбаева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті



Казамбаева А.М.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІ БАҚЫЛАУ

оқу құралы

6M051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының
магистранттарына арналған

Алматы

2019

«Сырдария» университеті

КІТАПХАНА

Инв. № 67381

ӘОЖ 336. 148
КБЖ 65. 261. 3
К 14

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің оқу жоспарлары және бағдарламалары комитетімен ұсынылған 26 сәуір 2018 ж., №3 хаттама

Сын пікір берушілер:

Тлесова А.Б., экон.ғыл.канд., М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ доценті
Султанова З.Х., экон.ғыл.канд., Жәңгір хан атындағы БҚАТУ доценті

Казамбаева А.М.

К 14 Мемлекеттік және жергілікті бюджетті бақылау: оқу құралы./
А.М. Казамбаева, – Алматы, Альманахъ, 2019 – 141 б.

ISBN 978-601-319-099-0

Оқу құралда мемлекеттік бюджеттің экономикалық мазмұны, бюджет жүйесі, жеке бюджет түрлерінің сипаттамасы мен экономикалық мазмұны, бірыңғай бюджеттік жіктеу, бюджетаралық қатынастар, бюджет түсімдерінің экономикалық мазмұны, бюджет шығыстарын қалыптастыру негіздері, білім беруге кететін бюджет шығындары, денсаулық сақтауға кететін шығындар, бюджет процессі, бюджеттің атқарылуындағы қазынашылықтың рөлі, бюджеттік есеп және есептілік, мемлекеттік қаржылық бақылау тақырыптары қарастырылған.

К37.2;140.М.В.lic

ӘОЖ 336. 148
КБЖ 65. 261. 3

*Бұл басылым «Альманахъ» баспа үйінде 2019 жылдың 15 қаңтарындағы
№1 лицензиялық келісімге сәйкес жарияланған*

ISBN 978-601-319-099-0

© А.М. Казамбаева, 2019
© Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті, 2019.
© Альманахъ, 2019

МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе	4
2	Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мазмұны	5
3	Мемлекеттік бюджет жүйесі	15
4	Бюджет түсімдері мен шығындары	25
5	Бірыңғай бюджеттік сыныптама	46
6	Бюджетаралық қатынастар	58
7	Бюджет түсімдерінің экономикалық мазмұны	70
8	Бюджет шығыстарын қалыптастыру негіздері	77
9	Бюджеттің атқарылуындағы қазынашылықтың рөлі	86
10	Бюджеттік есеп және есептілік	99
11	Мемлекеттік қаржылық бақылау	111
12	Глоссарий	132
13	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	139

КІРІСПЕ

Мемлекеттік бюджет кез-келген мемлекеттің өмір сүруінің міндетті шарты болып табылатын ақша қаражаттарын қалыптастыруды, бөлуді және пайдалануды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттің негізгі қаржылық заңы болып табылады. Мемлекеттік бюджет мемлекеттік органдарға өз функцияларын орындауды қамтамасыз етеді. Бюджет мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін экономиканың барлық секторларының қаражаттарын жинақтау құралы ретінде қолданылады. Бюджеттің көмегімен ұлттық табысты сектораралық, салааралық, территорияралық қайта бөлу, экономиканы мемлекеттік реттеу және ынталандыру, әлеуметтік саясатты қаржыландыру жүзеге асырылады.

Бюджет мемлекеттің және мемлекеттегі барлық мемлекеттік органдардың өмір сүруінің қаржылық базасын құрайды. Мемлекеттік аппарат, құқық қорғау органдары, атқару органдары, мемлекеттік мекемелер, бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар сәйкес бюджет есебінен өмір сүреді. Бюджетке жинақталған қаржылар мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізу үшін, қорғанысты, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Бюджет мемлекеттің қолындағы мықты басқарушы механизм болып табылады.

Пәннің негізгі міндеттер: Мемлекеттік бюджеттің мазмұнын, қызметтері мен ұйымдастыру принциптерін ашу;

- ҚР бюджет жүйесінің қалыптасу сатыларына сипаттама беру;
- ҚР-ғы бюджеттердің негізгі түрлерінің ерекшеліктерін, олардың қызметтері мен міндеттерін таныстыру;
- Мемлекеттің қаржылық-экономикалық реттеу әдістері мен нысандарының өзгеруі мемлекеттік және аумақтық қаржылар мәселесін егжей-тегжейлі және жан-жақты зерттеуді білдіреді;
- Мемлекеттік және жергілікті бюджетті бақылау бойынша магистранттардың теориялық және практикалық жағынан дайындығын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мазмұны, бюджет жүйесі, жеке бюджет түрлерінің сипаттамасы мен экономикалық мазмұны, бірыңғай бюджеттік жіктеу, бюджетаралық қатынастар, бюджет түсімдерінің экономикалық мазмұны, бюджет шығыстарын қалыптастыру негіздері, білім беруге кететін бюджет шығындары, денсаулық сақтауға кететін шығындар, әлеуметтік көмекпен әлеуметтік қамтамасыздандыруға бюджеттік шығындар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, арналған бюджет шығыстарын қалыптастыру, бюджет процессі, бюджеттің атқарылуындағы қазынашылықтың рөлі, бюджеттік есеп және есептілік, мемлекеттік қаржылық бақылау тақырыптарын оқып білу.

Тысырып.

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

1. Мемлекеттік бюджеттің маңыздылығы
2. Бюджетті қалыптастыру процесі
3. Мемлекеттік бюджеттің атқаратын функциялары

1. Мемлекеттік бюджеттің маңыздылығы

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі мемлекеттік биліктің ажырамас атрибуты болып табылады. Оның тиімділігін арттыру қаржылық, бюджеттік және салықтық тәртіпті нығайтуға көмектеседі. Мәселелерді шешу және дамудың перспективалы бағыттарын айқындау арқылы мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімді жүйесін құру біздің өміміз үшін өзекті міндет болып табылады.

Кез келген мемлекеттің мемлекеттік қаржылық бақылауының негізгі мақсаты мемлекеттік қаржыны басқарудың тиімділігін арттыру, оның ішінде мемлекеттік қаражатты пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету және қаржылық тәртіпті жақсарту. Бұл үшін мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі тиімді болуы керек.

Мемлекеттің басқару функциясы басқару функциясына тән. Өз қызметін құқықтық қамтамасыз етуден тұрады, яғни әлеуметтік қатынастардың барлық салаларын реттеу үшін түрлі нормативтік құқықтық актілерді жариялайды. Мемлекеттің бақылау қызметі мемлекет уәкілеттік берген органдар арқылы жүзеге асырылады: қоғамдық тәртіпті бақылау ішкі істер органдарына жүктеледі; қоршаған орта жағдайы үшін - қоршаған ортаны қорғау агенттіктері үшін және т.б. Мемлекеттік қаржылық бақылау деп аталатын мемлекеттік бюджеттің орындалуын бақылау мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына жүктеледі.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі мемлекеттік қаржылық бақылаудың келесі тұжырымдамасын береді: «мемлекеттік қаржылық бақылау бұзушылықтарды анықтау, жою және болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының бюджет және басқа да заңдарында бақылаудың объектілеріне сәйкестікті тексеру және талдау арқылы жүзеге асырылады». Қазақстан Республикасының.

Мемлекеттік бюджет – бұл мемлекет және барлық меншік субъектілермен, жеке тұлғалармен орталықтандырылған ақша қаражаттарын қалыптастыру, жалпы мемлекеттік тапсырмалар мен функцияларды орындауға бағытталатын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Мемлекеттік бюджет арқылы қоғамның орталықтандырылған ақша қаражаттары қалыптасады және пайдаланады. Мемлекеттің мемлекеттік бюджеті арқылы өндірістік және өндірістік емес салалар, шаруашылық субъектілері аймақтарының ақшалай қаражаттарының қайта бөлінуі ұйымдастырылады.

Мемлекеттік бюджет мемлекеттік кірістер мен шығындардың нақты мерзімде жасалған, заңдық тәртіпте бекітілген нысаны. Мемлекеттік бюджетті Парламентпен бекіту бюджетке заңдық күшті береді. Мемлекеттік бюджеттің мәні мен мазмұны мемлекеттің функцияларымен анықталады, яғни оның ішіндегі маңыздысы өндірістік қатынастардағы қайта өндіру, мемлекеттің дамуы. Мемлекеттік бюджет өз алдына сала болады, оның бөлінуі қоғамдық өндірісті орталықтандырылған ақша ресурстарына мұқтаж болуынан.

Ақшалай қаржыландыру орталықтандыру елдің масштабтық экономикада үздіксіз қорлар айналымын қалыптастыру және қамтамасыз ету болып табылады. Нақты кезеңде мемлекеттік бюджеттің ерекше сипаты болып ұлттық табысты қайта бөлу болып табылады. Ұлттық табысты қайта бөлу мына бағыттарға жұмсалады:

- 1) өндірісті ұлғайту шығындары;
- 2) жалпы мемлекеттік масштабтағы резервтік қорларды қалыптастыру;
- 3) басқарудың шығындарын жабу;
- 4) ағарту шығындары;
- 5) денсаулық сақтау;
- 6) мемлекеттік және әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамтамасыз етуді ұстауға қорларды қалыптастыру;
- 7) мемлекеттік шекараларды қорғау шығындары;
- 8) елдің қарулы күштерін ұстау шығындары;
- 9) интеграциялық даму шығындары және т.б.

Мемлекеттік бюджет мәні мынада: мемлекет экономиканың болашағы бар салаларын, ҒТП бағдарламаларын қаржыландыру, сонымен қатар мемлекеттік күрделі қаржыландыру тұтынысын ұлғайту, тұтыну нормасын көтеру арқылы дамуды ынталандыру болып табылады. Нақты кезеңде бюджет монополистік бағамен, монополистік табысты, яғни монополистің өніміне бағаны бекіту, салық жеңілдіктерін мемлекеттік субъектілер және т.б. пайдаланады.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мынадай принциптерге негізделеді:

Бірыңғайлық қағидаты – Қазақстан Республикасында бюджет жүйесін ұйымдастырудың және оның жұмыс істеуінің бірыңғайлық қағидаттарын қолдану, бірыңғай бюджет сыныптамасын, бюджет процесінің бірыңғай рәсімдері мен техникалық шешімдерін пайдалану.

Толымдылық принципі – бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында Қазақстан Республикасының

тағамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстардың көрсетілуі, бюджет қаражаты бойынша талап құқықтарының басқаға берілуі сияқты, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке жатқызуға жол бермеу.

Реалистік қазидаты – бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарының, аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының бекітілген (нақтыланған, түзетілген) параметрлеріне, бағыттарына сәйкес келуі.

Транспаренттілік қазидаты – мемлекеттік немесе заңмен қорғалағын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, азаматтық бюджетті, стратегиялық жоспарлар мен олардың іске асырылуы туралы, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есептерді міндетті түрде жариялау, сондай-ақ бюджет процесінің қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін міндетті түрде ашық болуы.

Дәйектілік принципі - мемлекеттік органдардың бюджеттік қатынастар саласында бұрын қабылданған шешімдерді сақтауы.

Нәтижелілік қазидаты – стратегиялық жоспарларда, аумақтарды дамыту бағдарламаларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару.

Бюджеттердің дербестік принципі - түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты бөлінуін белгілеу және олардың жұмсалыу бағыттарын айқындау, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді және жергілікті бюджеттер қаражатының қалдықтарын жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмеуі, төменгі бюджеттерге оларды тиісті өтеусіз, қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмеуі.

Сыбақтастық принципі - өткен кезеңде бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына, базалық шығыстарға, бюджеттік мониторинг қорытындыларына, нәтижелерді бағалауға негізделген республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау.

Негізділік принципі - бюджет жобасына қандай да болсын түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде бюджетті жоспарлау, сондай-ақ бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану.

Уақтылылық принципі - республикалық және жергілікті бюджеттерге, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол

ақшаның бақылау шотына түсімдерді есептеу және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі Үкімет шотына аудару, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауы, төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес төлемдер жасау және тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіпті сақтай отырып, мерзімінде бюджет қаражатын алушылар шоттарына аудару.

Кассаның бірыңғайлық принципі - бюджетке барлық түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есептеу және бірыңғай қазынашылық шоттан барлық көзделген шығыстарды ұлттық валютамен жүзеге асыру.

Тиімділік қағидаты - бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару.

Жауапкершілік принципі - тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқару шешімдерінің қабылдануы.

Бюджет процесі саласындағы интегратор:

- бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға және дамытуға арналған пайдалану құжаттамасын қоспағанда, техникалық құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асырады;

- бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және оларды қолдап отыруды жүзеге асырады;

- бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру, дамыту, оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсету және оларды қолдап отыру жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асырады;

- бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің субъектілеріне консультациялық көмек көрсетеді;

- бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері ақпараттық қауіпсіздігінің Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2. Бюджетті қалыптастыру процесі

Бюджет өзінің қалыптастыру процесінде дамудың 4 стадиясынан өтеді:

- 1) бюджеттің толықтығы;
- 2) бюджеттің бірлігі;

- 3) бюджеттің нақтылығы;
- 4) бюджеттің ашықтылығы.

Бюджеттің толықтығы – бюджеттің толықтай табыстар мен шығындардың енуі. Бюджет және салық заңына сәйкесті бюджеттің кіріс бөлігіне түсімдердің толық түсуін қамтамасыз ету.

Бюджеттің бірлігі – мемлекеттің кірістері мен шығындары белгіленетін құжат бірыңғай болуы керек және бірыңғай тәртіпте бюджетті құрастыру қажет.

Бюджеттің нақтылығы – кірістер мен шығындар сомаларының тұрақтылығы және дұрыстығы, нақтылығы.

Бюджеттің ашықтылығы – бюджетті ашық талқылау және елдің заңдық органдарымен бекіту.

Мемлекеттік бюджет ҚР-ның жалпы мемлекеттік ақшалай қорларын пайдалану мен қалыптасуының негізгі қаржылық жоспары болып табылады.

Бюджеттік процесс – мемлекеттік органдардың іс-әрекетін құрастыру, қарастыру, бекіту және орындалуын реттеу табылады.

Бюджеттің кірістері мен шығындарын есептеуге төмендегідей әдістер қолданылады:

- 1) автоматты;
- 2) мажорация – бір нәрсенің жоғары қарай өсуі немесе минорация - төмендеуі
- 3) нақты кезеңдік бағалау әдісі.

Автоматты әдісте бюджеттің кірістері мен шығындарының қорытындылары жана жылға немесе келесі жылға сол күйінде ауыстырылады. Бұл әдіс бюджеттің кірістері мен шығындарының кейбір сыныптамасына қолданылады.

Мажорация және минорация әдісі. 10-15 жылдың көрсеткіштерін динамикада статистикалық әдіспен таңдауға негізделеді.

Нақты кезеңдегі конъюктураны оқып үйрену және бағалау.

Субвенция жоғары тұрған бюджеттің төмендегі тұрған бюджеттің мақсатты шараларына үлестік қатысуы. Мұнда төменгі бюджеттің қассасы жабылмайды, үлестік қаржыландыру жүзеге асырылады.

Құрастырылған бюджет жобасы үкіметке қарастырылуға беріледі, яғни заңдық орган (Парламентке) бекітілуге ұсынылады.

Бюджет жобасына өзгерістерді енгізуге бюджеттік инициативаның құқықтары бар. Оның түрлері:

- 1) Үкіметтік;
- 2) Парламенттік;
- 3) Аралас.

Үкіметтік бюджет инициативасында Парламент бюджетті бекітуге және оған өзгеріс енгізуге құқы бар.

Парламенттік бюджет инициативасында Парламент бюджеттің кірістері мен шығындарын өз көзқарасы бойынша ауытқулар енгізуге құқы бар. Аралас бюджет инициативасында Парламент және Үкімет бюджетке өзгеріс енгізуге құқы бар. Бюджеттің түсімдері мен шығыстарына әсер ететін нормативтік құқықтық актілер өте көп, оларды қарастырып көрейік.

Мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заңдардың жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болған кезде ғана Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілуі мүмкін. Республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін заң жобаларына Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып, қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңдардың жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасының министрлері мен өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларының, құрылымына ведомство кіретін мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары жобаларының республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін ережелері Республикалық бюджет комиссиясының міндетті қарауына жатады.

Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы ағымдағы жылдың бірінші жартысында берілуі шартымен аталған актілер жобаларының ережелері, келесі қаржы жылынан ерте қолданысқа енгізіле алмайды.

Егер оң қорытындылар ағымдағы жылдың екінші жартысында берілген жағдайда, онда аталған ережелер қолданысқа жоспарланған жылдан кейінгі қаржы жылынан ерте енгізіле алмайды.

Жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе кірістерін қысқартуды көздейтін жергілікті өкілді органдар шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана мәслихаттардың қарауына енгізілуі мүмкін. Әкімнің қорытындысы тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып жасалады.

Жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе кірістерін қысқартуды көздейтін жергілікті атқарушы органдар актілері жобаларының ережелері тиісті бюджет комиссиясының міндетті түрде қаруына жатады.

3. Мемлекеттік бюджеттің атқаратын функциялары

Мемлекеттік бюджеттің экономикалық маңызы ерекшелігі, ортақ мүліктің шеңберінен шықпайтын ерекшеліктерімен ерекшеленеді, яғни қаржы. Жалпыға ортақ қаржы функцияларымен және олардың байланыстары арқылы экономикалық мәнін білдіру тәсілі бірдей. Демек, бүкіл қаржы жүйесі сияқты мемлекеттік бюджет бөлу және бақылау функцияларын орындайды. Сонымен қатар, бюджет «қаржы» санатына қатысты ерекше санат болғандықтан, оның негізгі функциялары бар:

- 1) ұлттық кірісті қайта бөлу;
- 2) экономиканы реттеу және ынталандыру;
- 3) әлеуметтік саясатты қаржылық қолдау;
- 4) орталықтандырылған ақша қорын қалыптастыру мен пайдалануды бақылау.

Бюджеттің бөлу функциясы мемлекеттік және аумақтық билік пен өкімшілік деңгейінде орталықтандырылған қорларды қалыптастыру және пайдалану арқылы көрініс табады. Дамыған елдерде ұлттық табыстың 30-дан 50% -на дейін әр түрлі деңгейдегі бюджеттер арқылы қайта бөлінеді. Бюджет көмегімен мемлекет еліміздің экономикалық өмірін, экономикалық қатынастарын реттейді, салаларды және өңірлерді қолдау немесе дамыту үшін бюджет қаражатын бағыттайды. Осылайша экономикалық қарым-қатынастарды реттей отырып, мемлекет өндіріс жылдамдығын мақсатты түрде жеделдетуге немесе шектеуге, капитал мен жеке жинақтарды арттыруға, сұраныс пен тұтыну құрылымын өзгертуге қабілетті.

Бюджет арқылы ұлттық табысты қайта бөлу екі өзара байланысты, бір мезгілде және үздіксіз кезеңдерден тұрады:

- а) бюджет кірістерін қалыптастыру;
- б) бюджет қаражатын пайдалану (бюджет шығыстары).

Бюджет кірістерін қалыптастыру және бюджет қаражатын пайдалану кезінде елдегі экономикалық және әлеуметтік процестерді мемлекеттік реттеу міндеттері шешілуде. Бюджет кірісі - бір жағынан мемлекет арасындағы экономикалық қатынастар және екінші жағынан шаруашылық субъектілері мен азаматтар. Сонымен бірге, бюджеттің кірістері - бұл мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қарамағындағы ақшалар.

Бюджеттің табысын қалыптастыру процесінде ұлттық табыстың бір бөлігін мемлекет пайдасына императивті алу қажет. Осы негізде мемлекет

пен кәсіпорындар мен халық арасындағы қаржылық қатынастар пайда болады.

Бюджет кәсіпорындар мен экономикалық ұйымдардың пайдасын бөлуге белсенді қатысады. Кәсіпорындардың пайдасының бір бөлігінің бюджетіне шығу формалары мен сомалары мен жұмыс нәтижесі бойынша олардың мүдделері арасында танымал қатынас бар. Кірістің бір бөлігін бюджеттен алудың формасы, кәсіпорынның өндірістік ресурстарды барынша тиімді пайдалануына, рентабельділік деңгейін арттыруға және пайданы арттыруына байланысты.

Бюджет есебінен ұлттық табыс барлық аумақ бойынша, сондай-ақ өндірістен өндіріске дейін қайта бөлінеді, ол үшін денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, басқару және қорғаныс қажеттіліктерін қаржыландыру үшін бюджеттен қаражат құрылады.

Ұлттық табыстың қайта бөлудің негізгі құралы ретінде бюджет пайдалану, мемлекет экономиканың осы секторларына және дамытудың осы кезеңінде басымдық талап экономикалық салаларда, ең алдымен, қаражат бөледі, бюджет, яғни ұлттық табыстың аймақаралық және салааралық қайта бөлуді құрады. Осылайша, тұтастай алғанда елдің экономикалық даму мүдделері мен өңірлердің теңгерімді дамуы мүдделеріне сай. Бұл өз кезегінде, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен жаңа технологияларды құру үшін негіз болып табылады, негізгі зерттеумен айналысатын ғылыми мекемелер, мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру арқылы өтеді. ғылым ең перспективалы аудандарға бюджет арқылы қажетті қаражат бағыттайды, осылайша мемлекеттік елдің өндіргіш күштерін дамытуға қамтамасыз етеді.

Осының бәрі бізге экономиканың бүкіл мемлекет, ұтымды қоспасы ақша ресурстары мен материалдық ресурстарды экономикалық өмірін үйлестіру мүмкіндік береді, бұл техникалық прогресс ықпал етеді және мемлекеттің экономикалық әлеуетін нығайтады.

Бюджетті реттеу жердегі экономикалық және мәдени құрылыста үлкен рөл атқарады. фискалдық реттеу көмегімен аумақтық органдарының қаржылық базасы болып табылады, аймақтық және жергілікті бюджеттердің қажетті кіріс көздері бар, қаражат ауқымды аймақаралық бөлу жүзеге асырылады, және сол арқылы ел экономикасына өз байланысын нығайтады отыр.

Өндірістік емес салада бюджеттің рөлі өте зор, мұнда ол қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. Мемлекеттік бюджет арқылы әлеуметтік және мәдени шараларды қаржыландыру, басқару және қорғаныс пайда болады. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жұмылдырылған қаражат халық тұтыну қорларын қалыптастыру және бөлу үшін өте маңызды болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, ұлттық табыстың тұтыну қорын болудің негізгі түрі жұмысқа сәйкес бөлу болып табылады. Еңбекке ақы төлеу қорымен

орналастырылып, қоғамның мүгедектігі бар мүшелерінің қажеттіліктері мен талаптарына, яғни халықты оқыту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздыру, тұрғын үй және т.б. салаларында тұтынуды бірлесіп қанағаттандыруға арналған қоғамдық тұтыну қорлары бар.

Мемлекеттік бюджет арқылы мемлекет бөлу және бақылау функцияларын атқарады. Мемлекеттік бюджет құқтық нысанда ұлттық табыс ісін ЖҚӨ-ді бөлуді жүзеге асырады. Осы функция арқылы мемлекеттің қолында орталықтандырылған ақша қаражаттары шоғырланады және жалпы мемлекеттік қажеттілікті қанағаттандыруға жөн табады.

Бақылау функциясы салықтар мен алымдардың және мемлекет қарызында басқа да төлемнің, қаржылық ресурстың толықтай және нақты түсуін, ақшалай қаражаттардың бөлінуін және олардың үнемді, тиімді шығындалуын жүзеге асырады.

Мемлекеттік бюджеттің бұл функциясы бірыңғай нысанда бюджеттік қарым-қатынастарды байланыстырады. Экономиканы өндірістік емес салаларымен және өндірістік салалары, елдің аймақтары шаруашылық субъектісінің салалары арасында қаржылық ресурстарды қайта бөлуді жүзеге асыру, бұл мемлекеттік бюджеттің бөлу функциясы болып табылады.

Салаларлық мемлекеттік бюджетті қайта бөлуден, бюджет қаражаттарынан әртүрлі арнаулы мақсаттағы қорлар және мемлекеттің мұқтажы үшін пайдаланылатын операциялық шығындарды айналым қаражатын толықтыратын күрделі қаржыны қаржыландыру жүзеге асырылады.

Әлеуметтік экономикалық көрсеткіштерге сәйкесті аймақтардың дамуын қамтитын субвенциялар және басқалар, трансферттер, салықты реттеу жолымен ақшалай қаражаттар аймақаралық нысанда бөлінеді.

Ақшалай қаражаттарды қайта бөлу шаруашылық субъектісінің қаржылық ресурстарының бөлігін алу арқылы бюджеттік мекемелер мен ұйымдарды қаржыландыру жүзеге асырылады және ұлттық табысты пайдалану құрылымы калыптасады. Мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табыс бірнеше рет қайта бөлініске ұшырап, ақшалай қаражат елдің экономикалық әлеуметтік дамуында шешуші ролді атқарады.

Мемлекеттік бюджет - әлеуметтік экономикалық тапсырмаларды шешуде өзінің шаруашылық ұйымдық функциясын орындай отырып, экономиканы нақты басқарудың құралы болып табылады. Мемлекеттік бюджетті пайдалану салалық және аймақтық экономикада тепе-теңдікті сақтауда, өндірістік емес саланың даму қарқындылығын реттеуге жалпы қызығушылықта шаруашылық субъектінің қаржылық ресурстарын қайта бөледі. Еңбек және ақшалай материалдық ресурстарды пайдалануды ұлғайту және әлеуметтік экономикалық тапсырмаларды шешуге, экономикалық режимді жүйелі түрде бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бюджеттің экономиканы басқару ретіндегі 1-ші факторы болып экономикалық қатынастарды жалпылама реттеу және бюджеттік қатынастарды пайдаланудың негізгі қаржылық құжаты. 2-ші - бұл мемлекеттік бюджеттің бөлу сипаты, яғни қоғамдық өндіріске әсер ету үшін маңызды экономикалық тетік ретінде пайдаланады. Қоғам мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыруда және қоғамдық өндірісті дамыту, тиімділігін көтерудің бағдарламаларын, заң күші бар бағыттары мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылады. Бюджеттік қарым-қатынасты құқықтық нысанда пайдалану, ұйымдастыру мен жинақтауда бюджет маңызды роль атқарады. Мемлекеттік бюджет өзге қаржы жоспарларынан төмендегідей факторлармен ажыратылады:

1. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық шешуші даму бағытында қоғамдық өнімнің құндық бөлігінің қозғалысы бөлінетін сала қатынастарын өзге қаржы жүйесіне қарағанда кең нысанда бейнелейді.
2. Ақша несиелік жоспарлармен, сметалармен, бизнес-жоспарлармен табыстар мен шығынның байланысымен тығыз байланысты.
3. Мемлекеттік бюджетті құрастыру процесінде макроэкономикалық қаржылық және өндірістік көрсеткіштер нақтыланады, талданады, қосымша табыстар мен пайдаланылмайтын резервтер анықталады. Қаржы жүйесінің барлық топтары координацияланады.

Мемлекеттік бюджет арқылы шаруашылық субъектілердің қаржы жағдайлары реттеледі, елдің территориясында қаржылық ресурстар қайта бөлінеді, ұдайы өндірістегі қоғамдық өнімнің құрылымындағы өзгерістер қамтылады. Елдің ұлттық табыстың толықтырылуы жәнәтұтыну қорларын қалыптастыру тепе-теңдігіне бюджет қатысады.

Мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табыстың бір бөлігі елдің экономикалық және әлеуметтік бағыттарға бағытталады. Соңғы екі-үш жылда Қазақстан Республикасының Президент шешімімен елдің әлеуметтік мұқтажы бюджетті қаржыландыру ұлғайтылды, соның ішінде еңбекақы қоры, зейнетақы, стипендиялар т.б. сонымен қатар мемлекеттік бюджет арқылы елдің ұлттық табысының бір бөлігі салааралық, аймақтық нысанда бөлінеді. Нақты кезеңдегі мемлекеттік бюджет Қазақстан-2050 бағдарламасының тапсырмасын орындап келеді.

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мазмұны
2. Бюджет қоры түсінігі
3. Мемлекеттік бюджеттің функциялары
4. Экономиканы басқарудағы бюджеттің ролі
5. Негізгі қаржылық жоспар және оның көрсеткіштері
6. Мемлекеттік қаржылық бақылау түсінігі
7. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың түрлері
8. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың объектілері

Атқырып.

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІ

1. Бюджеттік жүйенің түсінігі және түрлері
2. Бюджеттік қатынастар мен бюджетаралық байланыстар
3. Бюджеттік процесті ұйымдастырудың негізі

Бюджеттік жүйе - мемлекеттің барлық қаржы жүйесінің маңызды құрамдық бөлігі болып табылады. Бюджеттік жүйе экономикалық категория ретінде мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын - бюджетті қалыптасту мен пайдалану бойынша заңды, жеке тұлғалар мен аймақтар арасындағы барлық қаржылық қатынастар, бюджеттік қалыптасту мен өткірудің әдіс-тәсілдері және сол қатынастарды басқару органдарымен байланысты. Басқаша айтқанда, барлық деңгейдегі бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және экономикалық қатынастар мен құқықтық нормаларға негізделген бюджеттік процесс пен бюджеттік қатынастар қосындысын бюджеттік жүйе деп түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйе құрамына келесі бюджет түрлері мен деңгейлері кіргізілген:

- республикалық бюджет;
 - облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері;
 - аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет;
 - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері
- бекітіледі, атқарылады және дербес бюджеттер болып табылады.

Бюджеттік заңнамаларға сәйкес, бюджеттің барлық түрлерімен деңгейлері дербес болып есептеледі. Бюджеттік жүйе құрылымында Готенше мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қор қарастырылады.

Елдің бюджеттік жүйесінің орталық орнын келесі қаржы жылға Қазақстан Республикасының заңымен бекітілетін республикалық бюджет алады. Жаңа Бюджеттік Кодекс бойынша республикалық бюджет салықтық және басқа түсімдер арқылы қалыптасқан және мемлекеттік биліктің орталық органдарының функцияларын қаржымен қамту және мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры ретінде анықталған. Кодексте осыған сәйкес анықтамалар бюджеттің басқа түрлеріне де берілген. Олар жергілікті мемлекеттік органдардың функцияларын қаржымен қамту және аймақтар мен аудандарда мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған.

Бюджеттік қатынас – мемлекеттік және шаруашылық субъектілермен, жергілікті және республикалық деңгейдегі акционерлермен орталықтандырылған ақшалай ресурстар қорларын пайдалану, қалыптастыру жөніндегі мемлекеттің қаржылық қатынасы.

Бюджет мемлекеттік экономикалық органдардың функциясын қамтуда ақшалай қаражаттары шығындау мен қалыптастыруда негізгі нысан болып

табылады. Барлық бюджеттердің жиынтығы мемлекеттің бюджет жүйесін қалыптастырады.

Бюджет жүйесін құрастыру ұстамдары және ұйымдастыру жеке топтармен өзара байланысы бюджетті құрастыру деп аталады. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі 2 топтан тұрады: 1) республикалық бюджет; 2) жергілікті бюджет (облыстық, Астана және Алматы қалалық бюджеттері, аудандық және қалалық).

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері жергілікті бюджеттерге жатады.

Республикалық бюджет түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылай қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры республикалық бюджет болып табылады.

Республикалық бюджетті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді.

Облыстық бюджет айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және облыстық деңгейдегі, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылай қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері болып табылады.

Облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері тиісінше облыстық мәслихаттардың, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаттарының шешімдерімен бекітіледі.

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттік

жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға бюджетті жоспарлау немесе нақтылау процесінен тыс кезде бюджет шығыстарын ұлғайту туралы ұсыныстар енгізуіне тыйым салынады.

Аудандық бюджет айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейдегі жергілікті мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті ауданда (облыстық маңызы бар қалада) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет болып табылады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешімімен бекітіледі.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері - айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті болып табылады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісілгеннен кейін аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешімімен бекітіледі.

Республикалық және жергілікті бюджеттің қалыптасуы мен атқарылу ұстамадары Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы заңдарға сәйкес реттеледі. Бұл заңда бюджет түрлеріне сәйкесті анықтама беріледі, шығышның ерекшеліктерін және табыстарының аттарын бекітеді, бюджеттің орындалу және есебін құрастыру тәртіптері құрастырылады және бюджеттің атқарылу сұрақтарын бекітеді. Бюджетке тиесілі табыстар бекітілген нормативке сәйкесті анықталады, нормативті заңдық биліктің жоғарғы органдары тағайындайды. Сонымен қатар болатын тыс табыстың қалыптасу көздерінің тәртіптері анықталады.

Республикалық және жергілікті бюджеттің тапсырмасы олардың теңгерімділігі және бюджет тапшылығын жабу, ақшалай қаражат эмиссиясы арқылы жабуға жол берілмейді. Бюджет тапшылығын жабудың негізгі нысаны болып мемлекеттік бережақтың қалыптасуы, оның формасымен көлемі бюджетті бекіткенде, шығын бөлігін қысқартқанда анықталады.

Жергілікті бюджетті бекіту және құрастыру тәртібі сәйкес, ұсынушы және атқарушы органдармен анықталады, ал оның атқарылуы мәслихат депутаттарының жиналысында бекітеді.

Төтенше мемлекеттік бюджет - төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттер негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасында төтенше немесе соғыс жағдайларында енгізіледі.

Төтенше мемлекеттік бюджеттің қабылдануы туралы Қазақстан Республикасының Парламенті дереу хабардар етіледі. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылу уақытында республикалық бюджет туралы заңның және барлық деңгейлердегі жергілікті бюджеттің бюджеттері туралы мәслихаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады.

Төтенше мемлекеттік бюджет төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген мерзім ішінде қолданыста болады. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылуы тоқтатылысымен республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау жүргізіледі.

Азаматтық бюджет бұл республикалық және жергілікті бюджеттердің негізгі ережелерін ашатын, бұқаралық ақпарат құралдарында жұртшылыққа қолжетімді нысанда жарияланатын ақпарат азаматтық бюджет болып табылады.

Бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау мен ұсыну тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары, сыныптары мен кіші сыныптары бойынша мемлекеттік және республикалық бюджеттерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдерді болжауды жүзеге асырады.

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып жүзеге асырады.

Өтеусіз техникалық көмек түріндегі байланысты гранттар алынған кезде ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген жағдайларда, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтің) құны түрінде бюджет түсімдерін көрсетуге жол беріледі. Бұл ретте шығыстарда алынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтің) құнына тең көлемде бюджеттік бағдарлама көзделуге тиіс.

Республикалық және жергілікті бюджеттерге және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын

әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар және (немесе) бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар түріндегі салықтық емес түсімдерді болжау жүзеге асырылмайды.

Бюджет түсімдерін болжау әдістемесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары айқындайтын, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жаңа бастамаларға арналған лимиттерін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді тиісінше бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар айқындайды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер Қазақстан Республикасының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды көрсеткіштері, республикалық және жергілікті бюджеттер, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелер, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелер, жоспарлы кезеңге арналған тиісті бюджет тапшылығының мөлшері негізінде айқындалады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиті құрамында мемлекеттік органдардың ағымдағы әкімшілік шығыстарының лимиті айқындалады.

Шығыстар лимиттері бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі үшін айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, жаңа бастамаларға арналған лимиттер тиісті бюджеттік комиссияның ұсыныстары ескеріле отырып айқындалады.

Тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы ескеріле отырып айқындалған лимиттер ағымдағы қаржы жылының 1 мамырына дейін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің назарына жеткізіледі.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына ұсынатын аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына

дейінгі мерзімде тиісінше бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджеттік өтінімдерді толық көлемде және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

2. Бюджеттік қатынастар мен бюджетаралық байланыстар

Шаруашылық субъектісінің қаржылық ресурстары бұл органның бюджет құрамына енгізілмейді. Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан іс-әрекетін жүзеге асырушы шаруашылық субъектілері меншік нысанына қарамастан заңды және жеке тұлғалар салықтар мен алымдарды сәйкес бюджеттерге төлейді.

Мемлекеттік қаржының маңызды сұрақтарының бірі болып мемлекеттік қарыз және бюджет тапшылығының проблемасы табылады.

Мемлекеттік қарыз көлемі мен бюджет тапшылығы экономика жағдайының термометрі, сондықтан бұл мәселеге экономикалық мамандар мен тұрғындар халықтың жағдайына көп көңіл бөледі. Бюджет тапшылығы дегеніміз – бюджет шығынының сомасы, кірістер ұлттық ұдайы өндіріс процесіндегі өзгерісті сипаттайды және оның өзгерісінің нәтижесін есепке алады. Экономикалық теорияда бюджет тапшылығын құрылымдық және циклдық деп бөледі. Құрылымдық тапшылық – нақты фискалдық саясаттың кірістері мен шығындары арасындағы айырмашылық (мемлекеттің ағымдағы шығындары және салық салудың іс-әрекетіндегі деңгейі). Бақыланатын бюджет тапшылығы мен құрылымдық тапшылық арасындағы айырмашылық циклдық тапшылық деген атау алған. Құрылымдық және циклдық арасындағы өзгеріс экономиканың жағдайына тәуелді.

Бюджет тапшылығының себептері:

1. Қоғамдық өндірістің төмендеуі;
2. Қоғамдық өндірістің шекті шығындарының көбеюі;
3. Массалық шығарылым, яғни бос ақшалардың шығарылуы;
4. Дұрыс емес әр бағдарламаның артықшылығы;
5. Қажет емес объектілерді қаржыландыруға шығындар;
6. Үлкен көлемді масштабтағы жасырын капиталдың айналымы;
7. Бюджет тапшылығының мүмкін болатын себептері болып, үлкен өндірістік емес шығындар, жалған жазулар, өндірістік өнімді жоғалту және т.б.

Бюджет тапшылығы мынадай көздерден жабылады. Бюджет тапшылығын жабуды Үкімет 2 әдіспен жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік заемдар және салық салуды қатаң түрде жүзеге асыру;
- 2) ақша өндірісі немесе сеньораж.

Егер де сеньораж жүзеге асырылатын болса, шектен тыс ақша эмиссияланса, онда инфляцияға әкеліп соқтырады. Нақты кезеңде

сенъораж коммерциялық банктің резервін қалыптастыру көзі болып табылады.

Қазіргі кезеңде қарыздар ішкі және сыртқы мемлекеттік қарыздар болып бөлінеді.

Сыртқы мемлекеттік қарыз, яғни шетел мемлекеттерінің ұйымдарына және жеке тұлғаларына бережак қаражаттар және олармен есеп-айырысу шикізат ресурстармен, бағалы тауарлармен жүзеге асады.

Мемлекеттің ішкі қарызы, яғни бұл елдің табыстарын қайта бөлуді жүзеге асырады, халыққа бережак сомаларынан арылады.

Қаржыны басқару бюджет механизмі арқылы жүзеге асырылады. Бюджеттік механизм мемлекетпен талданып жасалған бюджеттік қарым-қатынастың ұйымдастыру нысаны және қаржылық ресурстарды қоғамдық іс-әрекеттер, елдің аймақтары, экономика салалары арасында қайта бөлуді қамтамасыз етеді.

Бюджеттік механизм құрылымы экономиканың салалары арасында ақшалай қаражаттарды қайта бөлу, бюджетаралық қарым-қатынас, табыстар мен шығындар арасындағы бюджеттік қатынасты сипаттайды. Нақты табыстың түрлері бойынша қаржылық ресурстар салықтық және салықтық емес әдістермен жинақталады. Мыс: ҚҚС, акциз, табысқа салық, мүлікке салық т.б. Бұл аталған қаржылық ресурстар төмендегідей ұстамдармен жүзеге асырылады:

- бюджеттік ұйымдарды қаржыландыру нысаны;
- субсидия;
- қаржылық көмек.

Ал дара жағдайда бюджет қаражаты сәйкес бюджет жүйесіне бекітіледі және әртүрлі әдіспен реттеледі.

Қаржылық басқару операциялық және стратегиялық нысанда жүзеге асырылады. Мемлекеттік бюджет арқылы қаржыларды стратегиялық басқару, соның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы арқылы жоғары мемлекеттік органдармен мемлекеттік басқаруға жүктеледі: 1) Президент; 2) Парламент (сенат, мәжіліс); 3) Үкімет.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржыны басқаруды Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі, ҚР-ның бюджет жоспарлауы және экономика Министрлігі арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті қаржыны басқаруда кең пұқымды лауазымға ие. Яғни ол Президент аппаратының жұмысы арқылы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияның 44-бабына сәйкес, республиканың ішкі және сыртқы саясатына сәйкесті, халыққа жолдау жасайды, және елдің экономикалық дамуымен стратегиялық сұрақтарына сәйкесті нұсқаулар мен заңдар шығаруға құқылы, және актілерге, Парламент актілеріне кол қояды, немесе бұрын шыққан заңдар мен актілерге қосымшалар мен өзгерістер енгізеді, немесе мүлдем олардың іс-әрекетін тоқтатады.

Республиканың мемлекеттік бюджетінен қаржыландырылатын мекемелерге премьер Министрлігінің «Жұмысшыларға еңбекақы төлеу және бірыңғай қаржыландыру жүйесі туралы» ұсынылған негіздемені бекітеді. Сонымен қатар республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің төрағасы мен екі мүшесін 5 жылға тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 49-бабына сәйкес, Парламент заңдылық функцияны жүзеге асыратын ең жоғарғы ұсынушы орган болып табылады. Парламент республикалық бюджетті бекітеді және Үкіметпен республикалық бюджеттің орындалуын бақылау бойынша есеп комитетінің жылдық есептерін бекітеді және өзгерістер енгізеді (ҚР Конституциясының 53-бабы).

Парламенттің жұмыс органы болып сенат пен мәжілістің тұрақты комитеттері табылады, олар:

- 1) Экономика жөніндегі комитет;
- 2) Қаржы жөніндегі комитет;
- 3) Бюджет жөніндегі комитет.

Парламент палатасында қарастырылған талқыланған заңдылық құжаттарға өзгерістер енгізеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 66-бабына сәйкесті Қазақстан Республикасының Үкіметіне мынадай құқықтар беріледі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын талдау, қоғамдық тәртіптің қауіпсіздігін қорғауға қамтамасыз ету және ұйымдарды жүргізу;

2) бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету және республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Парламентке ұсыну;

3) заңдардың атқарылуын қамтамасыз ету және мәжіліске заң жобаларын енгізу;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастыру;

5) республиканың сыртқы саясатының жүргізу шараларын дайындау, тағайындау;

6) Министрлер мен комитеттердің орталық және атқарушы органның іс-әрекетін басқару;

7) Қазақстан Республикасының жергілікті және орталық атқарушы органдардың комитеттер мен Министрліктердің іс-әрекетін доғару және уақытша тоқтата тұру;

8) Үкіметтің құрамына енбейтін жергілікті және орталық атқарушы органдардың басшысын тағайындауға, босатуға құқы бар.

Нарықтық экономика жағдайында жоспарлау ұстамы орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қаражаттарын ұйымдарға бір ыңғайлықпен үздіксіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Экономика және бюджетті жоспарлау Министрлігі ұзақ мерзімді нормативтер негізінде аймақтардың қаржысын экономикалық әдістермен

басқарады. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі қаржыны басқаруды, республика аумағында қаржылық органдардың іс-әрекетін біріктіреді және қаржылық жүйесінің бірлігін қамтиды. Қаржы Министрлігінің ең басты тапсырмасы ақшалай қаражаттарды мобилизациялау және экономиканы дамытуға толықтай мақсатты жұмсау бағыттарына анықтау, тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару мен әкімшілік басқару органдарын ұстау.

Қаржы Министрлігі мемлекеттік бюджеттің жобасын жасайды және қарастыруға Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады, содан соң Парламентке ұсынады.

Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы барлық Министрліктер мен ведомстволар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар мекемелер мен ируашылық субъектілеріне бухгалтерлік есепті енгізу мен жүргізу тәртібі өнгізіледі. Және мемлекеттік бюджет бойынша есептер дайындала, Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарастыруға ұсынады. Мемлекеттік бюджет бойынша есепті Үкімет қараған соң Парламентке қарастыру мен бекітуге беріледі.

Мемлекеттік кіріс Министрлігі ыдыраған соң, салықты жинау функциясы Қаржы Министрлігіне беріледі. Ал кеден қызметі өз алдына жүйе болып қалыптасты.

Кеден қызметінің құрылымына мыналар жатады:

- 1) облыстық кеден басқармасы;
- 2) кедендер;
- 3) кеден посттары.

Экономикалық және қаржылық сала іс-әрекетіндегі құқ бұзушылары мен жемқорлыққа қарсы күресті Департаменттер жүзеге асырады (салықтарды уақытында төлемеуі, қасақана табыстарды жасыру).

Қаржы Министрлігі орталық аппараты құрамына мыналар жатады:

- 1) салық комитеті;
- 2) қазыналық комитет;
- 3) қаржыны басқару комитеті;
- 4) мемлекеттік мүлік;
- 5) жекешелендіру комитеті.

Бұл комитеттер қаржы Министрлігінің өзіндік жеке құрылымы болып саналады және бұлардан басқа Министрліктің құрамына мыналар жатады:

- бюджет департаменті;
- фискальдық саясат пен болжамдау департаменті;
- макроэкономика және қаржы статистикасы департаменті;
- мемлекеттік заим департаменті;
- бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесінің департаменті;
- мемлекеттік несне мен қарыз департаменті;
- кадр және ұйымдастыру жұмысының департаменті;

- әкімшілік департаменті;
- заң қызметінің департаменті;
- РКМ Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігінің шаруашылық басқаруы;
- РКМ информациялық есеп орталығы;
- реабилитациялық орталық;
- РКМ қаржы аппараттық жүйесінің департаменті.

Комитеттер мен департаменттер басқарудан тұрады. Бюджет департаменті төмендегідей басқарулардан тұрады:

1. Бюджеттің орындалуын талдау мен есептер дайындауды басқару;
2. Бюджет процедураларының әдістемесін басқару;
3. Мемлекеттік органдардың әкімшілік шығындарын басқару;
4. Массалық аппараттар құралдарын және мәдениетті, ғылымды, білім беруді басқару;
5. Материалдық өндірісті басқару;
6. Тұрғындарды әлеуметтік қорғау мен денсаулық сақтауды басқару;
7. Құқықты қорғау органдары мен қорғаныс комитетін басқару.

Қалалық, облыстық, қаржылық басқару органдарының құрылымы төмендегідей:

- басшылық (бөлім бастығы, меңгеруші, орынбасары)
- кадр бөлімі
- бюджет бөлімі
- бюджет қаражатының атқарылуын бақылау бөлімі
- денсаулық сақтау мекемелерін қаржыландыру бөлімі
- жергілікті бюджетті атқару бөлімі
- табыстарды жоспарлау бөлімі
- өндірістік және өндірістік емес саланы қаржыландыру бөлімі
- басқару аппараты органдарын қаржыландыру бөлімі
- қаржыландыру органдарын қаржыландыру бөлімі.

Облыстық қаржылық бөлімі облыстың шаруашылық мамандарының ерекшелігіне сәйкесті, аграрлық секторды қосады.

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары
2. Бюджеттік бақылау түсінігі және оның түрлері
3. Елдің қаржылық ресурстарын бөлудегі мемлекеттік бюджеттің алатын орны
4. Бюджет жүйесінің мазмұны. ҚР-ның бюджет жүйесі
5. Бюджет жүйесінің толымдылық қағидасы
6. Бюджет жүйесінің шынайылық қағидасы
7. Бюджет жүйесінің бірлігі қағидасы
8. Бюджет жүйесінің дербестік қағидасы

Анықтарып.

БЮДЖЕТ ТҮСІМДЕРІ МЕН ШЫҒЫНДАРЫ

1. Республикалық бюджеттің мазмұны мен мәні, және оның кірістері мен шығыстарының құрылымы

2. Бюджеттік түсімдер

3. Бюджеттік шығыстар

1. Республикалық бюджеттің мазмұны мен мәні, және оның кірістері мен шығыстарының құрылымы

Қазақстан Республикасында бюджет жүйесінің бірінші деңгейі болып республикалық бюджет табылады. Республикалық бюджетте анағұрлым ақша қаражаттарын орталықтандыру, мемлекеттің тиімді қаржы саясатын іске асыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Мұндай жағдайда ақша ресурстарымен операциялар жасау, оларды халықтың және аймақтардың әлеуметті-экономикалық дамуының басымдылық бағыттарын қаржыландыруға жұмсау, экономикалық дамуды ынталандыруға мүмкіндік туғызады. Ақша ресурстарын орталықтандыру мемлекет тарапынан жылдан-жылға ұлғаятын әлеуметтік шығындарды қаржыландыруға, мемлекеттік займдар бойынша, пайыздар төлеу мен мемлекеттік борышты өтеу, қорғаныс қабілеттілігі мен қоғамдық тәртіпті қаржыландыру мен мемлекеттік басқару аппаратын ұстау, және басқа да шығындарды өтеуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бюджет шығыстары - экономиканың қажеттіліктеріне бюджеттік бөлу процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастар болып табылады және мемлекеттік функцияларды орындауға. Мемлекеттік шығыстар тауарлар мен қызметтердің және трансферттік төлемдерден мемлекеттік сатып алу сомасы ретінде өте жалпы талаптары берілген. Мемлекеттік сатып алу, мысалы, қаруды сатып алу, құрылыс, судьялардың қызметтерді төлеу, мұғалімдер, өрт сөндірушілер, полиция қызметкерлері түрлі камтиды. Трансферттік төлемдер - олар тікелей сіңіріледі немесе пайдаланылады ретінде салық төлеушілерден түскен салық түсімдерін қайта бөлу төлемдер, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы түрінде тұрғындардың белгілі бір топтары, әлеуметтік қамсыздандыру төлемдер және қауіпсіздік, ардагерлер жәрдемақы ... Ең жиі, мемлекеттік сатып алу, шығындарды жету аталады ресурстар. Аударымдар толық емес, өйткені олар ресурстарды жұтып қоймайды, өндіріспен байланысты емес. Сонымен қатар, екеуі де трансферттер мен сатып алу ресурстардың бөлінуіне әсер етеді. Мемлекеттік сатып алулар қоғамдастық Жеке қоғамдық тұтыну ресурстарын қайта бөледі арқылы болса, онда ол тек жеке сектор арқылы тауарларды тұтыну құрылымын өзгертеді және мемлекеттік трансферттер жеке есебінен қоғамдық тұтыну ұлғайту әсер етпейді; ол экономикадағы мемлекеттік араласу нәтижесінде емес,

трансферттердің қарағанда, мемлекеттік сатып алу аясын өзгерту арқылы неғұрлым тиімді болады деп атап өткен жөн.

Айтылғандай, анықтама бойынша республикалық бюджет өз алдына Бюджеттік кодексте бекітілген салықтық және басқа түсімдер арқылы қалыптасатын орталықтандырылған ақша қорын құрайды. Ол орталық мемлекеттік органдар мен оларға жататын мемлекеттік мекемелердің функцияларын орындау, бірақ маңызды функция мемлекет таңдаған елді басқару жүйесін іске асырады, унитарлы мемлекет өызметі. Республикалық бюджетте мемлекетке қажетті қаржы ресурстары мен барлық резервтер көлемі анықталады, сондықтан осы бюджет арқылы елдің қаржы ахуалы, қаражаттар жұмсаудың нақты бағыттары, салалар, аймақтар мен әрекет ететін салалары бойынша шығындар арақатынасы анықталады. Осыған байланысты республикалық бюджеттің экономикалық саясатты іске асыру құралы ретіндегі мемлекеттік мәні мен экономикалық рөлі білінеді.

Республикалық бюджеттің мазмұны оның құрамындағы ерекше экономикалық нысандардың болуымен шарттанады, яғни кірістер (түсімдер) және шығындар. Осы формалар арқылы ақша құралдарының орталықтырылған қорын қалыптастыру мен пайдалануы іске асырылады. Кірістер мен шығындардың құрамы мен құрылымы мемлекеттің нақты әлеуметті-экономикалық шартта жүргізіп жатқан орта мерзімді фискалды саясатты іске асыру бағыттарына сәйкес анықталады. Кірістерді қалыптастыру мен бюджеттік құралдарды жұмсау формалары әдістері де, осыған сәйкес болуы тиіс.

Бюджеттік процесс немесе бюджеттік рәсім дегеніміз – бұл лауазымды басқару органдарының бюджетті құрастыру, қарау, бекіту және бюджеттің атқарылуын бақылау, бюджеттің қасалық атқарылуы туралы есептерді бекітетін регламенттелген іс-әрекет.

Қазақстан Республикасындағы бюджеттік процесс Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы заңдарына сәйкес, және жыл сайынға Қазақстан Республикасының бюджет туралы заңына сәйкес, және басқа республиканың заңдары мен атқарушы билік органдарының шешімдерімен анықталады. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті құрастыру атқарушы билік органдарының функциясы болып табылады, оны құрастыру мен бекіту Парламент пен жергілікті маслихат функциялары, ал бюджеттің атқарылуын бақылауды жоғарыда аталған екі билік органдары жүзеге асырады.

Республикалық бюджет жобасын дайындау үшін Қазақстан Республикасының Президенті бюджет комиссиясын құрады. Олар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарлаудың параметрлеріне сәйкес, маңызды үкіметтік бюджеттік көрсеткіштерді қалыптастырады және енгізеді. Бюджеттік көрсеткіштер мыналар:

1. Республикалық бюджетке түсімдердің көлемдері Астана, Алматы облыстары мен қалаларының бірі. Арнайы аймақтың қаржылық қорлары мен бюджеттері;

2. Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі мен функционалдық топқа сәйкесті республикалық бюджеттен несиелендіру және шығын лимиттері;

3. Республикалық бюджеттің дефицит (профицит) көлемі;

4. Жергілікті атқарушы органдарының өзара жиынтық лимиті.

Республикалық бюджет бағдарламасының администраторлары лимит шегіне сәйкесті, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігіне өзінің бюджеттік бағдарламасын енгізеді.

Алдағы қаржылық жоба республикалық бюджетті қалыптастыру үшін, мемлекеттік мекемелер мен республикалық бюджет бағдарламасының администраторлары өздерінің Министрліктеріне Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен мерзіміне сәйкесті, бюджеттік тапсырыстарды нақты есептеулермен тапсырады. Бұл тапсырыста есептелген шығындар, алдағы жылға республикалық бюджет жобасын қалыптастыру бойынша, бюджеттік комиссиясының анықталған шығын шегіне сәйкесті жүзеге асады.

Бюджеттік комиссия бағдарламаның санын анықтайды. Бұл бағдарламаның санын анықтаған кезде, бюджет бағдарламасы әкімшілігі мен функционалдық топтарына сәйкес, республикалық бюджеттің шығын шегіне енбейтін бағдарламалар мен шығындарын анықтап алады.

Қазақстан Республикасының қаржы министрлігінің бұйрығымен «Алдағы жылға бюджеттік тапсырысты нақты есептеулермен ұсыну және құрастыру тәртібінің ережесі» бекітіледі. Астана және Алматы облыстары мен қалаларының әкімдері жергілікті бюджет бағдарламасының лимитінің санын Министрлікке түсетін түсімдерге сәйкесті, олармен келісілген кезде анықталады.

Әрбір Министрлік бюджет көрсеткіштеріне сәйкесті, республикалық бюджет туралы заңның жобасын үкімет бекіткен бағдарламаға сәйкес алдағы жылға дайындайды. Республикалық бюджет туралы заңда мыналар болуы тиіс:

1. Кірістердің көлемі, алынған ресми трансферттер, бұрын берілген несиелер бойынша негізгі қарызды жабу, бюджетті несиелендіру, шығындардың көлемі, бюджеттің дефициті мен профицитін анықтау;

2. Ең төменгі айлық жалақының көлемі, зейнетақының көлемі және АЕК-ң көлемі;

3. Қазақстан Республикасының Үкіметінің резервтерінің көлемі;

4. Лимиттер: жергілікті атқарушы органдарды несиелендіру, мемлекеттік кепілдік берілетін жергілікті атқарушы органдардың қарыздары мемлекеттік қарыз;

5. Республикалық бюджет бағдарламасы әкімшілігінің және функционалдық топ шығындарының шекті тізімдері;

6. Ең төменгі шығындардың сомасы анықталған Астана, Алматы қалалары мен облыстарының бюджетке бөлінетін шығындар жергілікті бюджеттен қаржыландыратын ерекше маңызды бюджеттік бағдарламалар. Алдағы қаржылық жылға республикалық бюджет заңының жобасын Үкімет Қазақстан Республикасының Парламентіне ағымдағы жылдың 15-қыркүйегіне дейін тапсырылуы тиіс. Республикалық бюджетті бекіту және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу екі палатаның біріккен отырысында жүзеге асырылады. Бұл процедуралар аяқталғаннан кейін, бюджет жобасын қарастыру бірінші мәжілісте, содан кейін сенатта жүзеге асырылады.

Парламентте бюджетті өз отырыстарында қарастыратын мынадай комитеттер болады:

1. Аграрлық сұрақтар бойынша комитет;
2. Сот құқықтық реформа мен заң бойынша комитет;
3. Әлеуметтік мәдени даму бойынша комитет;
4. Табиғатты пайдалану мен экологиялық сұрақтар бойынша комитет;
5. Аймақтық даму мен экономикалық реформа бойынша комитет;
6. Бюджет және қаржы бойынша комитет;
7. Құқ қорғау және қорғаныс, халықаралық ісі бойынша комитет.

Республикалық бюджет бағдарламасының деңгейінде Парламенттің біріккен палаталарының отырысында ағымдағы жылдың 15 желтоқсанына дейін бекітіледі. Егер де Парламент осы аталған мерзімде республикалық бюджет туралы заңды бекітпесе, Президент мынадай заң шығаруға құқылы: алдағы қаржылық жылдың бірінші кварталына арналған республиканың қаржылық жоспары туралы заң.

Астана және Алматы облыстары мен қалалардың әкімдері республикалық бюджет туралы заң күшіне енгеннен кейін, екі аптадан қалмай алдын-ала болжанып, құрастырылған бюджет көлемін нақтылайды, және оны қарастыруға маслихатқа ұсынылады, және маслихат екі апта ішінде бекітуге шешім қабылдайды. Жергілікті бюджет туралы маслихаттың шешімдері мыналардан тұрады:

- Кірістің көлемі, алынған ресми трансферттер, жергілікті бюджетте берілетін несиелер бойынша негізгі қарыздарды жабу, шығындар, несиелендіру, бюджеттің дефициті мен профициті;
- Нақты бекітілген норматив негізінде облыстық, аудандық, қалалық бюджеттің арасында табыстарды бөлудің көлемі анықталады;
- Жергілікті атқарушы органдар қарыздарының лимиті мен резервтерінің көлемі;
- Қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті мемлекеттік қорларының көлемі;
- Жергілікті бюджет бағдарламасы әкімшілігі мен бағдарламаларға сәйкес, шығындардың функциональдық топтарының шектері.

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемелер бекіткен бюджет бағдарламасы әкімшілігінің шығын сметасына сәйкесті, өзінің шығындарын Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің ашыққа қазыналық комитеттің бірыңғай қазыналық шешімдердің негізінде жүзеге асырады.

Республикалық жергілікті бюджеттің операцияларының кассалық шотта, бірыңғай қазыналық шотта бейнеленеді. Егер де бұл шотта шығын болса, шот дебеттеледі. Егер шотта кіріс болса кредиттеледі.

Шоттың ашылуы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін күнтізбелік жылда жүзеге асырылады. Бірақ бұл шоттың жабылуына есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін уақыт беріледі.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Үкімет Қазақстан Республикасының Парламентіне және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетіне есепті жылдың 1 шілдесінде табыс етілуі тиіс. Ал жергілікті атқарушы органдар бюджеттің орындалуы туралы, жоғары тұрған атқарушы органға, яғни тиісті маслихатқа ай сайын есеп береді. Облыстық атқарушы органдар Астана және Алматы қалаларының атқарушы органдары ай сайын Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігіне есеп беріледі. Министрлік ай сайын республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жиынтық есеп дайындап, Үкіметке табыс етеді. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті, ал жергілікті деңгейде жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылайтын сәйкес, ұсынушы органдарының ревизиялық комиссиясы.

Республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін қаржылық жылда жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекемелердің бюджет қаражаттары және олардың шығындалуы ағымдағы қаржылық жылдың 31 желтоқсанына дейін жүзеге асырылады және кейбір операциялар ағымдағы қаржылық жылда бекітілген бюджет шығындары жүзеге аспаса, бөлінген ресми трансферттер есеп мерзімінде аяқталмаса, онда оларға алдағы жылдың 1 сәуіріне дейін уақыт беріледі. Бұл мерзімді бекітетін Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі және бұл жағдай Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне хабарланады және республикалық бюджеттің бағдарламасы әкімшілігі мен жергілікті атқарушы органдарға хабардар етіледі. Республикалық және жергілікті бюджеттің жобасын дайындау процесі 3 кезеңнен тұрады:

1) республикалық және жергілікті бюджеттің жобасын дайындауда қолданылатын негізгі көрсеткіштерді анықтау;

2) бюджет бағдарламалары әкімшілігінің бюджеттік тапсырыстары мен жергілікті бюджеттің болжам көрсеткіштердің келісушілігі және оларды дайындау;

3) республикалық және жергілікті бюджеттің жобасын дұрыс деп тану;

Мемлекеттік мекемелер қаржыландырудың екі деталдық жоспарын жасайды:

- міндеттеме бойынша;
- төлемдер бойынша.

Міндеттеме бойынша деталдық жоспарды құрастыруда мыналарды пайдалану арқылы жүзеге асырады:

- бюджет бағдарламасының паспорты;
- бюджет бағдарламасының орындалу мерзімі, мемлекеттік тауарлар мен қызметтерді сатып алуға конкурс (тендерларды) өткізу мерзімдері, шартқа отыру мерзімі.

Қазақстан Республикасының бірінғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес шығынның экономикалық сыныптамасын дайындау. Нарыққа сәйкесті жұмыстар мен қызметтерге, тауарларға, олардың бір бірлігіне ұсынылатын баға.

Төлемдер бойынша деталдық жоспарды құрастыруда мынаған сүйенеді:

- 1) Қазақстан Республикасының бірінғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес шығындардың экономикалық сыныптамасын дайындау;
- 2) Сәйкес бюджет бағдарламасына байланысты міндеттеме бойынша алған жұмыстар мен қызметтерге және тауарларға уақтылы графикке сәйкес орындау.

Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің қаражаты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкідегі бірінғай қазыналық шотта сақталады, ал жергілікті бюджеттің қаражаттары сәйкес территориялық орғандағы Қаржы Министрлігінің қазыналық комитеттің шоттарында сақталады.

2. Бюджеттік түсімдер

Кірістер, бюджет кредиттерін өтеу сомалары, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер, қарыздар бюджеттің түсімдері болып табылады.

Салықтық, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер, трансферттік түсімдер бюджет кірістері болып табылады.

Нысаналы трансферттерді қоспағанда, кірістер нысаналы мақсатқа ие болмайды. Кірістердің жаңа түрлерін енгізу, қолданылып жүргендерінің күшін жою немесе оларды өзгерту міндетті түрде өзгерістер немесе толықтырулар енгізіле отырып жүзеге асырылады.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер,

Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес белгіленген кедендік баждар, кедендік алымдар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес белгіленген арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары сияқты түсімдер болып табылады.

Алдағы кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес енгізілетін аванстық төлемдер де салықтық түсімдерге тапты.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі), Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленгеннен басқа, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген бюджетке төленетін міндетті, қайтарымсыз төлемдер, байланысты гранттар, сондай-ақ трансферттерден басқа, бюджетке өтеусіз негізде берілетін ақша салықтық емес түсімдер болып табылады.

Бюджетке:

- мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан;
- мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сатудан;
- мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруден не Қазақстан Республикасының заңдарында немесе халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен өзге де тәсілмен өткізуден;

- мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Трансферттер түсімдері бюджеттің бір деңгейінен басқасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін трансферттер түсімдері болып табылады.

Бюджеттік кредиттерді өтеу сомалары бюджеттен алынған кредиттер бойынша негізгі борышты қайтаруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың төленген мемлекеттік кепілдіктер бойынша талаптарды қайтаруына байланысты бюджетке түсетін түсімдер болып табылады.

Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге де мемлекеттік мүлікті сатудан бюджетке түсетін түсімдер.

Қарыздар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға және (немесе) қарыз шарттарын жасасуға байланысты бюджетке ақша түсімдері болып табылады.

Республикалық бюджетке түсетін түсімдер

1) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, корпоративтік табыс салығы;

2) қосылған құн салығы, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға қосылған құн салығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға акциздер;

4) шикі мұнайға, газ конденсатына акциздер;

5) ойын бизнесі салығы;

6) мұнай секторы ұйымдарынан түсімдерді қоспағанда, үстеме пайдалану салығы;

7) тарихи шығындарды өтеу жөніндегі төлемақы;

8) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, бонустар;

9) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіруден алынатын салық;

10) мұнай секторы ұйымдарынан түсімдерді қоспағанда, экспортқа рента салығы;

11) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі үлесі;

12) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі;

13) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым;

14) телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат берілгені үшін алым;

15) теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қойғаны үшін алым;

16) дәрілік заттардың мемлекеттік тіркелгені, сондай-ақ олардың қайта тіркелгені үшін алым;

17) шығармаларға және сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтардың, шығармаларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттардың мемлекеттік тіркелгені, сондай-ақ олардың қайта тіркелгені үшін алым;

19) қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысының, сондай-ақ ұялы байланыстың берілгені үшін төлемақы;

20) радиожилілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;

21) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы;

- 22) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 24) сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, аудандар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақы;
- 25) әкелінетін және әкетілетін тауарларға кеден баждары; Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес төленетін кедендік алымдар;
- 27) ішкі нарықты қорғау шараларын қолдануға байланысты төленетін тарифі, демпингке қарсы, өтемақы баждары;
- 29) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың тиістілік қойғаны үшін мемлекеттік баж;
- 30) жеке басын куәландыратын құжаттар берілгені үшін мемлекеттік баж; жүргізуші куәліктерінің берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж;
- 31) механикалық көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж;
- 32) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж;
- 33) нотариаттық іс-әрекеттер жасалғаны үшін алынатын мемлекеттік баж; зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның тиісті мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж;
- 34) мемлекеттік мекемелерді сотқа берген талап қою арыздарынан алынатын мемлекеттік баж.
- Республикалық меншіктен түсетін кірістер:
- республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімдері;
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза табысы бөлігінің түсімдері;
 - республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;
 - республикалық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлесіне кірістер;
 - республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;
 - екінші деңгейдегі банктердің шоттарында мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатының орналастырылғаны үшін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері бойынша сыйақылар;

➤ республикалық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

➤ қару-жарак пен әскери техниканы сатудан түсетін кірістер;

➤ республикалық меншіктен түсетін басқа да кірістер;

Облыстық бюджетке түсетін түсімдер

1) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

3) қоршаған ортаға эмиссия төлемақысы;

5) сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін төлемақы;

6) жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) орманды пайдаланғаны үшін төлемақы; жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым.

Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы облыстық бюджетке түсетін салық түсімдері болып табылады, олар:

• облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімдері;

• облыстық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

• облыстық коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер;

• облыстық коммуналдық меншіктің мүлкін жалға беруден түсетін түсімдер;

• облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

• уақытша бос бюджет ақшасын депозитке орналастырудан алынған сыйақылар;

• облыстық коммуналдық меншіктен түсетін басқа да кірістер;

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша облыстық бюджетке негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады, олар:

- аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден трансферттер;

- республикалық бюджеттен трансферттер облыстық бюджетке трансферттер түсімдері болып табылады.

Республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне түсетін түсімдер:

- ✓ жеке табыс салығы;

- ✓ әлеуметтік салық;

- ✓ жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салық;

- ✓ жер салығы;

- ✓ бірынғай жер салығы;

- ✓ көлік құралдарына салық;

Сонымен қатар тіркелген салық түрлеріде бюджеттік түсім болып табылады, олар:

- Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

- Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өшіміне;

- Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

- Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

- Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектерге арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

- бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына шикіздер;

- жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

- орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;

- қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы;

- жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы;

- жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін түсімдер:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркесу есебіне қою кезінде мәлімделген:

- ✓ дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

- ✓ қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс

салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдың округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жем тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

5) бірыңғай жер салығы.

3. Бюджеттік шығыстар

Шығындар, бюджет кредиттері, қаржы активтерін сатып алу, қарыздарды өтеу бюджеттің шығыстары болып табылады. Шығындар қайтарымсыз негізде бөлінетін бюджет қаражаты болып табылады. Бюджеттік кредиттер бюджеттен қайтарымды, жедел және ақылы негізде бөлінетін ақша болып табылады.

Қаржы активтерін сатып алу заңды тұлғалардың, оның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысу үлестерін және бағалы қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алуға бағытталған бюджет қаражаты болып табылады.

Қарыздарды өтеу Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік сыртқы қарыздар туралы, сондай-ақ ішкі қарыздар бойынша халықаралық шарттарға сәйкес негізгі борышты өтеуге бағытталған бюджет қаражаты болып табылады.

Бюджет құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) кірістер:

- ✓ салықтық түсімдер;
- ✓ салықтық емес түсімдер;
- ✓ негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;
- ✓ трансферттер түсімі;

2) шығындар;

3) таза бюджеттік кредиттеу:

- ✓ бюджеттік кредиттер;
- ✓ бюджеттік кредиттерді өтеу;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо:
- ✓ қаржы активтерін сатып алу;
- ✓ мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;

5) бюджет тапшылығы (профициті);

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):

- ✓ қарыздар түсімі;
- ✓ қарыздарды өтеу;
- ✓ бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары.
- ✓ Республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті).

Қарыздарды өтеуді қоспағанда, республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) қарыздар түсімдерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансферттер түсімдерін және шикі мұнайға салынатын кедендік әкету бажын алып отырындағы республикалық немесе мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер мен республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің шығыстары арқылыдағы айырмаға тең.

Теріс белгімен алынған шама – республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы, оң белгімен алынғаны республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес профициті болып табылады.

Республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

Мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының (профицитінің) мөлшері бекітілмейді және талдамалық мақсаттарда пайдаланылады.

Бюджет шығыстарының мұнайға қатысты түсімдерге тәуелділігін төмендету үшін ұзақ мерзімді кезеңдегі мұнайға қатысты емес тапшылықтың мөлшері экономиканың мұнайға қатысты емес секторын нығайтатын түрде дамыту есебінен азайтылуға тиіс.

Республикалық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар бойынша шығыстары:

- ✓ Қазақстан Республикасының Президентін және оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және күзету;
- ✓ Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жұмыс істеуі;
- ✓ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын сайлауларды қоспағанда, референдумдар мен сайлаулар өткізу;
- ✓ республикалық деңгейде мемлекеттік жоспарлау;
- ✓ мемлекеттік кіріс органдарының қызметі;
- ✓ республикалық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және жергілікті бюджеттердің қасалық қызмет көрсетуі, бюджеттік есепке алууды жүргізу және бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті жасау;
- ✓ республикалық меншікті басқару;

✓ оңалту рәсімін, банкроттық рәсімін жүргізуді және банкроттық рәсімін қозғамасдан борышкерді таратуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша сот шешімімен тарату рәсімдерін жүргізуді ұйымдастыру;

- ✓ мемлекеттік сатып алудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру;
- ✓ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, қаржы мониторингі;
- ✓ мемлекеттің сыртқы саяси қызметі;

✓ іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу;

✓ мемлекеттік статистика органдарының статистикалық қызметі;

✓ мемлекеттік қызметтің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру;

✓ ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау;

✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әртүрлі қызмет салалары мен аяларында мемлекеттік сыйлықтар беру және мемлекеттік наградалармен марапаттау;

- ✓ саяси партиялардың қызметін қаржыландыру;

II Қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік:

➤ мемлекеттің қорғанысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

➤ орталық атқарушы органдар жүргізетін жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру;

- мемлекеттік материалдық резервтерді қалыптастыру және сақтау;

- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

➤ терроризмге және экстремизм мен сепаратизм көріністеріне қарсы іс-қимыл;

- мемлекеттік құпиялардың қорғалуын қамтамасыз ету;

➤ облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен қаржыландырылатын іс-шараларды қоспағанда, жалпыға бірдей әскери міндетті орындауға байланысты іс-шараларды ұйымдастыру;

➤ облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

➤ азаматтық қорғау және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қызметті ұйымдастыру;

➤ жаһандық, өңірлік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;

➤ кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

- мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмысын қамтамасыз ету;

- азаматтық қорғаныс жүйесін ұйымдастыру;

➤ азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына мемлекеттік кадастр жүргізу;

- экономикалық және қаржы салаларындағы құқық қорғау қызметі;
- көші-қон саясатын іске асыру;
- жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындау;
- халықты құжаттандыратын және тіркейтін тіркеу пункттерінің жұмыстары мен ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін жүзеге асыру;

III Құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі:

- ✓ әділет саласындағы қызмет;
- ✓ азаматтардың және мемлекеттің мүдделерін құқықтық қорғау;
- ✓ істердің әлеуметтік маңызы бар санаттарын орындау;
- ✓ заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- ✓ мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу;
- ✓ сот сараптамасы қызметі;
- ✓ сот жүйесінің жұмыс істеуі;
- ✓ қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

IV Білім беру:

- республикалық білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру;
- республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар өткізу;
- республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімді мамандар даярлау;
- республикалық деңгейде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;
- республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес шетел мектептерінде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету;

V Денсаулық сақтау:

- ✓ денсаулық сақтау ұйымдарының, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын шығыстардан басқа, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуі;
- ✓ республикалық деңгейде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде шұғыл медициналық көмек қызметін ұйымдастыру;
- ✓ сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама жүргізу;
- ✓ айрықша қауіпті инфекцияларға қарсы іс-қимыл;
- ✓ санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз етуі;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ әскери қызметшілердің, құқық қорғау

органдары қызметкерлерінің қатарынан шыққан зейнеткерлерге және азаматтардың басқа да санаттарына медициналық қызмет көрсету;

✓ жергілікті бюджеттерден және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қаржыландырылатын шығыстардан басқа, азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы қызмет;

✓ әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттер;

VI Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:

➤ Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар азаматтарға зейнетақы төлемдері;

➤ мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

➤ мемлекеттік арнайы жәрдемақылар;

✓ арнайы мемлекеттік жәрдемақылар;

✓ зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мемлекеттік жәрдемақы алушыларды жерлеуге жәрдемақы;

✓ бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы;

✓ баланы бір жасқа толғанға дейін бағу-күту бойынша оларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;

✓ мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;

✓ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;

✓ экологиялық апат аймақтарында тұратын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген әлеуметтік көмек;

✓ әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің отбасыларына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген әлеуметтік төлемдер;

✓ саяси қуғын-сүргін құрбандарына және одан зардап шеккендерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген әлеуметтік төлемдер;

✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері болып табылатын әлеуметтік төлемдер;

✓ оралмандарға әлеуметтік көмек көрсету; көші-кон саясатын іске асыру;

VII Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:

➤ қазақтың ұлттық мәдениетін және басқа да ұлттық мәдениеттерді қайта өркендету, сақтау, дамыту және тарату;

➤ республикалық маңызы бар театр және музыка өнерін, ұлттық фильмдер шығаруды, мұражай ісін қолдау;

➤ мәдениет және мемлекеттік жастар саясаты саласында республикалық және халықаралық маңызы бар әлеуметтік маңызды іс-шараларды өткізу;

➤ халықаралық және республикалық маңызы бар тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

➤ республикалық деңгейде спорттың ұлттық және бұқаралық түрлерінің дамуын қолдау;

➤ жоғары жетістіктер спортын дамыту;

➤ спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) мүшелерінің халықаралық спорттық жарыстарға дайындалуы және қатысуы;

➤ мемлекеттік республикалық спорт ұйымдарының жұмыс істеуі;

➤ халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде Қазақстан және оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпарат дайындау және тарату;

➤ республикалық маңызы бар мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету;

➤ республикалық кітапханалардың жұмыс істеуі;

➤ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу;

➤ мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;

➤ телерадио хабарларын тарату ұйымдарының телевизия және радио бағдарламаларын жерсеріктік хабар тарату жүйелері арқылы тарату;

➤ республикалық деңгейде мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау.

VIII Агрооңкеркәсіптік кешен, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және қоршаған ортаны қорғау, жер қатынастары:

✓ су ресурстарын қорғауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, су шаруашылығы баланстарын, су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын әзірлеу, су ресурстарын пайдалану және қорғау болжамы, су ресурстарын пайдаланудың ақпараттық-талдау жүйесін қамтамасыз ету;

✓ судың мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастрын жүргізу;

✓ су беруге байланысты емес трансшекаралық су шаруашылығы құрылыстарын және республикалық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану;

✓ республикалық маңызы бар ерекше авариялық су шаруашылығы құрылыстарын және гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру;

✓ суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингі және оны бағалау;

✓ республикалық маңызы бар орман қорын, жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мемлекеттік есепке алуды, табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу, ормандар мен жануарлар дүниесінің мемлекеттік мониторингі;

✓ орман шаруашылығын жүргізу;

✓ орман тұқым шаруашылығы және селекция;

✓ мемлекеттік орман кадастрын, жануарлар дүниесінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу;

✓ ормандарды өрттен қорғау, орман зиянкестерінен және ауруларынан қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар;

✓ балық ресурстарын және басқа да су мекенді жануарларын қорғау және өсімін молайту;

✓ балық аулауды мемлекеттік реттеу және балық қорларын қорғау;

✓ республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп ұстау, мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіру;

✓ Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген жағдайларда, жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу;

✓ қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі;

✓ қорымен қоса, пестицидтерді (ұлы химикаттарды), оларды жеткізуге, сақтауға және қолдануға байланысты қызметтер көрсетуді сағып алу;

✓ аграрлық азық-түлік нарығында сатып алу және тауар интервенцияларын жүргізу;

✓ сорт сынақтары, тұқымдық және екпе материалдың сорттық және егістік сапаларын айқындау;

✓ ауыл шаруашылығы өндірісін агрохимиялық және агроклиматтық қамтамасыз ету;

✓ агроөнеркәсіптік кешенді техникалық қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу;

✓ агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оның субъектілеріне бәсекелестік нарығында жоқ немесе жеткіліксіз көрсетіліп келген қызметтер көрсетудің жекелеген түрлерін ұсыну;

✓ агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесін ұйымдастыру;

✓ екінші деңгейдегі банктердің ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау;

✓ ауылшаруашылық өнімін шығаруды басқару жүйелерін дамыту;

✓ өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау;

✓ өсімдіктердің жоғары бағалы сорттарының, ауыл шаруашылығы машиналарының, құстар мен балықтардың тұқымдары мен түрлерінің өсімі мен қорын сақтау және дамыту;

✓ суармалы жерлерді мелиоративтік жақсарту жөнінде іс-шаралар жүргізу;

IX Өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі:

➢ мемлекеттік өнеркәсіп саясатын іске асыру;

➢ отын-энергетика кешенін дамыту;

➢ жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану, сейсмологиялық апарат мониторингі;

➢ мемлекеттік геологиялық зерттеу;

➢ геологиялық аппаратты қалыптастыру;

➢ кеніштер мен шахталарды жабу және жою, техногендік қалдықтарды көму;

➢ мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу;

➢ құрылыс нормалары мен стандарттарын сатып алу және әзірлеу;

➢ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы бақылау;

➢ республикалық деңгейде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;

X Көлік және коммуникациялар:

✓ ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) ағымдағы жөндеуді және күтіп-ұстауды, сондай-ақ жүріп өткені үшін ақы алудың билдiрламалық-аппараттық кешенін күтіп-ұстауды қоспағанда, қалықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын, сондай-ақ оларда жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау;

✓ су көлігі қызметін ұйымдастыру және реттеу;

✓ кеме қатынасы жолдарын, шлюздерді күтіп-ұстау және кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

✓ теңіз жолдарын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету;

✓ әуе және су көлігін мемлекеттік реттеу;

✓ әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

✓ магистралды темір жолдарды дамыту;

✓ аэроғарыш қызметі;

✓ радиожілік спектрі мен радиоэлектронды құралдар мониторингі;

XI Экономикалық қызметті реттеу:

➢ стандарттау, метрология және сертификаттау;

➢ патенттерді, тауар белгілерін тіркеу және қорғау;

➢ мемлекеттік инновациялық саясат;

➢ мемлекеттік экспорттық және импорттық бақылау;

- саудалық және демпингке қарсы реттеу;
- бәсекелестікті дамыту және қорғау;
- бағаны және табиғи монополияларды мемлекеттік реттеу;
- жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық;
- нормативтік-техникалық құжаттамаларды иелену, әзірлеу және жетілдіру; елді мекендердің шегінде орналасқан жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру объектілерін жаңғырту және дамыту, сондай-ақ елді мекендерді абаттандыру;
- коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласын реттеу;
- қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;
- кадрлық және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету;
- коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның елді мекендердегі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының техникалық-экономикалық негіздемелерін, жаңғырту және дамыту инвестицияларының негіздемесін орталықтандырып әзірлеуі;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы объектілерді тексеруді және техникалық жай-күйін бағалауды жүргізу;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының мониторингі және оны бақылау үшін ақпараттық жүйе құру;
- энергия және ресурс үнемдеу жөнінде іс-шаралар жүргізу.

XII Басқа да бағыттар:

- ✓ облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне трансферттер; үкіметтік борышқа қызмет көрсету және өтеу;
- ✓ мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау;
- ✓ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу мәмілелері бойынша шығыстар;
- ✓ мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындау;
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерін, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындау;
- ✓ мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша шығыстарды өтеу; халықаралық қаржы ұйымдарына Қазақстан Республикасының мүшелігіне қатысты төлемдер, берілмейтін борыштық міндеттемелер (вексельдер) және донорлық жарналар бойынша мемлекеттің міндеттемелерін орындау;
- ✓ үкіметтік борышты мерзімінен бұрын өтеуге, оның ішінде шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға арналған шығыстар.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де мемлекеттік қызметтерге және орталық мемлекеттік органдар қызметінің бағыттарына арналған шығыстар қаржыландырылады.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің шығыстары заттай нормалар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиттері негізінде жоспарланады.

Басшысы мемлекеттік органдар жұмыскерлерінің санын қысқартқан және штат санының бекітілген лимиттеріне сәйкес есептелген, мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражат өкілеттері мемлекеттік органдарда тиісті және кейінгі жылдарда сақталады.

Мемлекеттік бюджет, басқа да экономикалық санаттар секілді, мемлекет тарапынан перспективалы және ағымдағы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді практикалық шешу үшін белсенді қолданылады. Бюджетті ұйымдық функцияны жүзеге асырудың маңызды құралы ретінде қолданатын мемлекет оны экономиканы басқарудың тиімді құралы болып табылады. Экономиканы басқару құралы ретінде бюджетті қолдану маңызды сипаттамалармен байланысты: заң күші бар; бұл әлеуметтік өнімді дамытуға, оның тиімділігін арттыруға, қоғам мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бағдарламаны іске келей көрсетеді.

Мемлекеттік бюджет реттеу құралы ретінде экономиканың салалық және аумақтық үлесін жақсартуда, өнімді емес саланы дамыту қарқынымен реттеледі, ортақ мүддеде қаржы ресурстарын қайта бөлуде қолданылады. Бұл материалдық, еңбек және қаржылық ресурстардың бірінші тиімді пайдаланылуына, экономиканың барлық бөліктерінде экономиканың сақталуына жүйелі түрде мониторинг жүргізуге және басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бюджеттік қатынастарды әлеуметтік өндірісті дамыту мен оның тиімділігін арттыру мүддесінде пайдаланудың көптеген бағыттары экономиканы басқарудың белсенді құралы ретінде мемлекеттік бюджет туралы айтуға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

- 1. Бюджет жүйесінің жауапкершілік қағидасы*
- 2. Мемлекет құрылысына байланысты бюджет жүйесінің үзбелері*
- 3. Республикалық бюджет түсінігі*
- 4. Жергілікті бюджет түсінігі*
- 5. Аудандық бюджет*
- 6. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала бюджеттері, астана бюджеттері*
- 7. Қала бюджеті түсінігі*
- 8. Бюджет құқығы*

4-тақырып.

БІРЫҢҒАЙ БЮДЖЕТТІК СЫНЫПТАМА

1. Бюджеттік сыныптаманың рөлі мен мәні және құрамы
2. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
3. Бюджеттік бағдарламалар
4. Бюджеттік бағдарламалардың түрлері
5. Бюджеттік бағдарламаларды және олардың әкімшіліктерін анықтау

1. Бюджеттік сыныптаманың рөлі мен мәні және құрамы

Мемлекеттік бюджеттің құрастырылуы және атқарылуы бюджет сыныптамасына негізделеді, яғни мемлекеттік іс-әрекеттің мақсатты бағыты анықталады және мемлекеттің негізгі функциясы жүзеге асырылады.

Басшысы мемлекеттік органдар жұмыскерлерінің санын қысқартқан кезде штат санының бекітілген лимиттеріне сәйкес есептелген мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражат мөлшері мемлекеттік органдарда тиісті және кейінгі жылдарда сақталады.

Ұдайы өндіріс процессіндегі бюджет шығындары ағымдағы (ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру) және капиталдық (инвестициялық қажеттілік және запастардың өсімі) деп бөлінеді. Бюджет сыныптамасы қаржылық ресурстардың адрестік бөлінуін қамтиды және республикалық бюджеттен қаржылық ресурстар нақты мақсаттарға бөлінеді. Бюджет сыныптамасы мемлекеттің шығындарының экономикалық талдауға мүмкіндік туғызуы тиіс.

Бюджеттің экономикалық құрылымы, экономикалық сипаттамаға сәйкесті барлық шығындары шектеледі: мына түсімдерден 1-ші кірістер, алдын-ала бюджеттен берілетін несиелер, негізгі қарыздарды жабуға ресми трансферттер; 2-ші несиелер, шығындар; 3-ші бюджет артықшылығы және тапшылығы; 4-ші бюджет тапшылығын қаржыландыру (артықшылықты пайдалану). Республикалық бюджет шығынының ішінде маңызды орынды мемлекеттің ішкі және сыртқы қарызына ағымдағы қызмет көрсету алады. Ол мемлекеттік несиені бюджет тапшылығын жабуға пайдаланғанда көрінеді.

Бюджетке түсімдер 4 бөлік бойынша сыныпталады:

- санат (категория)
- сынып (класс)
- ішкі сынып (подкласс)
- ерекшелік (специфика)

Санатқа мыналар жатады: салықтық түсімдер, бюджеттен берілетін несиені жабу көздері, алынған ресми трансферттер, капиталмен

• Ұртылетін операциялар мен кірістер, жалпы қаржыландыру, бюджет қаражаттарының қалдық құнының қозғалысы:

- ✓ Сынып салық топтарын біріктіреді.
- ✓ Ішкі сынып салық түрлерінен тұрады.
- ✓ Ерекшелік нақты төлеуші немесе салық объектісінен тұрады.

Бюджет шығындарында функционалдык, экономикалық, ведомстволык сыныптамалар қарастырылады.

Бюджеттің функционалдык сыныптамасы 5 құрылымдық ерекшеліктеріне бөлінеді:

- функционалдык топ;
- ішкі функция;
- мемлекеттік мекеме, яғни бағдарлама әкімшілігі (администраторь);
- бағдарлама;
- ішкі бағдарлама.

Бюджет шығындарының экономикалық сыныптамасы экономикалық белгісіне сәйкес 4 ерекшелік құрылымына бөлінеді:

- санат;
- сынып;
- ішкі сынып;
- ерекшелік.

Санатқа мыналар жатады:

- ағымдағы шығындар;
- капиталдық шығындар;
- пәсіе беру;
- қаржыландыру.

Сынып, ішкі, ерекшелік шығындары сипатталады және тағайындалуын нақтылайды. Мысалы, ағымдағы шығындарға еңбекақы түрінде тауарлар мен қызметтерге шығындар қарастырылады.

Ведомстволык сипаттамаларға сәйкес шығындардың орындалуы және бюджетті несиелеу бюджет бағдарламасы әкімшілігі топтауды білдіреді. Мысалы Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі, ҚР-ның Парламентін шаруашылық басқару, Премьер Министрлігінің коншеляриясы, Астана және Алматы қалаларының, облыстарының әкімдері, министрліктер, агенстволар, комитетке шығындар. ҚР-ның қызметтерге және басқа да ведомстволык шығындар.

Бюджеттерді құрастыру мен атқару, олардың мақсатты тағайындауына сәйкес болуы үшін, кірістердің қайнар көздерін регламентациялауы және бюджеттік қаражаттарды бюджетте қарастырылған шығындар көлемі мен бағыттарына сәйкес жұмсалуы тиіс.

Кірістердің негізгі көздері мен бюджеттік қаражатты бөлу бағыттарын реттеу - ол бюджетті құрастыру мен атқарудың міндетті шарты. Бұл шарт кірістер мен шығындарды топтау арқылы, яғни кірістерді формалар мен түрлері бойынша, ал шығындарды шаралар мен нысанды тағайындауы

бойынша біріктіру жолымен іске асырылады. Мұндай кірістер мен шығындарды топтастыру бюджеттік жіктеу деп аталады. Бюджеттік жіктеу бюджеттен нысанды қаржыландыру, бюджеттік қаражаттар пайдалануын қаржылық бақылау және бюджеттік тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді. Бюджеттік жіктеудің негізі болып әлеуметті экономикалық, ведомствалық және аумақтық белгілері бойынша, кірістерді қалыптастыру мен құжаттардың жұмсалатын бағыттары және олардың құрамы мен құрылымын көрсететін көрсеткіштерді топтау болып табылады. Бюджеттің кірістері мен шығындарының, оның тапшылығын өтейтін негізгі көздерінің, мұндай топтастыруы бюджетті құрастыру мен атқаруда пайдаланады, барлық деңгейдегі бюджеттер көрсеткіштерінің салыстырмалығын қамтамасыз етеді және бюджеттік процеске ақпараттық технологиялар енгізуге мүмкіндік береді.

2. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өзіне жүктелген функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісінің құзыретіне жатқызуға болмайтын, экономиканың әртүрлі салаларындағы жобаларды іске асыруды көздейтін, ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру жоспарланған бюджеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әкімші болады.

Егер бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бір мезгілде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және мемлекеттік мекеме болып табылса, ол бюджет қаражатын дербес пайдаланады.

Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі істер органдарын және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерін қоспағанда, мемлекеттік органдардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бола алмайды.

Орталық атқарушы белгіленген тәртіппен тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасы негізге алына отырып айқындалады және өзге де орталық мемлекеттік органдар республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың

өкілдік құрылымы және Қазақстан Республикасының әкімдердің және облыстық мәслихаттардың, республикалық маңызы бар қалалар, астана мәслихаттарының аппараттары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері уәкілеттік берген атқарушы органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ішкі істер органдары облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылады.

Лудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің және мәслихатының аппараттары, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі уәкілеттік берген атқарушы органдар аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылады.

Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары осы әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын Қоғамдық кеңес отырысында стратегиялық жоспарлардың және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын; стратегиялық жоспарлардың және бюджеттік бағдарламалардың орындалуын; стратегиялық жоспарлардың нысаналы индикаторларына қол жеткізу туралы есептерді, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерді, тауарларды тұтымыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есептерді, қабырғамдылықтан түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы есептерді, ашық бюджеттердің интернет-порталында бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерді жария талқылау қорытындылары бойынша есептерді талқылауды өткізеді.

3. Бюджеттік бағдарламалар

Стратегиялық жоспарды әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы стратегиялық жоспарда айқындалған мақсаттармен өзара байланысты республикалық бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Стратегиялық жоспар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты республикалық бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы аумақты дамытудың тиісті бағдарламасында айқындалған мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не мемлекеттік орган туралы

ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты жергілікті бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Төменгі деңгейдегі бюджеттерге мақсатты даму трансферттерін немесе несиелерін ұсынуға бағытталған бюджеттің бағдарламалары (кіші бағдарламалары) әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары (кіші бағдарламалары), мақсатты даму трансферттері немесе жоғары бюджеттен алынған несиелер арқылы қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялардың атауы төменгі деңгейдегі бюджеттердің шеңберінде жергілікті бюджет қаражаты мен жоспарлау кезеңіне шығындар.

Бюджеттердің табыстары бойынша шығындарды өтеуге бағытталған мақсатты ағымдағы трансферттерді қоспағанда, мақсатты ағымдағы трансферттерді беруге бағытталған жоғары деңгейдегі бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) тікелей нәтиже көрсеткіштері көрсетіледі бағынысты бюджеттер тұрғысынан.

Республикалық немесе облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне мақсатты даму трансферттерін немесе несиелерін төменгі деңгейдегі бюджеттерге беруді көздейтін жоғары деңгейлі бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімгерінің бекітілген (қайта расталған) бюджеттік бағдарламалары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе облыстың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына) бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей (қайта растау).

Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне мақсатты даму трансферттерін немесе несиелерін, аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламаларды әкімшілігінің жоғары тұрған бюджет бағдарламаларының әкімшілерінің бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламалары аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, поселкалар, ауылдық округтер әкімдеріне үш жұмыс күнінен кешіктірмей оларды мақұлдау күні (қайта растау).

Стратегиялық жоспарға немесе аумақты дамыту бағдарламасына, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы бюджеттік инвестицияларға, мемлекеттік функцияларды орындау мен мемлекеттік қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарға, трансферттер мен бюджеттік субсидияларды қамтамасыз етуге арналған бірыңғай қорытынды нәтижені бір мақсатқа біріктіруге болады. осы шығыстарды бөлек кіші бағдарламалар бойынша бөлу арқылы бюджеттік бағдарлама.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік бағдарламаны жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді және ол тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерін, жоспарлы кезеңге жоспарланатын бюджет қаражатының көлемін қамтиды.

Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

Лудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітілетін бюджеттік бағдарламаларын қоспағанда, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер немесе кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері нысаналы трансферттерді немесе кредиттерді аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісімен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді (қайта бекітеді).

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін немесе кредиттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларында (кіші бағдарламаларында) жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері немесе кредиттер есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялардың тізбесі жергілікті бюджеттік инвестициялардың атаулары мен жоспарлы кезеңге арналған шығыстар көрсетіле отырып, төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде көрсетіледі.

Республикалық немесе облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісінің төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін немесе кредиттерді беруге бағытталған бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаларын олар бекітілген (қайта бекітілген) күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының назарына жеткізеді.

Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісінің төмен тұрған

бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін немесе кредиттерді беруі бағытталған бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаларын олар бекітілген (қайта бекітілген) күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының назарына жеткізеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар:

- бюджетті нақтылау кезінде олардың қаржыландыру көлемдері мен нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен немесе бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша;

- бюджетті түзету кезінде олардың қаржыландыру көлемдері мен нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша қайта бекітіледі.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар жергілікті бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде олардың қаржыландыру көлемдері мен нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша қайта бекітіледі.

Бюджеттік бағдарламаларға мынадай:

- қаражат бір бюджеттік бағдарламаның ішінде ағымдағы бюджеттік кіші бағдарламалар арасында қайта бөлінген;

- бір бюджеттік бағдарламаның ішінде ағымдағы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша қалыптасқан үнемдеу бюджеттік даму кіші бағдарламасына қайта бөлінген жағдайларда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бастамасы бойынша бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің жоспарланған көрсеткіштері сақталған жағдайда бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық қаржыландыру көлемін өзгертпей, мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келіспей немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша өзгерістер енгізіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларға өз бастамасы бойынша өзгерістер енгізген кезде бюджеттік бағдарламаларға бекітілген өзгерістерді тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға хабарлама тәртібімен үш жұмыс күні ішінде жібереді.

Бюджеттік бағдарламалар өзінің мазмұны бойынша біртекті мемлекеттік функциялары, өкілеттіктері мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтері немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қызметінің бағыттары бойынша топтастырылуға тиіс.

Бюджеттік бағдарлама бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын, стратегиялық жоспардың, аумақты дамыту бағдарламасының мақсатына және (немесе) бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

Өртүрлі көздер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар үшін бюджеттік кіші бағдарлама қаржыландыру көздерінің сәйкесі үшін бөлінеді.

Бюджеттік бағдарламаның кіші бағдарламалары болған кезде тікелей нәтиже көрсеткіштері кіші бағдарламалар деңгейінде көрсетіледі.

Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттер бойынша тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бөлінісінде көрсетіледі.

Әрбір бюджеттік бағдарламаға бюджеттік бағдарлама басшысы — бюджеттік бағдарламаның жоспарлануы мен орындалуын қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің лауазымды адамы бекітіледі.

Бюджеттік бағдарлама басшысы бюджеттік бағдарламаны сапасыз жоспарлағаны және оның нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізбегені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) тәртібін және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайды.

4. Бюджеттік бағдарламалардың түрлері

Бюджетті дамыту бағдарламалары бюджеттік бағдарлама болып табылады, оның нәтижелері мақсатқа жету дәрежесіне, стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалардың міндеттеріне және қызметіне, республиканың немесе аймақтың экономикалық пайданы немесе әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған даму жоспарларын шешуге тікелей әсер етеді.

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар - бюджеттік бағдарламалар, олардың нәтижелері:

1) тұрақты сипатқа ие Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттік міндеттерді орындау үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін қамтамасыз ету;

2) мақсаттарға қол жеткізу, республиканың немесе өңірдің стратегиялық, орта мерзімді бағдарламаларын және даму жоспарларын нақты міндеттерді шешу.

Белгілі бір функцияларды орындайтын мемлекеттік басқару деңгейін байланысты бюджеттік бағдарламалар бөлінеді:

- 1) республикалық бюджетте бекітілген республикалық бюджет;
- 2) облыстық бюджетте, республикалық маңызы бар қаланың астананың бюджеті бекітілген облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың;
- 3) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетімен бекітілген аудандық (қалалық) округтер;
- 4) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінде, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті бекітілген қалалық, облыстық маңызы бар қалалардағы, ауылдық, ауылдық (селолық) округтердегі, ауылдық (селолық) округтердегі аудандық бюджеттік бағдарламалар.

Республикалық маңызы бар қалалар, астаналар, аудандар (қалалар), сондай-ақ қаланың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдың, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтердің аудандық бюджеттік бағдарламалары жергілікті бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

Мазмұнына байланысты бюджеттік бағдарламалар:

- мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға;
- трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге;
- бюджеттік кредиттер беруге;
- бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға;
- күрделі шығыстарды жүзеге асыруға;
- мемлекеттің міндеттемелерін орындауға;
- нысаналы салым салуға;
- нысаналы аударымға бағытталған бағдарламалар болып бөлінеді.

Стратегиялық жоспардың немесе аумақты дамыту бағдарламасының мақсатына, бірыңғай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру, трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру бойынша шығындар, көрсетілген шығындарды жекелеген кіші бағдарламаларға бөле отырып, бір бюджеттік бағдарламаға біріктірілуі мүмкін.

Бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік басқару деңгейіне қарай:

- республикалық бюджет құрамында бекітілетін республикалық;
- облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері құрамында бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана;
- аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет құрамында бекітілетін аудандық (қалалық);

республикалық маңызы бар қалалар, астана, облыстық маңызы бар қалалар бюджеттері құрамында бекітілетін қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары болып табылады.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар, сондай-ақ қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары жергілікті бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалар іске асыру тәсіліне байланысты:

- бір әкімші іске асыратын дара бюджеттік бағдарламаларға;

- белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларға бөлінеді.

Мұндай бюджеттік бағдарламаларды бөлу бюджеттік жоспарлау көлеміндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері бөлінетін бюджеттік бағдарламаны әртүрлі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелері әртүрлі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлген кезде бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелері қаражатты осы бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бекітілген (нақтыланған) бюджетте көзделген шығыстар толық бөлінбеген жағдайда, сондай-ақ шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар үшін бөлінбеген сома бюджеттің атқарылмауы болып табылмайды.

Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бірыңғай бюджеттік сыныптаманың құрамында тиісті белгі (код) беріле отырып, ағымдағы

бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) және бюджеттік даму бағдарламаларына (кіші бағдарламаларға) бөлінеді.

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджет шығыстары бюджеттік даму бағдарламаларына (кіші бағдарламаларға) жатады. Бюджеттің қалған шығыстары ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) жатады.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның құнына олармен байланысты барлық ағымдағы шығыстар кіреді.

Бюджеттік бағдарламалардың атауларында жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің мазмұны және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету немесе мемлекеттік орган қызметінің бағыттары көрсетілуге тиіс.

Үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындауы мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылады. Өтеусіз негізде берілетін активтерге бюджет қаражатын жоспарлауға жол беріледі.

Республикалық бюджеттен: әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеуі мақсатында төленеді.

Мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріне арналған ақшалай төлемдерден басқа, жеке тұлғаларға арналған трансферттер, бұл жеке тұлғаларға олардың иелігіндегі табыстарын өсіруге не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шығындардың немесе нұқсандардың белгілі бір түрлерін толық немесе ішінара өтеуге арналған ақшалай төлемдер.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік функцияларды орындаудың және республиканың немесе өңірдің дамуының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іске асырудың басқа да тәсілі болмаған кезде ғана жеке және заңды тұлғаларға, соның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарына берілетін бюджеттен қайтарымсыз төлемдер бюджеттік субсидиялар болып табылады.

Аудан, республикалық маңызы бар қалалар, астаналар, аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар, сондай-ақ аудандағы ауданның бюджеттік бағдарламалары және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың,

ауылдың, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары жергілікті бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

Бюджет бағдарламасының түпкілікті нәтижелері бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ағымдағы қаржы жылында бөлінген бюджеттік бағдарламаны бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында тарататын бюджеттік бағдарламасында көрініс табады.

Бюджеттен субсидиялар төлеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша орталық мемлекеттік органдар айқындайды.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер беру тәртібін бюджеттік атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

Бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар:

- бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;
- мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға;
- қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына;
- төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға;
- мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге бағытталады.

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар. Бюджеттік инвестициялар бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Күрделі шығыстарға, бюджеттік инвестициялардан басқа, шығыстардың экономикалық сыныптамасына сәйкес материалдық-техникалық базаны қалыптастыруға не нығайтуға, күрделі жөндеуді жүргізуге бағытталған шығыстар жатады.

Бақылау сұрақтары

1. Республикалық бюджеттің мәні және мазмұны
2. Жергілікті бюджеттің мәні және мазмұны
3. Жергілікті бюджеттің кірістері
4. Жергілікті бюджеттердің шығындары
5. Бюджеттік жіктеудің мәні және ролі
6. Бірыңғай бюджеттік сыныптама және оның құрамы
7. Бюджет кірістерінің классификациясы
8. Бюджет жүйесінің транспаренттілік қағидасы

БЮДЖЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

1. Бюджетаралық қатынастардың жалпы ережелері
2. Бюджетаралық қатынастардың принциптері
3. Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандары
4. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер

1. Бюджетаралық қатынастардың жалпы ережелері

Бюджет жүйесі өз алдына белгілі бір механизм, қаржылық қатынастар. Бюджеттік процесстегі жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттер деңгейлері арасындағы қатынастарды бюджетаралық қатынастар деп есептейді. Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексіне сәйкес бюджетаралық қатынастар келесі принциптерге негізделеді:

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, ал аудан бюджеттерінің облыс бюджеттерімен арақатынастарындағы теңбе-теңдік;

Түсімдерді шектеудің келесі критерийларын сақтай отырып, оларды тиімді бөліп тарату;

а) Сыртқы факторлардың әсерінен тәуелді емес және тиянақты сипаттағы салықтық пен салықтық емес түсімдерді төмен тұрған бюджеттер бойынша бекіту;

ә) Мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтер үшін, төлем түріндегі салықтық және салықтық емес түсімдер, осы қызметтерді қаржыландырған бюджеттің кірістерінен есепке алынады;

б) Қайта бөлу сипаты мен бір қалыпты емес жайғастыру салықтық базасы бар бюджет жүйесінің неғұрлым жоғары деңгейлері бойынша бекіту;

в) Салықтар мен басқада міндетті түрдегі төлемдерді ең жоғары дәрежеде жиналуын қамтамасыз ету бюджет деңгейі бойынша бекіту.

Айқын аумақтық нақтылығы бар салықтық база бойынша жиналатын, түсімдер мен салықтарды жергілікті бюджеттер артынан бекіту:

- ҚР әкімшілік-аумақтық бірліктерінің минималды бюджеттік қамтамасыз ету деңгейлерін теңестіру;

- Жергілікті атқарушы органдардың мөлшерлес деңгейдегі, мемлекеттік қызмет көрсетуін қамтамасыз ету;

- Мемлекеттік қызметтерді неғұрлым тиімді және нәтижелі өндіру мен көрсетуді қамтамасыз ету мүмкіншілігі бар, билік деңгейі бойынша, бюджеттік қызметтерді бекіту арқылы, оларды атқарудың максималды тиімділігі мен нәтижелігі;

- Бюджеттік қызметтер сапасын жоғарлату мен олардың қажеттілігінің есебін жақсарту мақсатпен сол қызметтерді атқаруын бюджет жүйесінің неғұрлым төлем деңгейіне жүктеу арқылы, бюджеттік

өнімдерді көрсету деңгейін, оларды алушыларға максималды субсидиату;

• әрбір бюджет деңгейінің алынған ресми трансферттер мен несиелерді тиімді және мақсатты пайдалануына жауапкершілігі.

Негізінде бюджетаралық қатынастар жүйесі – ол басқару субъектілерінің әрекеттесуін реттейтін, бас механизмдерінің бірі, яғни республикалық пен облыстық, облыстық пен аудандық билік деңгейлері арасындағы өзара әрекеті. Бұл жүйе өз алдына принциптермен, әдістермен қаржылық құралдар жиынтығымен көрсетіледі. Олар әртүрлі бюджеттердің кірістері мен шығындарын қалыптастыруда пайдаланылады, және солар арқылы мемлекет бюджеттік өзара байланыстар мен бюджеттік ағындарды тағайындайды және бір ортаға топталған ресурстарды таратады.

Бюджетаралық қатынастар жүйесі заңмен айқын тағайындалған мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттікпен функцияларды және бюджеттердің әр деңгейі бойынша шығындарды жіктеу, халыққа қызмет көрсетудің бірыңғай стандарттарын қамтамасыз ету, түсімдерді бюджет деңгейлері арасындағы бірыңғай тәртіпте бөлу және ашық болуына негізделеді.

Сонымен қатар бұл жүйе келесі негізгі мақсаттарды шешуді қамтамасыз етуге тиісті:

- мемлекет көрсететін қызметтер минимумын, елдің барлық аумағындағы, барлық азаматтарға кепілдемелі қамтамасыз ету;

- бюджеттердің барлық деңгейінің өзіне-өзі қаржы жеткіліктілігін қамтамасыз ету;

- бюджет деңгейлері арасындағы қаржылық ағындарды ретке келтіру;

- аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының бір қалыпты деңгейін қамтамасыз ету.

Бюджеттік Кодексте бюджетаралық қатынастарды реттеу формалары түрлері ретінде, келесілер көрсетілген:

- республикалық бюджет пен облыс, республикалық маңызы бар қала мен Астана бюджеттері арасында – ресми трансферттер мен бюджеттік несиелер;

- облыстық бюджет пен аудан, облыстық маңызы бар қала бюджеттері арасында – ресми трансферттер, бюджеттік несиелер мен кірістер бөлу нормативтері.

Бюджеттік реттеу бюджет ресурстарының нақты ағындарын есепке алумен бірге іске асырылады. Бюджеттік ағындар бюджеттік ресурстарды пайдалану бағыттарына байланысты жоғары көтерілуші ағын мен төмен түсуші ағындарға бөлінеді. Жоғары көтерілуші ағын арқылы республикалық бюджет кірістері қалыптасады, ал төмен түсуші ағын жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджеттерге қаржылық ресурстардың

косымша түсімдерін қамтамасыз етеді. Сондықтан, әр ағынның қалыптасу қажеттілігіне байланысты оларды реттейтін нақты механизмдер анықталады.

Бюджет қаражаттарының жоғары көтерілуші ағынын реттеу механизмдері мемлекеттің салық саясатында анықталады және салықтық заңнамаларда бекітіледі. Бюджетаралық қатынастарды реттеу формалары анықтағанда, бюджеттердің әрбір деңгейлері бойынша салықтық потенциал, аймақтар бойынша бюджеттік мұқтаждықтарын объективті бағалау нәтижелері, бюджеттік нормативтер және халықты мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз етудің бірыңғай стандарттары есепке алынады. Ал бюджетаралық қатынастарды реттеудің нақты формалары орта мерзімді фискалдық саясатқа сәйкес тағайындалады.

Төмен түсуші ағын қозғалысын реттеу әртүрлі бюджеттік субсидиялық әдістерін (субвенция, дотация, бюджеттік несие, ресми трансфертер) пайдалану арқылы іске асырылады.

Дотация – ақшалай косымша көмек – ол жоғары тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджеттер тапшылығын теңгеру үшін тағайындалынған сомамен беріледі.

Субвенция – арнайы ақшалай көмек – ол жоғары тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджеттерге қатаң мақсатпен тағайындалған шараларды қаржыландыруға берілетін ақша құралдары.

Несиелік бюджет ресурстары – ол жоғары тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджеттерге несие түрде пайызбен несие пайызсыз міндеті қайырылатын ақша құралдары. Бюджеттік несиелер заңнамалар мен бекітілген ережелерге сәйкес тек қана инвестициялық жобаларды іске асыруға беріледі.

Ресми трансферттер – ол гранттардан басқа ақысыз және қайтарылмайтын бюджет түсімдері немесе бюджет шығындары.

Кірістерден алынатын пайыздық бөлектеулер нормативтері бірыңғай әдістеме пайдалану арқылы тағайындалады. Оларды есептеу әдістерін жергілікті мемлекеттік билік органдары жасайды, себебі кірістер бөлу нормативтері тек қана бюджет жүйесінің облыс және аудан деңгейлері арасында қолданылады.

Төмен тұрған бюджеттерге қаржылық жәрдем көрсетудің бірыңғай әдістерін қолдану арқылы елдің әр түрлі аймақ тұрғындары мемлекеттік қызмет тұтынуының стандарттық бірыңғай деңгейін қамтамасыз ету көлбеулі (горизонталды) бюджеттік теңестірудің маңызы болады. Сондықтан көлбеулі бюджеттік теңестіру механизмі аумақтар бойынша мемлекеттік қызмет тұтынудың деңгейі мен әрбір билік деңгейі үшін сол қызметтердің құнын теңестіруі тиіс. Мұндай механизмнің әрекеті әр түрлі әдістер пайдалануына негізделеді.

Ең көп таралған әдіс – ол ресми трансферттер механизмін пайдалану. Олар жалпы сипаттағы трансферттер, мақсатты ағымдағы трансферттер

өзінше дамуға арналған мақсатты трансферттерге бөлінеді. Мақсатты трансферттер мен несиелік ресурстар жергілікті атқарушы органдар мен тек қана олардың мақсатты белгілеулеріне сәйкес пайдаланады. Жарғылық жыл бойы пайдаланбаған немесе мақсатты емес белгілеулерге бөлінген мақсатты трансферттер мен несиелік ресурстар сомалары бюджетті түрде жоғары тұрған бюджетке қайтарылады.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттер маңында бюджеттік субвенциялар мен бюджеттік алып тастау болады. Бюджеттік субвенциялар ретінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома көлемінде жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджетке берілетін қаржы құралдары табылады. Олардың көлемдері жыл сайын бюджеттік сомамен тиісті жергілікті бюджеттің түсімдері мен шығындары арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер жергілікті бюджеттерді бюджет қаражаттары мен қамтамасыз ету мен стандарттық деңгейде мемлекеттік қызмет көрсетуге тең фискалдық мүмкіншілік беруді көлбеулі теңестіруге бекітіледі.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттер маңында жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджетке берілетін бюджеттік алып тастау немесе субвенциялардан басқа бөлек бір ақымдағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға арналған бекітілген сома көлеміндегі ресми трансферттер шарттырылады. Оларды тек қана мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалар мен Үкімет немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімінен қаржыланатын шараларды орындауға беруге болады.

Дамуға арналған мақсатты трансферттер болып жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджеттерге республикалық немесе облыстық инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға берілетін бекітілген сомалар көлеміндегі ресми трансферттер табылады.

Кейбір бюджеттің өз кірістері мен басқа да бюджеттік реттеу құралдары жетпегенде, оларға ағымдағы шығындарын өтеу үшін, ақысыз және қайтарымсыз негізде дотация ретінде бюджет қаражаттары беріледі. Ал, егерде бюджетке немесе заңды тұлғаға ашықтан – ашық мақсатты шығындарын өтеуге ақысыз және қайтарымсыз негізде бюджет қаражаттары берілсе, онда олар субвенция болып есептеледі.

Салықтық және бюджеттік заңнамалар бойынша, болған өзгерістер арқылы бір бюджеттен басқа бюджетке қаражаттар беру, бюджет бекіткенде есептелмеген шығындарды қаражаттандыру өкілеттікті беру және бюджеттік өтемақыға шарттар болуына байланысты операциялар оқара есептесу болады. Бюджеттік өтемақы маңында билік органдарының шешімдері немесе әрекеттері нәтижесінде түсіп қалған кірістер мен қосымша пайда болған шығындарды өтеуге арналған бір бюджеттен беретін қаражаттар табылады.

Осы жоғарыда келтірілген көлденең бюджеттік теңестіру әдістері барлық елдерде пайдаланады, бірақ олардың арақатынасы, қолдану және есептеу әдістері барлық елдерде әртүрлі, себебі олар әртүрлі бюджетаралық қатынастар моделі қалыптасатын нақты экономикалық ахуалға сәйкес болады.

Бюджеттік жүйесінің деңгейлері арасындағы түсімдерді шектеу аймақтардың бюджеттік қамтамасыз етуін теңестіру мен жергілікті атқарушы органдар бір қалыпты деңгейде, мемлекеттік қызмет көрсетуші қамтамасыз етуге бағытталған. Түсімдерді шектеу саясатының негізгі мақсаты – ол мемлекеттік басқару деңгейлерінің барлығын, оларға жүктелген функцияларын толығымен іске асыру үшін жеткілікті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету.

2. Бюджетаралық қатынастардың принциптері

Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексінде түсімдерді шектеу принциптерінде тағайындалынған және мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттілікті шектеуге сәйкес, барлық түсімдер бюджет деңгейлері арасында бөлінеді.

Бюджет жүйесінің деңгейлері арасында түсімдерді шектеу негізгі келесі принциптер жатады:

- Кірістердің тиянақтылығы, яғни бюджет жүйесінің әрбір деңгейі бойынша, заңды түрде тиісті түсімдер бекітіледі және бюджеттік субвенциялар мен алымдардың көлемі орта мерзімді уақытқа тағайындалады. Бұл принцип жергілікті атқарушы органдардың салықтық потенциалды ұлғайту мен жергілікті бюджет шығындарын объективті жоспарлауын қамтамасыз етеді;

- Кірістердің жеткіліктілігі, яғни бюджет жүйесінің әрбір деңгейінде мемлекеттік қызмет көрсетуді толығымен қамтамасыз ететін қаржы құралдары бар болуы тиіс. Аймақтардың экономикалық дамуы үлкен саралаулы болғандықтан, араларындағы салықтық база орналасуы бір қалыпты болмауынан тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің деңгейі тең болуы үшін, реттеуші кірістерді пайдалану іске асады;

- Кірістерді реттеу формалары мен әдістерінің ынтымақтылығы, яғни бюджет жүйесінің әрбір деңгейіне қосымша кірістер беру бірыңғай негізде болуы тиіс. Мұндай жағдай ресми трансферттер мен бюджеттік несиелерді пайдалану арқылы іске асады, ал облыс-аудан деңгейінде кірістерді бөлу нормативтері пайдаланылады. Кірістерді реттеу формаларын анықтау барысында, әрбір бюджет деңгейінің салықтық потенциалы мен аумақ бойынша объективті бюджеттік қажеттілікті бағалауының нәтижесін есептеу және бекітілген натуралды нормаларды, яғни қажетті материалды және материалды емес байлықты пайдалану немесе тұтынудың натуралды көрсеткіштерін қолдану қажет;

Мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігі, яғни бюджет жүйесінің әрбір деңгейі мемлекеттік қызмет өндіру мен көрсету барысында ең алдымен нәтижені қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай жағдай мемлекеттік қызметті атқаруды бюджет жүйесінің ең төменгі деңгейіне бекіту арқылы іске асады, себебі олар сол қызмет алушылардың нақты қажеттіліктерін білмей және қызметтерді уақытылы әрі сапалы түрде көрсете алады.

Аймақтық бюджеттер кірістерін мемлекеттік реттеудің маңызы бюджет жүйесінің аймақтық буындары арасында түсімдерді бөлу. Мұндай бөліс осы буындардың әрбірі бойынша заңды түрде бекітілген шығындардың нормативтік бөлігіне кепілді және олардың арасында қосымша қаржылық құралдарды бөлу қажеттілігі минималды болуына бағытталуы тиіс. Ол үшін аймақтық бюджеттің кірістік бөлімін толығымен жергілікті билік органдары бақылауға тиісті, яғни жергілікті салықтар арқылы қалыптасуы.

Бюджеттердің тігінен (вертикальды) теңестіру мәселесінің шешуін екі деңгейге бөліп қарастыру қажет: Біріншіден, тігінен теңестіру биліктің тиісті деңгейі бойынша, бюджеттік өкілеттікті рационалды бөлу мен заңды түрде бекітуді қарастыруы тиіс, яғни бекітілген мемлекеттік міндетті қызмет көрсету үшін, олардың қаржылық қажеттілігін теңестіру.

Екіншіден, биліктің әрбір деңгейі бойынша, қаржылық мүмкіншілікті теңестіру қажеттілігін қарастыруы тиіс, яғни елдің салықтық потенциалын бөлуде, олардың жалпы ұлттық түсімдердегі үлестік қатынастары анықталады.

Тігінен бюджеттік теңгерудің негізгі мақсаты – ол биліктің әрбір деңгейі бойынша, бюджеттік өкілеттікті, ең алдымен шығын функцияларын іске асыруын және қаржылық базамен қамтамасыз ету табылады.

Шығын функцияларды бөлудің негізгі принциптері келесілерде тұжырымдалады:

- ✓ Жергілікті шектегі көрсететін мемлекеттік қызметтерді жергілікті билік беруі тиіс;
- ✓ Бірнеше жергілікті тұрғындар біржолғы пайдаланатын қызметтерді биліктің облыс деңгейі көрсетуі тиіс;
- ✓ Барлық елге тарайтын қызметтерді үкімет көрсетуі тиіс.

Тігінен теңестіру механизмінің негізі болып, бір жағынан, орталық пен аймақтардың өкілеттіліктеріне сәйкес болуы тиіс, әрбір бюджет деңгейі бойынша нақты іс-әрекет саласын қаржыландыруды заңды түрде бекіту, екінші жағынан, орталық және аймақтық билік пен басқару органдары арасында бюджеттік жауапкершілікті шектеу табылады.

Мұндай механизмнің пайдалануы негізгі қоғамдық шығындар мен нәтижелердің арабайланысы неғұрлым тығыз болуына сәйкес, жергілікті деңгейде көрсететін қызметтер сол деңгейдегі бюджеттен қаржыландыруы тиіс, себебі онда қызметтерді іске асыру тиімділігімен шешім қабылдау

жауапкершілігі жоғарлайды. Бірақ бұл арада қызмет көрсету мен оларды қаржыландыру түсініктерін айқын айыра тану қажет, себебі көптеген қызметтер жергілікті деңгейде көрсетіледі, ал қаржыландыру республикалық бюджеттен болуы мүмкін.

Республика аймақтары мен орталық арасында бюджеттік өкілеттілік шектеу, ең алдымен елдің конституциясында тағайындалған, барлық шаруашылық іс-әрекет аумағындағы басшылық ету пәні мен өкілеттілік шектеуге байланысты. Бірақ мұнда биліктің әр деңгейлері арасындағы құзырларын бөлудің тек жалпы принциптері тағайындалған. Ал орталық және аймақтық басқару деңгейлері бойынша бекітілген функциялардың қаржыландыру механизмі регламенттелмеген.

Шығындарды бекіту мәселесінің негізі қызмет көрсету мен шығындарды қаржыландыру жөніндегі, әртүрлі мемлекеттік функцияларын орындауын максималды дәрежеде қамтамасыз етуге қабілетті билік органын анықтау болып табылады. Бұл мәселені шешу мемлекеттің үш маңызды мақсатына жетуіне байланысты – өзі экономикалық тұрақтылығы, шығындық функцияларды бөлудің әділеттілігі және тиімділігі. Бюджеттік реттеудің осы бастапқы ережелері дұрыс ойластырылып әдепті түрде жалпы мемлекеттік және аймақтық саясат құрамына енгізуінен көбінесе нақты баланс, мемлекеттің тұтастығы мен қоғам ахуалының тұрақтылығы байланысты.

Тігінен бюджеттік теңестіру негізінде, оның әдістері арқылы билік деңгейлері бойынша кірістің қайнар көздерін бекіту мәселесін шешіледі. Аумақтардың қаржылық дербестігін қамтамасыз ету, тек қана бюджет жүйесінің деңгейлері арасында, шығындардың анықталған түрлерін іске асыру жөніндегі жауапкершілікті бөлу емес, ол сонымен қоса кірістер көздерін алуға нақты мүмкіншілікті қамтамасыз ету. Мұндай жүйенің әрекеті биліктің әр түрлі деңгейі бойынша қаржылық мүмкіншілікті теңгеруді қамтамасыз ететін тікшіл теңестіру механизмінің бір бөлігі амалының белгісі. Ондай амал әр түрлі әдістерді қолданып бюджет жүйесінің деңгейлері бойынша салықтық және басқа да көздерді қайта бөлу арқылы іске асады.

Салықтық түсімдерді қайта бөлу нормативтерді анықтау әдістері арқылы іске асуы мүмкін, яғни салықтардың әрбір түрлерінің ашық заңды түрде тағайындалуда тұжырымдалады. Сонда, нақты бір салықтың осы ашық бөлшегіне сәйкес бөлігі жоғары тұрған бюджетке түседі, ал басқа бір бөлігі – төмен тұрған бюджеттің түсімі болады.

Бөлектеу нормативтерді тағайындағанда квоталау мен мөлшерлеме қосып жіберу әдістері пайдаланады. Квоталау әдіс маңында әкімшілік бірлік бойынша жиналған ашық салықтың қатаң тағайындалған пайыздық бөлшегін сол аумақта қалдыру қарастырылады. Бұл әдістің ерекшелігі оның қарапайымдылығымен жергілікті бюджеттер түсімдердің ашық бөлігіне ие болудың кепілдігінде. Мөлшерлеме қосып жіберу әдістің

... ол жергілікті аумақтық басқару органдарға ашық мөлшермен көлемде республикалық салықтарға қосымша салық жинауға құқық беру. Бұл әдіс тиімділігі және қарапайымдылығы мен тиімділігімен, себебі жергілікті органдар төлем қабілеттілігі бар салық төлеушілерді ашықпен және төлемдердің мезгілінде түсуіне қамтамасыз етіледі.

1. Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандары

Бюджетаралық қатынастар:

1) республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық аумағы бар қала, астана бюджеттерінің арасында: трансферттермен; бюджеттік кредиттермен.

2) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында: трансферттермен; бюджеттік кредиттермен; кірістерді бөлу нормативтерімен;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет пен аудандық аумағы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің арасында: трансферттермен; бюджеттік кредиттермен реттеледі.

Бюджет деңгейлері арасындағы трансферттер жалпы сипаттағы трансферттерге, ағымдағы нысаналы трансферттерге, нысаналы даму трансферттеріне бөлінеді.

Нысаналы трансферттерді және бюджеттік кредиттерді жергілікті атқарушы органдар тиісті бюджеттік бағдарламаларда айқындалған мақсатты нысаналы мақсатына сәйкес қана пайдаланады.

Нысаналы трансферттердің және бюджеттік кредиттердің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған сомалары мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға сәйкес осы трансферттер мен кредиттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға қол қойылғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей міндетті түрде қайтарылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінгендерін қоспағанда, республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, келесі қаржы жылында пайдаланылуы (толық пайдаланылуы) мүмкін.

Облыстың жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінгендерін қоспағанда, облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары облыстың жергілікті атқарушы органының

шешімі бойынша олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, келесі қаржы жылында пайдаланылуы (толық пайдаланылуы) мүмкін.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінгендерін қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, келесі қаржы жылында пайдаланылуы (толық пайдаланылуы) мүмкін.

Өткен қаржы жылында республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерін пайдалану кезінде үнемдеу пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үнемдеудің тиісті сомасын ағымдағы қаржы жылының соңына дейін жоғары тұрған бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін пайдалану жүзеге асырылған бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштерін жақсарту үшін пайдалануға құқылы.

Өткен қаржы жылында бөлінген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерінің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке ағымдағы қаржы жылының соңына дейін қайтарылуға жатады. Республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген, олар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы ағымдағы қаржы жылында одан әрі пайдалану (толық пайдалану) туралы шешім қабылдамаған нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылуға жатады.

Өткен қаржы жылында республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген, ағымдағы нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған сомалары жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары және осы трансферттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттен қайтару сомалары, пайдаланылмаған ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылуға жатады.

4. Жалпы сипаттағы ресми трансферттер

Бюджет субвенциялары мен бюджеттік алып қою жалпы сипаттағы трансферттер болып табылады. Республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер бюджеттік субвенциялар болып табылады.

Республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге берілетін трансферттер бюджеттік алып қоюлар болып табылады.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі:

- Қазақстан Республикасының заңымен - республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің арасында;

- облыстық мәслихаттың шешімімен – облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттердің арасында;

- аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы шешімімен – аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет пен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің арасында жылдар бойынша бөліне отырып, үш жылдық кезеңге абсолюттік мәнде белгіленеді.

Сырымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге белгіленетін аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет пен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін қоспағанда, жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері әрбір үш жыл сайын өзгертуге жатады.

Жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы заңға (облыстық мәслихат шешіміне) немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы шешіміне тиісті саланың (аяның) орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарының ұсынысы бойынша шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері қоса беріледі.

Шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдерін тиісті саланың (аяның) орталық немесе жергілікті уәкілетті органдары айқындайды.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері белгіленетін шығыстар бағыттары олардың басымдылығы мен әлеуметтік маңыздылығы ескеріле отырып айқындалады.

Бюджетті атқару барысында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар

қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдері белгіленген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қаражатты шығыстардың жекелеген бағыттарын жергілікті бюджеттен қаржыландырудың ең төмен көлемдерін айқындаған тиісті саланың (аяның) уәкілетті органымен келісімі бойынша қайта бөлуге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдар шығыстардың жекелеген бағыттарына жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы заңда (облыстық мәслихат шешімінде) белгіленген ең төмен көлемдерден төмен көлемде жергілікті бюджеттен қаржыландырған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес оған енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, белгіленген соманың өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша тиісті қаржы жылының соңындағы төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарының жылдық сомасынан асып кеткен сомасы ағымдағы қаржы жылының 1 наурызынан кешіктірілмей жоғары тұрған бюджетке қайтарылуға жатады.

Жергілікті атқарушы органдар шығыстардың жекелеген бағыттарына жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы заңда (облыстық мәслихат шешімінде) белгіленген ең төмен көлемдерден төмен көлемде жергілікті бюджеттен қаржыландырған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау кезінде өңірдің салықтық әлеуеті, өңірдегі көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді тұтынушылар саны және сол немесе өзге де өңірдің өзіндік ерекшелігіне байланысты көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді ұсыну жөніндегі шығыстарға әсер ететін факторлар ескеріледі.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі тиісті жергілікті бюджеттің кірістері (трансферттерді шегергенде) мен шығындарының болжамды көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындалады. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін тиісінше мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар айқындайды.

Жергілікті бюджет кірістерінің болжамды көлемі шығындарының болжамды көлемінен асып түскен кезде жоғары тұрған бюджетке жергілікті бюджеттен бюджеттік алып қою белгіленеді.

Жергілікті бюджет шығындардың болжамды көлемі кірістерінің болжамды көлемінен асып түскен кезде жоғары тұрған бюджеттен жергілікті бюджетке бюджеттік субвенциялар белгіленеді.

Ішкі іштер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері мемлекеттік жоспарлау орталық уәкілетті орган айқындайтын, жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптарының әдістемесі негізінде есептеледі.

Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін облыстық мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы облыстық жергілікті басқарушы органы айқындайтын тәртіппен есептейді.

Нысаналы трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттерге және нысаналы даму трансферттеріне бөлінеді. Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылуы кезеңінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шегінде:

1) жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін, өзінің кірістік бюджеттер шығыстарының ұлғаюына және (немесе) кірістерінің азаюына алып келетін, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстық, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) өкілді және басқарушы органдарының актілерін қабылдаудан туындайтын, төмен тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған;

2) төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджеттерге беретін, мемлекеттік органдар функцияларының мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне берілуіне байланысты жоғары тұрған бюджет шығыстарының ұлғаюына әкеп соғатын, заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қабылдаудан туындайтын жоғары тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттер болып табылады.

3. Жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық, облыстық, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетте бекітілген сомалар шегінде беретін трансферттер нысаналы даму трансферттері болып табылады.

Бакылау сұрақтары

1. *Бюджет жүйесінің дәйектілік қағидасы*
2. *Бюджет жүйесінің тиімділік қағидасы*
3. *Бюджет жүйесінің басымдық қағидасы*
4. *Бюджет жүйесінің нәтижелілік қағидасы*
5. *Бюджет шығындарының функционалдық сыныптамасы*
6. *Бюджет шығындарының экономикалық жіктелуі*
7. *Бюджетаралық қатынастар және олардың қағидалары*
8. *Бюджетаралық қатынастарды реттеудің формалары*

6-тақырып.

БЮДЖЕТ ТҮСІМДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

1. Бюджет кірістері және олардың көздері
2. Бюджеттің салықтық емес кірістеріне сипаттама
3. Бюджет деңгейлері арасында кірістерді бөлу бойынша негізгі принциптері

1. Бюджет кірістері және олардың көздері

Бюджет кірістері - ол мемлекеттік функцияларды орындауға қажетті елдің бір ортаға топталған қаржы ресурстарының бөлігін және заңнамаларға сәйкес, билік органдарының әр деңгейлеріне иелік істеуге ақысыз және қайтарылмайтын тәртіппен түсетін ақша құралдарын көрсетеді. Олар ақша құралдары қорының қалыптасу процессінде пайда болатын экономикалық қатынастарды анықтайды. Бюджет кірістері түсінігі мемлекет кірістері түсінігінен біршама қысаң, бірақ олардың республиканың мемлекеттік кірістер құрылымында шешімді мәні бар.

Бюджет кірістерінің басты материалды көзі - ол Ұлттық табыс. Ұлттық табыстың өсуі мемлекет кірістері мен мемлекеттік бюджет кірістері көлемінің тұрақты ұлғаюын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік кірістердің айтарлықтай бөлігі - ол өндіріс пен айналым салалары, әртүрлі меншік формаларының кәсіпорындарында жасалынған қоғамның таза табысы. Мемлекет жалпы мемлекеттік мұқтаждықтарды қанағаттандыру үшін, әртүрлі кәсіптік іс-әрекетпен және өндірістік пен өндірістік емес салаларда шұғылданатын азаматтардың табысының бөлігін өз кірістеріне алады (салықтар)

Бюджетке түсетін кірістер, оларды жұмылдыратын формалар мен әдістер жиынтығы мемлекеттік бюджеттің түсімдер жүйесін құрады. Мұндай түсімдер маңында Бюджет Кодексімен тағайындалған белгілі мөлшерде және нақты мерзімде бюджет есебіне алынатын міндетті төлемдер түсіндіріледі.

Бюджет түсімдерінің негізін салықтар мен алымдар түрлерінде жұмылдыратын төлемдер құрайды. Республика аумағында орналасқан меншік және шаруашылық формаларынан тәуелсіз барлық заңды тұлғалар мен азаматтар қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, бюджетке салықтар, алымдар және міндетті төлемдер төлеуге тартылады. Салықтар, алымдар мен төлем төлеушілер, яғни заңды және жеке тұлғалар, оларды бюджетке төлеудің басқа төлемдерден басымдылығын қамтамасыз ету мен әрекеттегі заңнамаларға сәйкес, оларды уақытымен және толығымен төлеу жауапкершіліктері тағайындалған.

Бюджетке кірістердің экономикалық мазмұны төмендегідей: мемлекеттік табыстар, кірістер экономикалық категория ретінде кез-келген

экономикалық формацияға тән. Олар нақты қоғамдық топтар мен топшығағы қатынасқа негізделеді. Мемлекеттік бюджет ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу қатынастармен сипатталады. Мемлекеттік кірістер мемлекеттің өз функциясын орындаудағы ақшалай қаражаттардың жиынтығы болып табылады.

Мемлекеттік табыстың негізгі көзі болып ұлттық табыс саналады. Ұлттық табыстың жоғарлауы мемлекеттің табысына және мемлекеттік бюджеттің көлемінің ұлғаюын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік табыстың негізгі бөлігі, ол қоғамның таза табысы.

Бюджетке енетін нысандар мен әдістердің табыстық жиынтығы мемлекеттік бюджет табыстарының жүйесін құрайды. Мемлекеттік бюджет табысы негізін салықтар мен алымдар түріндегі төлемдер қамтиды. Мемлекеттік табыстар салымнан басқа шаруашылық субъектінің табысына мүлікті жалға беруден табыстар, бағалы қағаздардан табыстар, жеке кәсіпкерліктегі мемлекеттік үлестік қатысуынан табыстар, мемлекеттік монополиядан табыстар, кезендік табыстар және т.б. Мемлекеттік бюджеттің маңызды қалыптасу көзі болып мемлекеттік несие, ішкі және сыртқы заемдарды тартудан табыстары табылады.

Экономикалық маңыздылығына сәйкесті мемлекеттік кірістер салықтық және салықтық емес болып бөлінеді. Мемлекеттік кірістер қалыптасу көздеріне сәйкесті:

- 1) салықтар;
- 2) мемлекеттік мүліктен және мемлекеттік бағалы қағаздардан кірістер;
- 3) мемлекеттік мекемелердің көрсеткен (қызметтерінен) кірістері;
- 4) айыппұлдар мен өсімақылар.

Мемлекеттік кірістер қалыптасу нысанына сәйкесті міндетті төлемдер (салықтар және кедендік төлемдер) мен ерікті төлемдерден (көрсетілген қызметтен төлем, заемдар) тұрады.

Мемлекеттік кірістер тиістілігіне сәйкесті орташа билік және басқару органдарының кірістері мен республикалық аймақтардың кірістерінен тұрады.

Мемлекеттік бюджеттің табыс көзі болып салықтар табылады. Салық бұл ұлттық табыстың бір бөлігі. Ол мемлекеттің аппаратын ұстаумен оның атқаратын функцияларынан қаржыландыруға алынатын міндетті алым түрі.

Салықтың төмендегідей элементтері бар:

- 1) салықтық субъектісі;
- 2) салықтық тасушы, салықты төлейтін соңғы төлеуші;
- 3) салықтық объектісі (салық салынатын мүлік және табыс);
- 4) салық көзі; салық оклады;
- 5) салық салудың бірлігі, салық есептеудің негізінде қолданылатын бір бөлігі; салық ставкасы (мөлшері)

6) салық иммунитеті, салық төлеуден босату немесе дипломатиялық конкурсы;

7) салық жүйесі, елдегі салықтың жиынтығы;

8) салық кадастры – салық салынатын облыстың тізімі;

9) салық салу мерзімі;

10) салық жеңілдіктері.

Салық салудың 4 ставкасы бар:

- қатты және тең ставкалар;
- пропорционалды ставкалар;
- прогрессивтік ставкалар;
- регрессивтік ставкалар.

Мемлекеттік бюджеттің табысынан қалыптасу маңызды процесс, яғни негізгі мақсаттық бағыттарға қаражаттарды пайдалану мүмкіндігі анықталады:

- өндірістік және саланың дамуына;
- әлеуметтік мәдени шараларды қаржыландыру;
- мемлекеттік басқару мен мемлекеттік билік органдарын ұстау шығындар;
- қорғанысқа шығындар;

Жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруда түсімдерді тең және қатаң түрде бюджетке түсетін түсімнің көлемін қамтамасыз ету және салықтық, салықтық емес түсімдерді есептеу тәртіптері. Бюджетке түсімдерді басқару процесі Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесі туралы заңға сәйкес жүзеге асады және салық бюджетке міндетті төлемдер туралы және Қазақстан Республикасы бюджет туралы заңына сәйкес жүзеге асады.

Салықтық түсімдер сомасын анықтаған кезде салық төлеушілердің саны туралы есеп жоспары дайындалады. Бұл есеп салық түрлері бойынша жеке жоспар жасайды. ҚҚС-тап түсімді анықтаған кезде өнім өндірудің (жұмыс, қызметі) көлемі ескеріледі. Акцизден түсімдерді анықтаған кезде акцизделетін тауардың түрлері бойынша акциздерді бекітілген ставкадағы сату бағалары ескеріледі.

Бюджетке салықтың және басқа да міндетті төлемдердің уақтылы және толығымен түсуі ҚР-ның Қаржы Министрлігінің салық комитеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының облыстық бюджеті туралы заң (республика немесе облыс):

- салықтық түсімдер;
- салықтық емес түсімдер;
- ресми трансферттер;
- капитал мен операциядан табыстар;
- бюджеттен түсетін несиелер.

Жалпы мемлекеттік салықтар мен (мемлекеттік бюджетке түсетін салықтар) жергілікті бюджетке табыстарды аудару жоспарын құру күрделі процесс. Аударымдар жоспарын құрастырған уақыты төменгі тұрған бюджетке субвенция сомасы анықталады.

4. Бюджеттің салықтық емес кірістеріне сипаттама

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі), Еуразиялық экономикалық альянстың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленгеннен басқа, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген бюджетке төленетін міндетті, қайтарымсыз төлемдер, байланысты гранттар, сондай-ақ трансферттерден басқа, бюджетке өтеусіз негізде берілетін ақша салықтық емес түсімдер болып табылады.

Мемлекеттік мекемелер көрсеткен қызметтер ақысы болып табылатын салықтық емес түсімдер аталған көрсетілетін қызметтер қаржыландырылатын бюджет кірісіне түседі.

Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке салықтық емес басқа да түсімдер республикалық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады.

Қаржы ресурстарын жұмылдырудың салықтық емес нысандары салық түсімдерінен ерекшеленетін тән ерекшеліктерге ие: есептеу, есепке алу және жинау тәртібі салықтық емес түсімдер міндетті және міндетті емес болуы мүмкін нормативтік құжаттардың жиынтығымен реттеледі, ерікті және міндетті түрде алынады; Нақты мөлшерлемелер, төлем шарттары, жеңілдіктер және басқа да салықтық элементтер жоқ; әр нақты төлемді есептеу және жинау тәртібіне құқықтық актілерде бекітілген табыстарды пайдаланудың үлкен мақсатты бағыты; жоспарлау қиын емес; практикада өлшем динамикасы, инфляцияның ставкаларын және заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, алдыңғы кезеңдердегі нақты табыстар негізінде жүзеге асырылады.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне басқа да салықтық емес түсімдер (республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне салықтық емес түсімдер) болып табылады.

3. Мыналар:

1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлеммен республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

4. Республикалық бюджеттен трансферттер республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне трансферттердің түсімдері болып табылады.

5. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен берілген кредиттерді өтеуден, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарын сатудан түсетін түсімдер республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің есебіне жатқызылады.

Мыналар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

- аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

- аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды, өсімпұлдарды, санкцияларды, өндіріп алуларды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

Мыналар аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке негізгі кірістер болып табылады:

а) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

б) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

в) жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

а) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қосатын айыппұлдар;

б) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

в) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік қызметкерлердің таза кірісі бөлігінің түсімдері;

- аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

- аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

- аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

д) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

Салық емес кірістер бюджеттің барлық түрлерінің кірістерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Салықтық емес түсімдер (сондай-ақ салықтық түсімдер) өкілетті билік органдары және оның субъектілері заңды және жеке тұлғалар үшін белгілейді. Салықтық емес түсімдердің елеулі бөлігі міндетті төлемдер есебінен қалыптасады. Салыққа жатпайтын төлемдер үшін салық төлемдеріне қарағанда табыстарды пайдаланудың үлкен мақсатты бағыты бар.

Салықтық емес түсімдер бюджеттің барлық түрлерінің кірістерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік және муниципалдық меншіктегі мүлікті пайдаланудан, бюджеттік мекемелер ұсынатын ақылы

қызметтерден түсетін табыстар, мемлекеттік және муниципалдык меншіктегі мүлікті сатудан түскен табыс, сондай-ақ трансферттер әкімшілік алымдар мен алымдар, айыппұлдар, кірістер есебінен қалыптастырылған сыртқы экономикалық қызметтен және басқа да өтеуші түбіртектерден.

Мемлекеттік кіріс органдары әкімшілік ететін, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді қарыздарды қоспағанда, бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган артық (қате) төленген сомаларды бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға қорытынды жасайды және оны мемлекеттік кіріс органдарына ұсынады.

Осы қорытындылардың анықтығын және олардың ұсынылу негізділігін уәкілетті органдардың басшылары қамтамасыз етеді.

Бюджетке түсетін түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган ол әкімшілік жасайтын түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етеді және олардың түсуіне, түсімдердің артық (қате) төленген сомасын қайтаруға немесе олардың бюджетке берешектерді өтеу шотына есепке жатқызылуына мониторингті жүзеге асырады.

Республикалық бюджетке түсетін түсімдерді алуға, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін сомалардың, қарыздардың бюджетке артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органы айқындайды.

Бақылау сұрақтары

- 1. Ресми трансферттер түсінігі және түрлері*
- 2. Бюджеттік кредит түсінігі*
- 3. Бюджеттік алып қоюлар және бюджеттік субвенциялар*
- 4. Бюджет кірістері және олардың көздері*
- 5. Салықтық түсімдер және олардың түрлері*
- 6. Салықтық емес түсімдер түрлері*
- 7. Бюджет жүйесінің деңгейлері арасында кірістердің бөлінуі*

шығарып.

БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

1. Бюджет түрлері бойынша шығыстарды қалыптастыру ерекшеліктері
2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктерінің бюджеттік өтініш құруы және оларды қарау
3. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау

1. Бюджет түрлері бойынша шығыстарды қалыптастыру ерекшеліктері

Мемлекеттің функцияларын іске асыру мүмкін, егерде олар материалдық құралдармен қамтамасыз етілсе, себебі мемлекеттің іс-әрекеті мемлекеттік құралдардың тікелей шығыстарымен байланысты. Шығыстар нақты шығындардың көлемін көрсетеді. Сондықтан, бюджеттердің барлық деңгейлері бойынша мемлекеттік шығыстардың бір-бірімен өзара байланысты нақты түрлерінің жиынтығы, әрбір мемлекеттің бюджет шығыстар жүйесі болып та-былады. Шығыстар жүйесін құру-құралдардың арнаулы бағыттау, үнем режимі мен мемлекеттік құралдарды жұмсаудың қайтып оралмас принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттің барлық шығыстары, мемлекеттік бюджетте шоғырланған құралдар арқылы қаржыландырыланады. Бұл шығыстарды қоғамдық қайта өндірістегі рөліне байланысты келесі екі топқа бөлуге болады:

- өндірістік қорларды ұлғайту және өндірістің үздіксіз процессін қамтамасыз ету үшін;

- қоғам мүшелерінің әлеуметтік-мәдени мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін.

Бюджет түрлері бойынша шығыстарды қалыптастыру ерекшеліктері, олардың арнаулары маңында жатыр. Сондықтан, бюджет түрлері бойынша шығыстарды қалыптастырғанда келесі не-гізгі факторларды есептеу қажет:

- басқару органдары арасындағы функцияларды шектеу;
- мекемелердің бағынушылығы;
- мекемелердің іс-әрекет шекарасы;
- шығыстарды тиісті бюджетке апару.

Республикалық және жергілікті бюджеттер шығыстарының лимиті бюджеттік жоспарлау жөніндегі тиісті уәкілетті органдармен, ағымдағы және бюджеттік даму бағдарламалар үшін қалыптастырылады. Бюджеттің болжамдық көрсеткіштері, бюджет құралдарын пайдалануының басымдылық бағыттары көрсеткіштері, операциялық қалдық мөлшері, орташа мерзімді фискалдық саясатпен белгіленген көрсеткіштер және республика мен аймақтар дамуының орташа мерзімді жоспарларымен анықталған көрсеткіштер, бюджет шығыстарының лимитін анықтау

негіздері болады. Бұл лимиттерді, бюджеттік комиссияда қаралып бекітілгеннен кейін, бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар әрбір бюджеттік бағдарлама әкімшіліктеріне жеткізеді.

Ұлттық банк жүйесіндегі мемлекеттік шығындардың құрылымы көптеген себептерге байланысты. Бұл кезең қоғамдық даму мен мемлекеттік құрылымға мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына байланысты. Мемлекеттік шығындардың көлемі мен құрылымына мемлекеттік саясат ғана әсер етпейді. Экономиканың жалпы деңгейі, тұрғындардың өмір сүру деңгейі, мемлекеттік сектордың экономикадағы көлемі де әсер етпейді. Мемлекеттің функциясының ұлғаюына сәйкес шығындардың құрылымы өзгереді, яғни басқаруға шығындар көбейеді.

ҒТП сәйкесті ғылым мен білімге, әлеуметтік мұқтаждық пен қорғанысқа мемлекеттің шығындары өседі. Мемлекеттік шығындар біріншіден, императивтік сипатта болады; екіншіден, мемлекеттің шығындар экономиканың және әлеуметтік қатынастардың ұдайы өндірісіне қызмет етеді; үшіншіден, мемлекеттік шығындар экономикалық сипатына сәйкес әртүрлі сыныптар арасындағы қарым-қатынас болып табылады; төртіншіден, мемлекеттік шығынның негізгі массасы өндірістің ҰТ-тың бір бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік шығын төрт негізгі топқа бөлінеді:

- әлеуметтік мәдени қажеттілікке шығын;
- экономиканы ұстау шығыны;
- әскери шығын;
- басқаруға шығындар.

Мемлекеттік шығындар мақсаттылық бағыты бойынша төмендегідей бөлінеді:

- ұлғаймалы өндіріске шығын;
- мемлекеттің ағымындағы шығындар, басқарма шығындары, әскери шығындары, зейнетақы және жәрдемақыға шығындар;
- сақтандыру және резерв қорларын қалыптастыру мен қызмет көрсетуге шығындар.

Мемлекеттік шығындар экономикалық мазмұнына сәйкес:

- еңбекақы; стипендия; зейнетақы және жәрдемақы;
- дәрі-дәрмек;
- тамақтану;
- концелярлық кеңсе;
- жиһазды сатып алу;
- ағымдағы және күрделі жөндеуге шығындар.

Аймақтық белгі бойынша шығын:

- жалпы мемлекеттік шығын;
- республикалық шығын;
- жергілікті шығын.

Мемлекеттік шығын көздеріне сәйкесті үш топқа бөлінеді:

- бюджеттік қаржыландыру (бюджетное ассигнование);
- резервтік және сақтандыру қорлары есебінен шығын;
- қаржыландырудың несиелік көздері;

Шаруашылық талдаудың ерекшелігіне сәйкесті мемлекеттік шығынды қаржыландыру екі әдіспен анықталады:

- кәсіпорын мен мекемелерді қаржыландыру жеке ресурстармен жүзеге асырылады, ал жетпеген ақша ресурстары банк несиесі арқылы қаржыландырылады;
- сметалық бюджетті қаржыландыру қорғанысқа мемлекеттік басқару мен мемлекеттік әкімшілік органдарды ұстау әлеуметтік мәдени шараларды қаржыландыру сметалық тәртіпте жүзеге асырылады.

Сметалық тәртіпте қаржыландыруды мемлекеттік бюджет деп атайды. Бюджетті қаржыландырудың мынадай нысандары қолданылады: дотация; субвенция; субсидия.

Дотация – төменгі бюджеттің теңгерімділігі үшін ұйымдар, мекемелер, кәсіпорынның шығындарын жабуға бюджеттік және бюджеттен тыс қорларға қайтарымсыз нысанда бөлінетін ақшалай қаржат.

Субвенция – мақсаттық нысандарда шаралар мен бағдарламаларға берілетін қаржылық көмек. Егер қаржы мақсатсыз пайдаланылса қайтарымға жатады.

Субсидия – бюджеттен берілетін натуралдық нысандағы және ақшалай жәрдемақы. Бюджеттен тыс және арнаулы қорлардан қайтарымсыз нысанда үлестік кезеңге анықталатын қорлар жоғарыда аталғанның барлығы трансферттік қаржыландыруға жатады. Республикалық бюджеттік қаражаттар мемлекеттік әкімшілік органдары мен мемлекеттік басқаруға, яғни Президентті оның аппаратын, ҚР-ның Парламентін, конституциялық кеңесті, есеп комитетін, орталық сайлау комиссиясын, ҚР-ның Үкіметін, Министрліктерді, комитеттер, агентстволарды және т.б. жалпы мемлекеттік басқару функцияларын орындаушыларды ұстауға шығындар.

Бюджеттің қаражаттары мыналарды ұстауға шығындалады: сот құқықтық жүйесіне; сыртқы саяси іс-әрекетіне; қаржылық іс-әрекетіне; пақты және қолданбалы ғылыми іс-әрекетіне; қорғаныс және қауіпсіздігіне; құқ қорғау іс-әрекетіне (юстиция); төтенше жағдай жұмыстарын ұйымдарға.

Жергілікті бюджеттік қаражаттары мыналарды қаржыландыруға шығындалады:

- мектепке дейінгі жалпы бастауыш жалпы негізгі білім алуға, жалпы орта және орта кәсіби білім алуға, қосымша білім алуға жұмсалады;
- арнаулы білім беру бағдарламалары;
- жергілікті деңгей төтенше жағдай жұмыстарына;
- жергілікті деңгейдегі құқ қорғау іс-әрекеті;

- акысыз дәрігерлік көмектің кепілдеме көлеміне;
- денсаулық сақтау облысындағы бағдарлама жасау;
- заңды қарастырылған нысанда жергілікті бюджетпен берілетін жәрдемақы, яғни адамдар категориясына сәйкес берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы;
- адрестік әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шаралары;
- мәдениет, спорт және ақпарат саласындағы іс-әрекет;
- тұрғындарды сумен қамтамасыз етудің құрылысы және эксплуатация және су көздерін тазалау, тұрғындарды орналастыру шығыны және т.б.

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктерінің бюджеттік өтініш құруы және оларды қарау

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынатын құжаттар

Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстарын жоспарлау үшін ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде:

➤ мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын;

➤ бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінімдерді толық көлемде және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын, сондай-ақ стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын ұсынады.

Бюджеттік өтінім шығыстар көлемін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезенге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығы болып табылады.

Бюджеттік өтінім бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстары лимиттерінің, жаңа бастамаларға арналған лимиттердің негізінде және шегінде жасалады.

Бюджет шығыстары базалық шығыстар және жаңа бастамалар шығыстары болып бөлінеді.

Тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобаларға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қабылданған мемлекеттік

міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді қаржыдауға арналған шығыстар базалық шығыстар болып табылады.

Мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетумен, трансферттер төлеумен және мемлекеттің басқа да міндеттемелерімен байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

Жаңа бастамалар шығыстарына:

➤ кейіннен жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын іске асыруға;

➤ макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және іс жүзіндегі бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (атқарылатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстарды ұштайтуға бағытталған шығыстар жатады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жаңа бастамалар шығыстарын жоспарлау қосымша бюджет қаражатын бөлу есебінен де, өткен жоспарлы кезеңде республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде бекітілген осы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің базалық шығыстар қаражатын қайта бөлу есебінен де жүзеге асырылады.

Бюджеттік өтінімге:

1) мемлекеттік органдардың үшінші бөлігіне сәйкес лимиттері айқындалған ағымдағы әкімшілік шығыстарын қоспағанда, мәлімделген қаржыландырудың бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпалын сипаттай отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың түрлері бойынша есеп-қисаптар;

2) байланысты гранттар сомасын жұмсау бағыттары бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының I қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпарат;

3) ағымдағы қаржы жылының I қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпарат;

4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы; ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша нысаналы даму

трансферттерін қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық жобаның мониторингінің қорытындылары жөніндегі есеп;

5) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар сұрататын басқа да қажетті ақпарат кіреді.

Егер бюджеттік бағдарламалар әкімшісі стратегиялық жоспардың жобасында немесе стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар жобасында қосымша шығыстарды немесе бюджет кірістерін қысқартулар қажет ететін нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынса, онда бюджеттік өтініммен бір мезгілде тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасы енгізіледі.

Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша алдыңғы жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының шығыстар сомағы республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде бекітілген сомамен салыстырғанда өзгермейтін болса, онда осы бағдарламалар бойынша шығыстардың түрлері бойынша есен қисаптар жасалмайды.

Бюджеттік өтінімге түсіндірме жазба:

1) есепті қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштерінің қысқаша сипаттамасын;

2) ағымдағы жағдайдың, орын алып отырған проблемалардың қысқаша сипаттамасын;

3) жағдайды жақсарту және проблемаларды шешу, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының жобасында айқындалған мақсаттарға және жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдарының сипаттамасын;

4) жағдайды жақсарту және проблемаларды шешу, аумақтық дамыту бағдарламасында айқындалған мақсаттарға және жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдарының сипаттамасын;

5) бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен бюджеттік бағдарламалардың жоспарланған түпкілікті нәтижелерінің сипаттамасын;

6) бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын ақпаратты, бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелерінің сипаттамасын қамтиды.

Бюджеттік өтінім жасалуы мен ұсынылуы бойынша Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген кезде, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган оны қарамастан бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қайтаруға міндетті.

1. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау

Тараптардың келісімі бойынша олардың кредиттік шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерінің, қаржылық және өзге де шарттарының өзгеруі бюджеттік кредитті қайта құрылымдау болып табылады.

Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы шешім қарыз алушыда қаржылық жағдайды сауықтыру жөнінде жоспар болған кезде қарыз алушының қаржылық жағдайын талдау негізінде қабылданады.

Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау:

✓ негізгі борышты өтеу және (немесе) сыйақыны төлеу мерзімдерін өзгерту;

✓ бюджеттік кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгерту;

✓ бюджеттік кредиттің берілу мақсаттарына сәйкес іс-шараларды іске асыру үшін қарыз алушының бюджеттік кредитті пайдалана алатын игеру келісін өзгерту;

✓ бюджеттік кредит валютасын өзгерту;

✓ бюджеттік кредит, кредит бойынша сыйақы және өзге де төлемдер бойынша берешекті капиталдандыру (жиынтықтау) арқылы жүзеге асырылады.

Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның жанындағы консультативтік-кеңесші органның оң қорытындысы болған кезде әрбір кредиттік шарт бойынша кредитордың шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау әрі кеткенде бір рет жүзеге асырыла алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеделдетілген оңалту рәсімін қолданғанда немесе қарыз алушыға қатысты оңалту рәсімін енгізген кезде қарыз алушының бюджеттік кредитін оңалту жоспарына сәйкес бір реттен асырмай қайта құрылымдауға рұқсат етіледі.

Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау кредиттік шартқа қосымша келісім жасау арқылы рәсімделеді.

Бюджеттік кредит бойынша борышты аударуға кредитор шешімінің негізінде кредиттік шарт тараптарының келісімі бойынша жол беріледі.

Борышты аудару бюджеттік кредит бойынша борышты өтеу есебіне өндіріп алынған (ұсынылған) мүлікті берген кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

Кредитордың бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі талаптарының тоқтатылуы және кепілдіктің тоқтатылуы

Кредитордың бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі талабы қарыз алушы кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған кезде, қарыз алушы мен кредитор бір тұлға болғанда не қарыз алушы - заңды тұлға

таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе сот актісінің негізінде тоқтатылады.

Қарыз алушы қайтыс болған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда, кредитордың мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша талаптарын тоқтату бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешімі бойынша сенім білдірілген өкілдің (агенттің) деректері негізінде жүзеге асырылады.

Қарыз алушы - заңды тұлға таратылған жағдайда кредитордың бюджеттік кредитті өтеу жөніндегі талабының тоқтатылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелердің орындалуын бағалау жөніндегі алдын ала рәсімдер жүргізілгеннен кейін:

- республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша - республикалық бюджет туралы заңның негізінде;
- жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша - мәслихаттың шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік кредиттерді бақылау. Кредитор және (немесе) сенім білдірілген өкіл (агент) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін жағдайдың болуын бақылауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

Бюджеттік кредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбау фактілері анықталған жағдайда кредитор немесе сенім білдірілген өкіл (агент) қарыз алушыдан кредиттің заңсыз пайдаланылған сомасын кредиттік шартта белгіленген мөлшерде айыппұл ала отырып өндіріп алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының қарыз алуы, мемлекет кепілдік берген қарыз алу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыз алуы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыз алуы мемлекеттік қарыз алу болып табылады.

Мемлекеттік емес қарыз алуды Қазақстан Республикасының резиденттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, кез келген мөлшерде, валюталарда және нысандарда өздері дербес жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес қарыздарды заңды тұлғалар мемлекеттік кепілдіктермен және мемлекеттің кепілгерлігімен тарта алады.

Квзимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарын тарту мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметімен олардың көлемдерін келісу арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қарыздардың түрлері мен нысандары

Мемлекеттік қарыздар қарыз алушыға қатысты алғанда:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыздары;

3) жергілікті атқарушы органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының қарыздары болып бөлінеді.

Несие капиталының нарықтарына қарай мемлекеттік қарыздар:

- 1) мемлекеттік сыртқы қарыздар;
- 2) мемлекеттік ішкі қарыздар болып бөлінеді.

Қарыз алу нысаны бойынша мемлекеттік қарыздар:

- 1) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару;
- 2) қарыз шарттарын жасасу болып бөлінеді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар қолданылу мерзімі бойынша:

- 1 жылға дейінгі айналыс мерзімімен қысқа мерзімді;
- 1 жылдан 5 жылға дейінгі айналыс мерзімімен орта мерзімді;
- 5 жылдан артық айналыс мерзімімен ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару мақсаттары бойынша:

- бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында шығарылатын;
- борыштық құралдардың ішкі нарығын дамытуға жәрдемдесу мақсатында шығарылатын болып бөлінеді.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар құжаттамалық және құжаттамалық емес нысанда шығарылуы мүмкін. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар ұсынушыға арналып құжаттамалық нысанда ғана шығарылуы мүмкін. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар нақты және дисконттық құны бойынша сыйақының тіркелген және тіркелмеген (құбылмалы) мөлшерлемесімен шығарылуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттік бюджет шығындары
2. Мемлекеттік бюджет шығындарының сыныптамасы
3. Республикалық бюджет шығындары
4. Облыстық бюджет шығындары
5. Экономиканы қаржыландыру
6. Бюджеттік комиссия және оның құзыреті
7. Бюджет комиссиясының құрамына кімдер жатады
8. Бюджет процесі түсінігі. Бюджетті жоспарлау

8-Тақырып.

БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫНДАҒЫ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚТЫҢ РОЛІ

1. Бірыңғай қазынашылық шот
2. Түсімдерді бірыңғай қазынашылыққа есепке жазу
3. Мемлекеттік кепілдік

1. Бірыңғай қазынашылық шот

Қазынашылық қолдап отыру бұл құрылыспен байланысты бюджетті инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына ағымдағы бақылауды жүзеге асыру, қолма-қол ақшаны бақылау шоттары арқылы төлемдер жүргізудің барлық кезеңдерінің бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға қатысушылардың – бір мердігер мен қосалқы мердігердің салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуінің толықтығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет.

Бірыңғай қазынашылық шот аударым операцияларын орталықтандырып жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ұлттық валютамен ашылады.

Бірыңғай қазынашылық шот бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген тәртіппен ашылады.

Бірыңғай қазынашылық шот қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы ақша қалдықтарын қамтиды.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның шетел валютасындағы шоттары

Операцияларды шетел валютасымен жүзеге асыру және оларды есепке алуды жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген тәртіппен шетел валюталарының түрлері бойынша шоттар ашады.

Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары

Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары мыналарға:

- республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді есепке алуға және республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстарын жүргізуге;

- мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатуынан түсетін ақшаны есепке алуға және олардың есебінен (ақылы қызметтер шоты) шығыстарды жүргізуге;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін түсімдерді есепке алуға және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотына аударуға;

○ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемелер алатын, оларға арналған филантропиялық шарттармен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық шарттармен түсетін ақшаны есепке алуға және жұмсауға (қайырымдылық көмек шоты);

○ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемеге жеке және (немесе) заңды тұлғалар олардың қайырымдылығы не белгілі бір талаптар басталған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға (ақшаны уақытша орналастыру шоты) аудару шартымен беретін ақшаны есепке алуға;

○ бюджет ақшасын есепке алуға және оларды ерекше шығыстарды қаманалы қаржыландыру шоты) жүргізуге пайдалануға;

○ қаржы ұйымдарының, тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының жарғылық капиталдарын ұлғайту жағдайларын қоспағанда, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен мөлшерде қалыптастыру кезінде республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға тиісті қаржы жылына көзделген ақшаны есепке жатқызумен және оны инвестициялық жобаларды іске асыруға пайдаланумен не мемлекеттік тапсырманы орындаумен (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты) байланысты;

○ Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзі-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдерді есепке жатқызумен және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ тәрізді жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға бағыттаған шығыстарды жүргізумен (жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты) байланысты;

○ Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыздар туралы халықаралық шарттарға немесе байланысты гранттар туралы шарттарға сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда алынған сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан (бұдан әрі – сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау шоты) ұлттық валютаға қайта айырбасталатын үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар ақшаларын есепке жазуға және жұмсауға байланысты;

○ қазынашылық қолдап отыру шеңберінде бас мердігерлерге және қосалқы мердігерлерге аударылатын ақшаны есепке жатқызуға және пайдалануға (бұдан әрі – мемлекеттік сатып алу шоттары) байланысты;

○ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін республикалық бюджеттен алуға тиіс мемлекеттік медициналық сақтандыру қорына трансферттерді есепке

жатқызуға және жұмсауға байланысты операцияларды есепке алуға арналады.

2. Түсімдерді бірінғай қазынашылыққа есепке жазу

Бюджетке түсетін түсімдер ақшалай нысанда жүзеге асырылады және бюджетке түсетін түсімдердің сыныптамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен толық көлемде бірінғай қазынашылық шотқа есепке жазылады.

Сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына және сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына арналған шоттарға түсетін түсімдерді қоспағанда, бюджетке шетел валютасында түсетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шоттарына шетел валютасында есепке жазған түсімдер қайта айырбасталуға және бірінғай қазынашылық шотқа есепке жазылуға тиіс.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шоттарынан шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Мемлекеттік мекемелердің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдағы шоттарынан Шетел валютасын қайта айырбастау және есепке жатқызу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арасында бөлуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әрбір жұмыс күні жүзеге асырылады.

Түсімдерді бөлу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін, бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты арасында бөлу кестесі, облыстық мәслихаттың шешімімен белгіленетін кірістерді облыстық бюджет пен оның аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері арасында бөлу нормативтері, сондай-ақ мұнай секторы ұйымдарының тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген тәртіппен:

- республикалық бюджетке түсетін түсімдер бойынша болжам және республикалық бюджеттің қолма-қол ақшасын бақылау шотындағы бюджет қаражатының қалдықтары негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген оның көлемі шеңберінде кепілдік берілген трансферттің қажетті сомасын айқындайды;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке келіпдік қарапайым трансфертті аудару туралы тиісті өтінімді жібереді.

Бірыңғай бюджет сыныптамасының бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызуды мемлекеттік кіріс органдарының төлем тапсырмалары негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік кіріс органдары әкімшілік ететін, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді, барлықтарды қоспағанда, бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға арналған төлем тапсырмасы оларды алуға жауапты уәкілетті органдардың қорытындысы негізінде жасалады.

Республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы маслихат шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталдарын ұлғайтуға қаражат көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің төлемдері Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмаларының негізінде жүзеге асырылады.

Республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы маслихат шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталын ұлғайтуға қаражат көзделген мемлекеттік мекеменің төлеуге берілетін шоты және квазимемлекеттік сектор субъектісінің төлем тапсырмасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі үшін ақша алушының шийдасына төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға негіз болып табылатын құжаттарды білдіреді.

Мемлекеттік мекемелердің төлемдері мен ақша аударымдары қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы немесе мемлекеттік мекемелердің шоттарындағы қалдықтар шегінде, сондай-ақ төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жоспарлы мақсаттар сомалары және шартты тіркеу туралы хабарламаның пайдаланылмаған қалдығы шегінде жүргізіледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаражатты квазимемлекеттік сектор субъектілеріне аударуы төлемнің қаржылық-экономикалық негіздемеге немесе техникалық-экономикалық негіздемеге (жобалау-сметалық құжаттамаға) сәйкес негізділігін растайтын құжаттардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттың өзге де түрінің негізінде, оларда ағымдағы қаржы жылына көрсетілген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

Республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржы жылына мемлекеттік тапсырманы орындау үшін немесе жарғылық капиталдарын ұлғайтуға қаражат көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің төлемдері мен ақша аударымдары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы қалдықтар шегінде жүргізіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы ағымдағы жылы жарғылық капиталды қалыптастыруға (толтыруға) бөлінген және есепті кезеңнің соңында пайдаланылмай қалған қаражат қалдықтары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ағымдағы жылы пайдаланылмаған қаражаты болып табылады және бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуына жатады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, ағымдағы шоттарындағы олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу түрінде қалыптасқан пайдаланылмаған қалдықтар:

- қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен бюджеттік инвестициялардың ағымдағы қаржылық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізіп және (немесе) жаңасын әзірлей отырып, жаңа және (немесе) ағымдағы жобаны (жобаларды) іске асыруға бағыттау;

- егер үнемдеу сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50000 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, үнемделген қаражатты квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқару органының (жұрылтайшының) шешімі бойынша жобаның қаржылық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізбестен, даму мақсаттарына (жаңғыртуға, активтер сатып алуға) қолдану арқылы пайдаланылуы мүмкін.

Қазынашылық қолдап отыру шеңберінде объектілерді салумен байланысты инвестициялық жобаларды іске асыру үшін бас мердігерлердің мемлекеттік сатып алу шоттарынан жүргізілетін төлемдер мен ақша аударымдары бас мердігер бекіткен тізбе бойынша қосалқы мердігерлердің мемлекеттік сатып алу шоттарына жүзеге асырылады.

Жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілесіз төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізуге жол берілмейді.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің, оның ішінде жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу міндетті болып

малатын шығыстар түрлерінің тізбесін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі:

- төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына;
- тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге;
- бірыңғай бюджеттік сыныптамаға;
- нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына төлеуге берілетін шоттардың сәйкестігін тексеруге саятын төлемдерді төлеу жөніндегі ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

Аванстық төлем сомасын қоспағанда, тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлем жүргізу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі тауарларды жеткізу туралы шот-фактура немесе жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрі көшірмелерінің бар-жоғын тексереді.

Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарт құнына енгізілген ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шығыстар бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі аванстық төлемнен кейінгі төлем жүргізу кезінде құрылысқа арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысының бар-жоғын қосымша тексереді.

Операциялық басқару немесе экономикалық басқару негізінде кәсіпорындар мен мекемелерге берілмеген мемлекеттік (коммуналдық) мүлік - тиісті мемлекеттік білім беру қазынасы. Қауіпсіздікті және тиімді пайдалану үшін мұндай мүлік мемлекеттік басқару органдарының (жергілікті өзін-өзі басқару органдарының) балансында көрсетіледі, олар оны басқару және оған билік ету функциялары жүктеледі.

Қазынашылықтың көздері меншік болуы мүмкін:

- тиісті бюджет есебінен құрылған немесе сатып алынған;
- заңды және жеке тұлғалар тегін берілді;
- меншікке мемлекеттік меншік құқығын айқындау туралы заңнамамен көзделген тәртіппен беріледі;
- иесі белгісіз (иесіз меншік);
- тәркіленген, ұсталған, кепілге алынған;
- заңды түрде шаруашылық жүргізу және кәсіпорындарды және мекемелерді жедел басқарумен..

Әдетте, қазынашылық мынадай объектілерді қамтиды:

- жылжымайтын және жылжымалы мүлік (ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, аяқталмаған құрылыс нысандары, жабдықтар, көлік құралдары және т.б.);

- кымбат металдар, асыл тастар, зергерлік бұйымдар және басқа да құндылықтар, және кымбат металдар мен асыл тастар, барлар мен алтын, күміс, платина және палладий асыл металл монетаның (алтын, күміс, платина және палладий) туралы құймалары;

- материалдық емес активтер (зияткерлік меншік объектілері, компьютерлік бағдарламалардың барлық түрлерін қоса алғанда, деректер базасы, өнертабыстар және т.б.);

- өндірілмеген активтер (жер, минералдық ресурстар, табиғи биологиялық ресурстар, су ресурстары және т.б.).

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің төлемдерін жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол:

➤ төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: тауарларды жеткізу туралы шот-фактура немесе жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрі көшірмелерінің бар-жоғына;

➤ бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган куәлігінің не квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аударған жағдайда басқару органдарының тиісті шешімінің бар-жоғына;

➤ нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне төлем тапсырмаларын тексеруден тұрады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қазынашылық қолдап отыру шеңберінде мемлекеттік сатып алу шоттарынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлем тапсырмаларын:

- төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: төлем сертификатының және электрондық шот-фактураның бар-жоғына;

- нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеруден тұрады.

Мемлекеттік мекеме:

- төлеуге берілетін шотты табыс етудің заңдылығын және негізділігін;

- төлеуге берілетін шоттың көрсетілген деректемелерінің дұрыстығын;

- ақша алушылардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын;

- жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың берілуін, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын;

- бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне көрсетілген, тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды табыс етуін қамтамасыз етеді.

Квзимемлекеттік сектор субъектісі, объектілерді салумен байланысты инвестициялық жобаны іске асыратын бас мердігер және қосалқы мердігер:

- төлем тапсырмаларын табыс етудің заңдылығы мен негізділігін;

- төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелердің дұрыстығын;

- ақша алушының пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын;

- жасалған операциялардың дұрыстығын;

- бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың табыс етілуін қамтамасыз етеді және олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазынашылық қолдап отыру шеңберінде объектілерді салумен байланысты инвестициялық жобаларды іске асыратын бас мердігерлер және қосалқы мердігерлер растаушы құжаттардың анықтығы мен негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Мемлекеттік мекеменің өткен жылдардағы дебиторлық берешегінің сомасы азаматтық-құқықтық мәміленің талаптарында көзделген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) беру арқылы өтелуге не тиісті бюджеттің кірісіне қайтарылуға жатады.

Төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады. Төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

3. Мемлекеттік кепілдік

Қазақстан Республикасының қарыз алушы резиденті одан тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің берешекті толық немесе ішінара өтеуге қарыз берушінің алдындағы міндеттемесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік, егеменді) кепілдігі (мемлекеттік кепілдік) болып табылады.

Мемлекеттік кепілдіктер қарыз берушілерге Қазақстан Республикасы резиденттерінің өздері алған мемлекеттік емес қарыздар бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуі ретінде беріледі.

Мемлекеттік емес қарыз сомасы толықтай немесе оның бір бөлігі мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік кепілдіктер берудің айрықша құқығына Қазақстан Республикасының Үкіметі ие болады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктер беруді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын шарттармен және тәртіппен жүзеге асырады.

Мемлекеттік кепілдіктер республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін лимит шегінде беріледі.

Іске асыру мерзімі бір жылдан асатын инвестициялық жобалар және (немесе) инвестициялық бағдарламалар бойынша бас келісімге қол қой отырып, мемлекеттік кепілдікті транштармен (бөліп-бөліп) беруге жол беріледі.

Бас келісімді іске асыру үшін кепілдік шарты жасалады не жасалған кепілдік шартына мемлекеттік кепілдіктің бас келісімде айқындалған сомасы шегінде өзгерістер енгізіледі.

Мемлекеттік кепілдіктер жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын қайтаруды қамтамасыз ету ретінде берілмейді.

Мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті қаржы жылының шегінде ғана пайдаланыла алады.

Мемлекеттік кепілдіктер Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

Мемлекеттік кепілдіктер беру Бюджеттік Кодекстің 220-бабына сәйкес кепіл міндеттемелерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмсайтын бюджет қаражатын қарыз алушының қайтаруы шарттарымен жүзеге асырылады.

Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторды және тізбесін бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияны және мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарызды өтеу көздерінің бірі республикалық және жергілікті бюджеттерден төлемақылар (төлемдер) болып табылатын әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларды және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды іске асыру кезінде квазимемлекеттік сектордың басқа да субъектілерін қоспағанда, мемлекеттік емес қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік берілгені үшін қарыз алушыдан мемлекеттік кепілдік беру кезінде жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалар

үшін, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдинг пен акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 пайызы мөлшерінде және басқа да заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік кепілдік сомасының екі пайызы мөлшерінде алдын ала біржолғы төлем (алым) алынады.

Мемлекеттік кепілдік беру мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерін орындауға байланысты республикалық бюджеттен берілген қаражаттарды қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттар ресімделіп, тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, сенім білдірілген өкіл (агент) және мемлекет кепілдік берген қарызды алушы арасындағы шарттардың мемлекеттік кепілдік беру, мемлекет кепілдік берген қарыз шартына сәйкес міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару жөніндегі құқықтық қатынастарды белгілейтін келісім мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім болып табылады.

Қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғаларға қарыз алушы ретінде әрекет еткенде, мынадай талаптар қойылады:

➤ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушының Қазақстан Республикасының резиденті болуы;

➤ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілетін, тиісті кезеңге арналған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылып отырған инвестициялық жобалардың және (немесе) инвестициялық бағдарламаның тізбесіне енгізілген жобалардың және (немесе) инвестициялық бағдарламаның іске асырылуын жүзеге асыруы;

автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық басқарушы операторды және тізбесі айқындалатын инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияны, сондай-ақ жобаларды іске асыруға екінші деңгейдегі банктерден қаржыландыруды көздейтін ұлттық холдингтер мен олардың еншілес ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын екінші деңгейдегі банк кепілдігінің не сақтандыру шартының болуы.

Банк кепілдігі қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзіміне бір рет беріледі және негізгі борыш сомасын, сондай-ақ сыйақылардың, комиссиялардың, тұрақсыздық айыптарының (өсімпұлдың, айыппұлдың)

барлық сомаларын және қарыз шартына сәйкес қарыз алушы жүзеге асыратын өзге де төлемдерді жабады.

Сақтандыру шарты жоба бойынша қарыз алушыны дефолтқа және мемлекеттің мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерін орындауына әкеп соқтыруы мүмкін тәуекелдерді сақтандыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Салалық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы; бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы; мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысының болуы; бұрын алынған, ол бойынша төлем мерзімдері басталған мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оған қызмет көрсету жөнінде берешектерінің, сондай-ақ кредиторлар алдындағы өзге де мерзімі өткен берешегінің болмауы; жобаның жалпы құнын жаппайтын қарыз тартылған жағдайда, ұсынылып отырған инвестициялық жобаны қоса қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің қамтамасыз етілуі.

Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторды және тізбесі айқындалатын инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияны қоспағанда, ұсынылатын инвестициялық жобаның құнына қатысты кемінде отыз пайызды құрайтын меншікті капиталының болуы.

Төлемақы төлеуге қабілетті болып табылуы, таратуға жатпауы, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауы тиіс.

Мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарызды өтеу көздерінің бірі республикалық және жергілікті бюджеттерден төлемақылар (төлемдер) болып табылатын әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларды және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды іске асыру кезінде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қолданылмайды, олардың тізбесін бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды іріктеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге немесе түзетуге және оның экономикалық сараптамасына қойылатын талаптарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады.

Мемлекеттік кепілдік бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз беруші (облигациялар ұстаушылардың өкілі) арасында

кепілдік шартын жазбаша түрде жасасу арқылы не мемлекеттік емес қарыз бойынша кепілгердің міндеттемесін (кепілдік міндеттемесін) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қабылдағаны туралы жазбаша хабарлау нысанында беріледі.

Мемлекеттік емес сыртқы қарыздар бойынша кепілдік шарты болған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қарыз шлушының векселін авальдандыруға құқылы.

Құжат қана мемлекеттік кепілдік болып танылуы мүмкін. Мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының өзге де актілері мен құжаттарында мемлекеттік кепілдіктің заңдық күші болмайды.

Әрбір инвестициялық жоба және (немесе) инвестициялық бағдарлама бойынша бас келісімге, кепілдік шартына, кепілдік міндеттемесіне, қарыз шлушының әрбір міндеттемесі бойынша авальға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы қол қояды.

Кепілдік шартында немесе кепілдік міндеттемесінде:

○ оған сәйкес мемлекеттік кепілдік берілетін Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының деректемелері; қарыз алушының атауы және тұрған жері; қарыз алушының негізгі міндеттемесінің мазмұны;

○ кепілдік берілетін қарыз сомасы, берілетін мемлекеттік кепілдіктің күші қолданылатын қарыз бойынша кепілдік берілетін басқа да міндеттемелер; мемлекеттік кепілдіктің қолданылу мерзімі;

○ кепілдік шартына (кепілдік міндеттемесіне) қол қойған лауазымды адам көрсетіледі.

Кепілдік шартында, кепілдік міндеттемесінде көзделген шарттар болмаған кезде:

○ мемлекеттік кепілдік борышкердің қарыз бойынша барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

○ мемлекеттік кепілдік қарыз шартының қолданылу мерзіміне берілді деп саналады.

Кепілдік шартында немесе кепілдік міндеттемесінде талаптар болмаған не оларға қол қойылған, сондай-ақ уәкілетті емес тұлға қарыз алушының міндеттемелерін авальдандырған кезде мемлекеттік кепілдік жарамсыз болып саналады.

Мемлекеттік кепілдіктер беруді және мемлекет кепілдік беретін қарыздарды есепке алу

Берілетін мемлекеттік кепілдіктерді және мемлекет кепілдік беретін қарыздарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тіркеуге және есепке алуға тиіс.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген борыштың мониторингін және оны басқаруды жүзеге асырады.

Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат шегінде мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде талаптар қойылған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуына бағытталған қаражаттарды қайтаруға, қарызды қайта құрылымдауға, борышкерді ауыстыруға, талап қою мерзімі өтіп кетуіне, аталған қаражатты қайтару бойынша талаптарды тоқтатуға қолданылады.

Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуына бөлінген қаражатқа сәйкес белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімде белгіленген мерзім ішінде республикалық бюджетке қайтарылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз шартының талаптарына сәйкес және қарыз берушінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп танылған және (немесе) таратылған қарыз алушы үшін республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаржы есебінен мемлекеттік кепілдікті орындау арқылы мемлекет кепілдік берген қарызды мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстары республикалық бюджет туралы заңда көзделген мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз алушылардың есебін жүргізеді.

Мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржылық жай-күйінің мониторингі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Егер қарыз шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, қарыз алушы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген қарызды төлем мерзімі басталған күні және республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражаттар шегінде толық немесе ішінара өтемеген жағдайда, қарыз берушінің талабы бойынша мемлекеттік кепілдік төлем күні басталғаннан кейін орындалуға жатады.

Бақылау сұрақтары

- 1. Бюджетті жоспарлаудың негізгі қағидалары*
- 2. Бюджеттік болжамдаудың ролі мен тапсырмасы*
- 3. Бюджеттің атқарылуы*
- 4. Мемлекеттік бюджеттің құрылуы және бекітілуі*
- 5. Бюджет тапшылығы және оның пайда болу себептері*
- 6. Бюджет тапшылығын қаржыландырудың көздері*
- 7. Қаржыландырудың ішкі және сыртқы көздері*
- 8. Бюджет профициті түсінігі. Бюджет профицитін пайдалану*

9- Тақырып.

БЮДЖЕТТІК ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

1. Бюджеттік есеп және есептіліктің негіздері
2. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есеп

1. Бюджеттік есеп және есептіліктің негіздері

Бюджеттік заңнамалармен бюджеттерді атқару жөніндегі есеп беруді қарау мен бекіту қарастырылған. Бюджетті атқару бойынша есеп беруді бюджеттік ақша алушылар мемлекеттік мекемелері мен бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктері есептемеліктерінің негізінде бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті орган дайындайды.

Бюджетті атқару жөніндегі барлық есеп берулерді құру негізі болып бюджеттік есеп табылады. Бюджеттік есеп - ол бюджеттік операциялар жөнінде ақшалай түрде ақпараттарды жинау, тіркеу және қорытудың ретке салынған үздіксіз деректі жүйесі. Бюджеттік есепті жүргізу тәртібін бюджеті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тағайындайды.

Ауыстырмалық операциялар мен олардың есебі Ұлттық банкте ашылған Бірыңғай қазынашылық шотта жүргізіледі. Бұл шот бақылаулық шоттар мен мемлекеттік мекемелердің шоттарындағы бюджет құралдарының қалдықтарын құрайды.

Бюджеттік кодекске сәйкес тек қана бюджеті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылатын мемлекеттік мекемелердің шоттары келесілер:

- бюджеттік ақшалармен жасалатын операциялардың есебі үшін арналған бюджеттік шот;

- тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алатын ақшалардың мемлекеттік мекемелер қарамағында қалатын-дарының түсуі мен жұмсауының есебі үшін арналған шот;

- жеке және заңды тұлғалардан қайырымдылық пен демеу-шілік түрде түсетін ақшалардың түсуі мен жұмсауының есебі үшін арналған шот;

- мемлекеттік мекемелердің уақытша иелігіне түсетін ақшаларды есепке алу үшін арналған депозиттік шот;

- бюджеттік инвестициялық жобаны күту үшін арналған ше-тел валютасындағы арнайы шот;

- бюджеттік инвестициялық жобаның шетел валютасындағы арнайы шотқа Ұлттық валютадағы шот;

- бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру мерзімін-де ақшаларды есепке алу мен пайдалану үшін арналған жаңғырмалы шот;

- шетел валютасымен операциялар жүргізу үшін арналған шетел валютасындағы шот;

- мемлекеттік мекеменің айрықша шығыстарын жүргізуге қажетті ақшаларды есепке алу мен жұмсау үшін арналған нақтылық қаржыландыру шоты.

Осы шоттардың мәліметтері бойынша бюджетті атқару жөніндегі есептемелердің барлық түрлері құрылады. Есептемелерді дайындаушылар бойынша бюджетті атқару жөніндегі есеп берулер төрт түрге бөлінеді. Олар:

- 1) мемлекеттік мекемелердің есеп беруі;
- 2) бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктерінің есеп беруі;
- 3) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның есеп беруі;
- 4) үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың есеп берулері.

Барлық есеп берулер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құрылады және ұсынылады. Республикалық бюджетті атқару жөніндегі есеп берудің құру мен ұсыну тәртібін ҚР Президенті тағайындайды.

Республикалық бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өткен қаржы жылғы республикалық бюджетті атқару бойынша жылдық есепті ҚР Үкіметіне, бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік қаржылық бақылау органына ұсынады. Бұл республикалық бюджетті атқару жөніндегі жылдық есеп беру бекітілген, анықталған, түзетілген республикалық бюджетті және оның қасалық атқарушы көрсетуі тиіс. Есепке қосымша ретінде түсіндірме хат және бюджеттің түсімдері бойынша атқарушы мен республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру мен олардың тиімділігінің бағалауы жөнінде аналитикалық есеп қоса тіркеледі.

Бюджеттік есепке алу бірыңғай қазынашылық шоттан және мемлекеттік мекемелердің шоттарынан жасалатын операциялар туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері туралы ақшалай түрдегі ақпаратты жинаудың, тіркеудің және жинақтаудың Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен реттелген, тәртіпке келтірілген жүйесін білдіреді.

Бюджеттік есепке алу деректері бюджеттік есептілік жасау үшін негіз болып табылады.

Бюджеттік есепке алуды жүргізу тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Бюджеттік есептіліктің сапалық сипаттамалары

- ✓ Бюджеттік есептілік мынадай:
- ✓ жасалған операциялардың түпнұсқалығын және есепке алуда оларды көрсеткен кезде қателердің жоқтығын білдіретін анықтық;
- ✓ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық талап етілетін ақпараттың көрсетілуін білдіретін толықтық;

✓ басқа да нормативтік құқықтық актілердің есептілікті жасау жөніндегі ережелерінің сақталуын білдіретін сәйкестік сапалық сипаттамаларға сай келуге тиіс.

Алынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтің) бюджетке түсетін түсімдері бюджеттік есептілікте ақшалай түрде көрсетіледі.

Бюджеттік есептіліктің түрлері

1. Бюджеттік есептілік есептердің мынадай түрлерін:

1) мемлекеттік мекемелердің есептерін:

- тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепті;

- филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есепті; дебиторлық берешек туралы есепті; кредиторлық берешек туралы есепті;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептерін:

- бюджеттік мониторингтің нәтижелері туралы есепті; тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепті;

- филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен ақшаның түсуі және оның жұмсалуды туралы есепті; дебиторлық берешек туралы есепті;

- кредиторлық берешек туралы есепті; бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есепті;

3) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілігін: республикалық, тиісті жергілікті бюджеттердің, облыстар, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің, мемлекеттік және шоғырландырылған бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есепті. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасын бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есепті:

- мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепті;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері туралы есепті;

- мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен ақшаның түсуі және оның жұмсалуды туралы есепті;

- мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешегі туралы есепті;

- мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегі туралы есепті;

- бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша республикалық (жергілікті) бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есепті; шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бір мезгілде берілетін есептерді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органның есептерін:

- республикалық немесе тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті қамтиды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өз құзыреті шегінде бюджеттік есептіліктің қосымша нысандарын белгілейді.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер бюджеттік есептілікті жасау және табыс ету жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуға міндетті.

Стратегиялық жоспардың іске асырылуы туралы есепті қоспағанда, бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есеп есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық және жергілікті бюджеттерді, қабылданған, төленбеген міндеттемелерді, бюджет түсімдерінің атқарылуын және (немесе) тиісті бюджеттің бюджеттік бағдарламалары бойынша төленген міндеттемелерді көрсетеді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік, шоғырландырылған, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді ай сайын – Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға, тоқсан сайын – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ай сайын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есепті әкімдікке, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі

жергілікті уәкілетті органдарына, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Облыстың республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ай сайын және жыл қорытындылары бойынша есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ай сайын аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ басқа да есептерді әкімдікке, облыстың тексеру комиссиясына, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына, облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ай сайын аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ басқа да есептерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

2. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың I сәуірінен көшіктірмей есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасайды және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

- республикалық бюджет туралы заңға қосымшаларға сәйкес республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептен;

- есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы, жүргізілген бюджеттік мониторинг және оның нәтижелерін бағалау негізінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есептен тұрады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есепте бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу, бөлінген бюджет қаражатының игерілуі, бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат қамтылады.

Республикалық бюджеттік бағдарламаларды орындау туралы талдамалық есеп бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджеттік бағдарламалар бөлігінде жасалады;

республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктен тұрады.

Түсіндірме жазба елдегі экономикалық ахуал және республиканың тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң баптарының орындалуы туралы талдамалық ақпаратты қамтиды.

Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ұсынады. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Парламентінде қарау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ағымдағы жылғы 15 мамырдан кешіктірмей өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне талқылау мен бекіту және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат үшін ұсынады.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қазақстан Республикасының Парламенті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін алғаннан кейін есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жылдық есебін өз кезегімен қарау арқылы Палаталардың бөлек отырысында - алдымен Мәжілісте, содан кейін Сенатта талқылайды.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылаған кезде Қазақстан Республикасының Парламенті:

➤ Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген адамдардың республикалық бюджеттің атқарылуы және тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған елдегі салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы баяндамасын;

➤ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

➤ Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары уәкілеттік берген адамдардың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытынды жасалған қосымша баяндамаларын тыңдайды.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті шықылау кезінде Қазақстан Республикасы Парламентінің тұрақты комитеттері республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері басшыларының бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу туралы баяндамаларын тыңдайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептері Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенатында талқыланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында бекітіледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есепті жылдан кейінгі жылдың I сәуірінен кешіктірмей есепті қаржы жылы үшін облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті әкімдікке, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Есепті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есеп:

1) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы мәслихаттың шешіміне қосымшаларға сәйкес облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін тиісті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есептен;

2) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің түсімдер бойынша атқарылуы, жүргізілген бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалау негізінде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есептен тұрады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есепте аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу, бөлінген бюджет қаражатының игерілуі, бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат қамтылады;

3) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктен тұрады.

Түсіндірме жазба экономикалық ахуал және тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы, тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті баптарының орындалуы туралы талдамалық ақпараттан тұрады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын қоғамдық кеңестің отырысында облыстық бюджеттің республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауды жүргізеді.

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі есепті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есепті жыл сайын қосымшаларымен бірге:

- ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясына;

- ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихатына ұсынады.

Мәслихат өткен қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдіктерінің жылдық есебін облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының есебін алғаннан кейін бір айдың ішінде мәслихаттың тұрақты комиссияларында қарайды.

Жылдық есепті қараған кезде мәслихат:

- әкімдік уәкілеттік берген адамдардың облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы және тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған өңірдің салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы баяндамасын;

- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы төрағасының облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы баяндамасын;

- мәслихат уәкілеттік берген адамның (адамдардың) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есеп бойынша қорытынды жасалған баяндамасын;

➤ әкімдік уәкілеттік берген адамның облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасының іске асырылуы туралы баяндамасын;

➤ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшыларының нұсқасы, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына қол жеткізуі, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы баяндамаларын тыңдайды.

Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есеп мәслихаттың тұрақты комиссияларында қаралғаннан кейін мәслихаттың сессиясында бекітіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге әкімдікке, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

○ аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы мәслихаттың шешіміне қосымшаларға сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін тиісті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы есептен;

➤ жүргізілген бюджеттік мониторинг пен оның нәтижелерін бағалау негізінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есептен тұрады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есепте аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу, бөлінген бюджет қаражаның игерілуі, бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат қамтылады.

Түсіндірме жазба экономикалық ахуал туралы және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы, тиісті қаржы жылына арналған аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет баптарының атқарылуы туралы талдамалық ақпаратты қамтиды.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын қоғамдық

кеңестің отырысында аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауды өткізеді.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге жыл сайын:

➤ ағымдағы жылдың 20 наурызынан кешіктірмей құрамына тиісті аудан (облыстық маңызы бар қала) кіретін облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиясына;

➤ ағымдағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына ұсынады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей есепті қаржы жылындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге жергілікті қоғамдастықтың жиналысына, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына ұсынады.

Есепті қаржы жылындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есеп:

○ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешіміне қосымшаларға сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді білдіретін тиісті қаржы жылындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есептен;

○ жүргізілген бюджеттік мониторинг пен оның нәтижелерін бағалау негізінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің түсімдер бойынша атқарылуы, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есептен тұрады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық есепте аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу, бөлінген бюджет қаражатының игерілуі, бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуы туралы ақпарат қамтылады;

Түсіндірме жазбада экономикалық ахуал туралы және тиісті қаржы жылына арналған аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері баптарының атқарылуы туралы талдамалық ақпарат қамтылады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жергілікті қоғамдастықтың жиналысында аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылауды өткізеді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жыл сайын жергілікті қоғамдастық жиналысымен келіскеннен кейін есепті қаржы жылындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті шешімшаларымен бірге:

- ағымдағы жылдың 10 наурызынан кешіктірмей облыстың тексеру комиссиясына;

- ағымдағы жылдың 20 наурызынан кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына ұсынады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есебін облыстың тексеру комиссиясының аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы есебін алғаннан кейін бір ай ішінде мәслихаттың тұрақты комиссияларында қарайды.

Жылдық есепті қараған кезде мәслихат:

- әкімдік уәкілеттік берген адамның аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

- облыстың тексеру комиссиясы төрағасының немесе төраға уәкілеттік берген мүшесінің аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы баяндамасын;

- әкімдік уәкілеттік берген адамның ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасын іске асыру туралы баяндамасын;

- бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшыларының ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізу, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы баяндамаларын;

- мәслихат уәкілеттік берген адамның (адамдардың) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы есебі жөніндегі қорытындымен бірге баяндамасын;

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есеп

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға байланысты қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын аудит жүргізіледі.

Аудиторлық ұйымды таңдау конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы аудитін жүргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры аудитінің нәтижелерін қоса алғанда жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жасайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепте:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметі туралы есеп; Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқару нәтижелері бойынша жылдық қаржылық есептілікке Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы мен бас бухгалтері қол қояды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасаудың нысандары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, жыл сайын ағымдағы жылдың 1 маусымынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Президенті бекіткеннен кейін оны ақпарат ретінде Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есеп және аудит жүргізудің нәтижелері туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Бақылау сұрақтары

1. *Бюджет теңе-теңдігі*
2. *Бюджет дефицитіне қатысты фискалдық саясаттың 3 концепциясы*
3. *Мемлекеттік қарыз және оның түрлері*
4. *Мемлекеттік қарызды қамтамасыз ету бойынша шығындар*
5. *Мемлекеттік несие*
6. *Мемлекеттік қарызды басқару*
7. *Қазынашылық: түсінігі, функциялары және тапсырмалары*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ

1. Бюджетті нақтылау
2. Бюджетті түзету
3. Бюджеттік мониторинг
4. Қаржылық есептілік

1. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың мазмұны, мәні және міндеттері

Мемлекеттік қаржылық бақылау - қаржылық бұзушылықтарды анықтау, жою және алдын-алу мақсатында бақылау объектілерімен бюджеттің және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының сақталуын тексеру және талдау жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асыратын мемлекеттің қызметі.

Мемлекет қызметінің кез келген бағыты қойылған мақсаттарға жету үшін қажет болатын міндеттерге байланысты қалыптасады. Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік қаржылық бақылаудың мақсаты бұзушылықтарды анықтау, жою және алдын-алу болып табылады. Осылайша, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесіне келесі міндеттер қойылады:

- республикалық және жергілікті бюджеттердің, қаржы және бюджеттік пәндердің орындалуы саласындағы заңнаманы бақылау объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

- мемлекеттің дамуының стратегиялық маңызды бағыттары мен бақылау объектілерінің барынша мүмкін болатын санының бақылау шаралары арқылы қамту;

- мемлекеттік қаражатты заңды, мақсатты және ақылға қонымды пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ заңсыз, негізсіз немесе мақсатқа арналмаған қаражаттың ел бюджетіне қайтарылуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының бюджетін және өзге де заңдарын бұзушыларға қатысты әкімшілік шараларды және / немесе қылмыстық санкцияларды қозғау;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржылық бақылауды оның дамуының әлемдік үрдістеріне сәйкес жетілдіру.

Қоғамның қаржы-экономикалық өмірлерді әртүрлі сфераларда қиын тапсырмалардың тиімді және өте жақсы орындалуы, оны ұйымдастыру мен бақылаудың түріне және әдістеріне сәйкесті.

Бақылау субъектісіне сәйкес мынадай түрлері бар:

- мемлекеттік бюджеттік бақылау;
- ведомстволық бақылау;
- қоғамдық бақылау;

- тәуелсіз бақылау;
- құқықтық бақылау.

Мемлекеттік бюджеттік бақылау - мемлекеттік биліктің органдары арқылы жүзеге асырылады, ол мемлекет пен қоғамның мүддесін қамтамасыз етеді, яғни салық төлеушілердің бюджет алдындағы міндеттемелердің орындалуын және бюджеттік қаржыландырудың максатты пайдалануын тексереді.

Ведомстволық бақылау – Министрліктер мен ведомстволардың бақылауревизиялық басқармалары арқылы жүзеге асырылады. Мұнда бюджет қаражатының шығындалуын тексереді, бюджет сыныптамасына сәйкесті және ведомстволық белгілеріне сәйкесті бөлінген шығындар және бюджеттік ссудаларды пайлану, субвенция, субсидия және басқа да бюджеттік қаржылық көмектерді пайдалануды тексереді.

Қоғамдық бақылау – бұл Үкімет емес ұйымдар мен мекемелер арқылы жүзеге асырылады. Бақылау объектісі болып тексерушінің алдына қойған тапсырмалары болып табылады (қоғамдық бірлестіктер, кісіподақтар, әртүрлі партиялар).

Тәуелсіз бақылау – мамандандырылған аудиторлық фирмалар мен службалар арқылы жүзеге асырылады.

Құқықтық бақылау – құқықтық қорғау органдарымен ревизия нысанында және соттық, бухгалтериялық экспертиза нысанында жүргізіледі.

Бюджеттік бақылауды жүргізу уақытына сәйкесті былай болады:

- алдын-ала бюджеттік бақылау, мұнда әртүрлі деңгейдегі бюджеттер құрастырылады, қарастырылады және бекітіледі. Бюджеттік мекемелердің шығын сметалары құрастырылады және бюджеттік салық сұрақтар бойынша заң актілері қабылданады. Бұл бюджет қаражатын ысырапсыз пайдалануда ескерту құралы болып табылады.

- ағымдағы бақылау – субъектінің бюджеттік бақылаудың іс-әрекеттері жүзеге асырудың негізгі түрі. Ол жыл бойына бюджеттің атқарылуы мен бюджеттік ұйымдастырудың шығын сметаларының атқарылуын күн сайын бақылауды жүзеге асыру және қаржылық нормалар мен нормативтерді сақтау.

Ағымдағы қаржылық бақылау кезінде алғашқы құжаттар операциялық және бухгалтерлік есеппен есеп беру құжаттары ағымдағы талдаудың нәтижелерді салықтық және салықтық емес бюджеттік кірістердің түсім деңгейлері бақыланады және олардың іс-әрекетіне баға береді. Ал кейінгі бақылау қаржылық жыл мен есеп мерзімі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттің ақша ресурстарының жасалуы, бөлісуі және пайдалануы бойынша іс-әрекет нормативті-құқықтық актілерге негізделеді және олармен реттеледі. Осы іс-әрекеттің заңдылығын қамтамасыз етудің маңызды және қажетті құралы болып мемлекеттік бақылау және оның

құрылымдық бөлігі қаржылық бақылау болып табылады. Қаржылық бақылаудың маңызы мен қажет болуы негізінде ақша құралдары қорын жасалуы, бөлісуі мен пай-далануына байланысты экономикалық қатынастарды әлпеттейтін және экономикалық категория болатын қаржыларын бақылау функциясымен дәйектеледі.

Бюджеттік кодексте қаржылық бақылауға мынадай түсінік беріледі: «Мемлекеттік қаржылық бақылау (сыртқы және ішкі) -ол мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінің республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару, есебі мен атқару жөнінде есептілік жүргізу, оларды атқаруын бағалау, гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекеттің кепіліндегі заемдарды, мемлекеттік мекемелердің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатудан түскен және олардың билігінде қалатын ақшаларды пайдалану бойынша іс-әрекетін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігін тексеру».

«Мемлекеттік қаржылық бақылау объектісі» ұғымына ҚР Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар, бюджет түсімдерін төлету және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, олардың ведомстволық ұйымдары, бюджет құралдарын алушылар, мемлекеттің гранттарды, активтерді, мемлекеттің кепіліндегі заемдарды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жатады.

Негізінде қаржылық бақылауды іске асыру, біріншіден, барлық шаруашылық субъектілердің қаржылық заңнамалар мен қаржылық тәртіпті сақтауларын бақылау жөніндегі арнайы құрылған органдардың заңнамалы реттелген іс-әрекетін маңыздайды. Екіншіден, қаржылық бақылау - ол қажеттілігі қоғамдық дамудың объективтік мұқтаждарымен дәйектелген қаржылық процестерді басқарудың міндеті элементі және маңызды функцияларының бірі, себебі қоғамдық қаржы құралдарын басқару қоғамның алдында езінің жауапкершілігін күштар етеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің дамуы мен жетілдіруі республикада халықаралық тәртіптерге сәйкес, бірақ Ұлттық экономиканың даму ерекшеліктері мен әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерін есептей отырып және әрекеттегі әдіс-тәсілдерді, құралдар мен әдістемелік шешімдерді сақтаумен іске асырылады.

Мемлекеттік қазналық бақылау өз алдына билік пен басқарудың арнайы органдарының мемлекеттік қаржы ресурстарын қалыптастыруына байланысты ақша құралдарының қозғалысын, олардың толық және өз уақытында түсуі мен мақсатты пайдалануын тексеруді іске асыру үшін экономикалық-құқықтық барлығы әрекеттерін көрсетеді. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың заңнамалық негіздері Конституцияда бекітілген және Бюджеттік кодекстің арнайы ережелерімен реттелген.

Тиісті қаржы жылы ішінде республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы республикалық және жергілікті

бюджеттердің көрсеткіштерін өзгерту республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау болып табылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау:

○ Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіретін ахуалды жою қажет болған;

○ республикалық және жергілікті бюджеттер кірістерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері қабылданған немесе өзгертілген;

○ республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару барысында түсімдері ағымдағы қаржы жылы олардың бекітілген жылдық көлемінен он пайыздан астам сомаға кеміген немесе ұлғайған;

○ аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған, Республикалық бюджет комиссиясының он ұсыныстары бар бюджеттік инвестициялар бойынша тиісті құжаттама ұсынылмаған жағдайларда жүргізіледі.

Республикалық бюджетті нақтылау қосымша нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлінген және (немесе) олардың бөлінген көлемдері өзгерген кезде де жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ағымдағы қаржы жылынан асатын мерзімге қарыз алған жағдайда да жергілікті бюджеттерді нақтылау жүзеге асырылады.

Сондай-ақ бірыңғай бюджеттік сыныптамаға өзгерістер енгізу кезінде жергілікті бюджеттерді нақтылауға жол беріледі.

Жергілікті атқарушы органның бастамашылығы бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде тоқсанына бір-ақ рет жергілікті бюджетті нақтылауға жол беріледі.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бастамасы бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерін ағымдағы қаржы жылы ішінде тоқсанына бір реттен жиілетпей нақтылауға жол беріледі.

Мәслихат депутаттарының бастамашылығы бойынша жергілікті бюджетті ағымдағы қаржы жылы ішінде тоқсанына бір реттен жиі емес нақтылауға жол беріледі.

Тиісті бюджеттік комиссияның республикалық бюджет туралы заңға немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджет қаражатын қысқарту туралы шешім қабылданған бюджеттік бағдарламалар бойынша операцияларды тоқтата тұруға құқылы.

Республикалық бюджетті нақтылау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің

және(немесе) Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

Республикалық бюджетті нақтылау ағымдағы қаржы жылы ішінде бір рет жүзеге асырылады.

Ағымдағы қаржы жылы ішінде республикалық бюджетті қайтадан нақтылауға:

- республикалық бюджеттің түсімдері ағымдағы қаржы жылында олардың бекітілген жылдық көлемінен он пайыздан астам сомаға кеміген немесе ұлғайған;

- республикалық бюджеттің шығыстары ағымдағы қаржы жылында олардың бекітілген жылдық көлемінен он пайыздан астам сомаға күтілетін игерілмеген жағдайларда жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру қажет болған жағдайларда республикалық бюджетті нақтылауға қолданылмайды.

Республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды Республикалық бюджеттік комиссия қарайды.

Республикалық бюджетті нақтылау кезінде республикалық бюджетті әзірлеу мен бекіту кезіндегі талаптар сақталады.

Республикалық бюджет комиссиясының ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы ұсынысын ескере отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері бес жұмыс күні ішінде:

- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, стратегиялық жоспарларды әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өзгерістер енгізу көзделетін бюджеттік бағдарламаларының жобаларын;

- бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және өзгерістер енгізу көзделетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік өтінімді ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, стратегиялық жоспарларды әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оларды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық

жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және бюджеттік өтінімдерді қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде нақтыланған республикалық бюджеттің жобасын жасайды және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының нақтыланған республикалық бюджеттің жобасы бойынша ұсынысының негізінде он жұмыс күні ішінде республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жасайды және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынады.

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін оның атқарылу барысында нақтылау жергілікті атқарушы органның және (немесе) мәслихат депутаттарының ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін нақтылау жөніндегі ұсыныстарды тиісті бюджеттік комиссия қарайды.

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін нақтылау кезінде облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін әзірлеу мен бекіту кезінде белгіленген талаптар сақталады.

Облыстық бюджеттерді, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерін нақтылау республикалық бюджетті нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда, мәслихаттың тиісті шешімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті оның атқарылуы барысында нақтылау жергілікті атқарушы органның және (немесе) мәслихат депутаттарының ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды тиісті бюджет комиссиясы қарайды.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау кезінде белгіленген, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті әзірлеу мен бекіту кезіндегі талаптар сақталады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес облыстық бюджет пен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында бөлінетін

түсімдер бойынша нақтылау облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органымен келісу бойынша жүргізіледі.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті нақтылау облыстық бюджетті нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда мәслихаттың тиісті шешімі облыстық бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы облыстың жергілікті атқарушы органының қаулысы қабылданғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерін оның атқарылуы барысында нақтылау әкімдердің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ауданның атқарушы органының және (немесе) аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты депутаттарының ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерін нақтылау жөніндегі ұсыныстарды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің аппараттары, тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы қарайды.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерін нақтылау кезінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерін әзірлеу мен бекіту кезіндегі талаптар сақталады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерін нақтылау аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының тиісті шешімі аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қаулысы қабылданғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

2. Бюджетті түзету

Секвестр бюджет қаражатының шығыстарын белгілі бір шектерде қысқартуды көздейтін арнайы тетікті білдіреді, ол республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару кезінде бекітілген түсімдер республикалық және жергілікті бюджеттерге толық түспеуі салдарынан бекітілген бюджеттік бағдарламаларды толық көлемде қаржыландыру мүмкін болмаған жағдайларда енгізіледі.

Секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) шығыстарын қоспағанда, бюджет шығыстарын олардың бекітілген жылдық көлемінің он пайызынан аз сомаға секвестрлеу – Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы

органның (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің) шешімімен, он пайыздан жоғары сомаға секвестрлеу заңның немесе мемлихат шешімінің негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның секвестр жүргізу туралы қаулысының негізінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган бюджет түсімдері мен шығыстарын өзгерту арқылы тиісті бюджетті түзетуді жүзеге асырады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің секвестр жүргізу туралы шешімінің негізінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппараты бюджет түсімдері мен шығыстарын өзгерту арқылы тиісті бюджетті түзетуді жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) қысқартылған кезде олардың басымдығы мен әлеуметтік бағыттылығы ескеріледі.

Тиісті бюджеттік комиссияның секвестрлеу туралы ұсынысын ескере отырып, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган азаматтық-құқықтық мәмілелердің тіркелуін жүзеге асыруды және секвестрлеу белгіленген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төлемдер жүргізуді тоқтата тұрады.

Секвестр жүргізу кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімдерді жасайды және оларды бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Секвестрлеу кезінде бюджет қаражаты есебінен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша туындаған қатынастарды реттеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындауға бағытталған бюджет қаражатының шығыстары бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайды.

Тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес мемлекеттік мекемелердің қабылданған міндеттемелері бойынша бюджет қаражаты ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанынан кейін бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, кезекті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен

шылықтырулар енгізу арқылы бекітілген (нақтыланған) бюджеттің көрсеткіштерін өзгерту бюджетті түзету болып табылады.

Егер жүргізілген түзетуден кейін бюджетті нақтылау жүргізілсе, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, бюджеттің түзетілген көрсеткіштері нақтыланған бюджетте көрсетіледі.

Республикалық бюджетті түзету:

1) орталық мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, функциялары мен штат санының лимиттері өзгертілген жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл ретте бюджетті түзету аталған жағдайларға байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген (нақтыланған) бюджеттік бағдарламалардың жалпы сомасы шегінде біріктіруді, бөлуді, қысқартуды (ұлғайтуды), беруді білдіреді;

2) бюджетте бюджеттік бағдарламалардың белгілі бір әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары құрамында бекітілген бюджеттік бағдарлама қаражаты бюджеттік бағдарламалардың түрлі әкімшілері арасында бөлінген;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтері қаражатының жалпы көлемін қайта бөлу арқылы тиісті резервтің жоспарлы мақсаттарын ұлғайту үшін резерв түрлерінің біріне көзделген қаражат жеткіліксіз болған;

4) Республикалық бюджет комиссиясында қаралмастан, қаражат ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің бес пайызынан аспайтын көлемде бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, республикалық бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісінің бюджеттік даму бағдарламалары арасында, Республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарай отырып, ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің бес пайызынан он пайызына дейінгі көлемде бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, республикалық бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісінің бюджеттік даму бағдарламалары арасында қайта бөлінген;

4) Республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарай отырып, бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражаты итерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалған кезде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, қаражат республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары арасында ағымдағы қаржы жылына бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің он пайызынан аспайтын көлемде қайта бөлінген;

5) аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған, Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсыныстары бар бюджеттік инвестициялар бойынша тиісті құжаттама ұсынылмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Бұл ретте көрсетілген бюджеттік инвестицияларды іске асыру үшін көзделген сомалар бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің бір бюджеттік бағдарламасы шеңберінде басқа бюджеттік инвестициялық жобалар арасында қайта бөлінуі мүмкін.

Жергілікті бюджеттерді түзету:

1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мен оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, функциялары мен штат санының лимиттері өзгертілген жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл ретте бюджетті түзету аталған жағдайларға байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешімінде бекітілген (нақтыланған) бюджеттік бағдарламалардың жалпы сомасы шегінде біріктіруді, бөлуді, қысқартуды (ұлғайтуды), беруді білдіреді;

2) қаржы жылы ішінде төмен тұрған бюджетке Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының резервтерінен қаражат бөлінген, сондай-ақ қаржы жылы ішінде төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджетте көзделген бөлінетін бюджеттік бағдарламадан қаражат бөлінген;

3. Бюджеттік мониторинг

Міндеттемелердің уақтылы қабылданбау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы жүргізілмеу себептерін анықтау, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамдарын жасау мақсатында жүзеге асырылатын бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін тұрақты және жүйелі жинау, бақылап отыру және талдау бюджеттік мониторинг болып табылады.

Бюджеттік мониторингті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

Бюджеттік мониторинг бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілігі және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептер береді.

Бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тоқсан сайын және жыл қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне, жергілікті атқарушы органдарға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есепті, сондай-ақ ай сайын бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданбаған міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының уақтылы орындалмауы туралы ескертпе-ақпарат жібереді.

Тиісті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есептің нәтижелері тиісті бюджетті әзірлеу немесе нақтылау, мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, республикалық бюджет жобасына алдына ала бағалауды жүзеге асыру кезінде ескеріледі.

Орындау мониторингіне ерекше орын беріледі. Алайда Қазақстанда голық іске асыру қиындықтарға бірқатар еңсеру елдің мемлекеттік қаржылық бақылау бақылау органдарының осы түрі:

Біріншіден, тікелей мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің тиімділігін бақылау үшін бірыңғай әдістемесін болмауына байланысты тиімділігін толыққанды жүйелі мониторинг, болмауы;

Екіншіден, республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылау ережелеріне сәйкес, бақылау барынша ұзақтығы күнтізбелік отыз күн мөлшерінде белгіленеді. Сонымен бірге, қаржылық бақылаудың әлемдік тәжірибесіне сәйкес, тиімділікті бақылау үшін 6 ай немесе одан да көп мерзімге рұқсат етіледі;

үшіншіден, салдарынан тиімділігін талдау және мониторинг министрліктер мен ведомстволардың қызметі туралы деректер айтарлықтай көлемін қамтамасыз бұл шын мәнінде, олар бақылау осы түрін жүзеге асыруға қажетті дағдыларға ие, өте маңызды оқу аудиторлар болып табылады;

Төртіншіден, негізгі проблемалар нәтижелері бойынша бюджеттік жоспарлауды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдары алдында тұрған, бүгін олардың жетістіктерін дәрежесін көрсететін мемлекеттік органдардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін, ортақ мақсаттарға даму күрделілігі мен көрсеткіштерін өлшеу мақсатты көрсеткіштерін анықтау қиындық болып табылады, кемшіліктер ақпарат, әдістемелік қолдау және бухгалтерлік есеп, бюджет қаржысының тиімділігін белгіленген өлшемдер мен көрсеткіштердің болмауы айтарлықтай мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жұмысын қиындатты пайдаланыңыз.

Бағдарламалық-мақсатты көзқараста бюджет қаражатын жұмсауды бақылау жоғары немесе мамандандырылған мекемелер тарапынан шығындардың тиімділігі мен кейінгі сыртқы қаржылық аудитті ішкі бақылауға жұмсайтын бюджет қаражатының мақсатты бағыты бойынша сыртқы бақылаудан ауысады.

Бюджеттік шығындардың тиімділігіне негізделген бюджетті орындау процесі жоспарланған әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиісті механизмдерін құруды талап етеді. Экономикалық реформалар, барлық артықшылықтарға қарамастан, түрлі салалар мен басқару деңгейлеріне байланысты, бірінші кезекте мемлекеттік қаржыны басқару үшін жаңа мәселелер тудырды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік мониторинг жүргізу жөніндегі жалпы әдіснамалық және әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді.

Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің ел немесе өңір экономикасының, экономиканың жекелеген саласының (аясының), қоғамның дамуына әсер етуін объективті бағалау, мемлекеттік орган қызметі нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуді талдау нәтижелерді бағалау болып табылады.

Нәтижелерді бағалау:

1) Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес жүргізілетін Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын бағалауға;

2) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілетін тиімділік аудитіне;

3) орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін Жыл сайынғы бағалау жүйесіне сәйкес жүргізілетін орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалауға негізделеді.

Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының нәтижелерін бағалау:

1) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларын таңдаудың негізділігін, олардың түсінікті және анық жазылуын талдауды;

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізбеу немесе асыра орындау себептерін көрсете отырып, оларға қол жеткізілуін талдауды;

3) Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен бюджеттік бағдарламалары мақсаттарының өзара байланысының болуын талдауды;

4) нәтижелерді бағалау қорытындылары бойынша ұсынымдарды қамтуға тиіс.

Бюджеттік бағдарламаларда айқындалған тікелей және түпкілікті нәтижелерге, оның ішінде бюджет қаражатын толық игеру кезінде қол жеткізбегені үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы және бюджеттік бағдарламаның басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Бухгалтерлік есепке алудың және қаржылық есептіліктің мақсаты мүдделі адамдарды мемлекеттік мекемелердің қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Бухгалтерлік есепке алудың және қаржылық есептіліктің принциптері мен негізгі сапалық сипаттамалары

Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілікті жасау принциптері есептен шығару және қызмет үздіксіздігі болып табылады.

Есептен шығару принципі ақы төлеу уақытына қарамастан, оларды жасау фактісі бойынша операциялардың нәтижелерін танумен қамтамасыз етіледі.

Қызмет үздіксіздігі принципі мемлекеттік мекеменің алдағы болашақта жұмыс істейтін ниеті бар екенін, қызметін таратудың немесе қызмет ауқымдарын едәуір қысқартудың қажеті болмайтынын білдіреді. Егер мұндай ниет немесе қажеттілік бар болса, онда қаржылық есептілік арнаулы ережелер бойынша жасалады.

Қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары түсініктілік, орындылық, сенімділік және салыстырмалылық болып табылады.

Түсініктілік - қаржылық есептілікте берілетін ақпарат пайдаланушыларға түсінікті болуы тиіс.

Орындылық - шешімдер қабылдайтын пайдаланушылар үшін ақпараттың орынды болуы және олардың оқиғаны бағалауына көмектесуі, бұрынғы бағаларын растауы немесе түзетуі тиіс.

Сенімділік - елеулі қателер мен бұрмалаушылықтардың болмауы және пайдаланушылардың ақпаратқа шынайы ақпарат ретінде сенуі.

Салыстырмалылық - әртүрлі кезеңдердегі және әртүрлі мемлекеттік мекемелердің ақпаратын салыстыру мүмкіндігі. Ұқсас операциялардың қаржылық нәтижелері барлық мемлекеттік мекемелер үшін бірыңғай әдіснама бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

Бухгалтерлік есепке алу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен және есепке алу саясатымен регламенттелген мемлекеттік мекемелердің операциялары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және жинақтаудың тәртіпке келтірілген жүйесін білдіреді.

Есепке алу саясаты мемлекеттік мекемелер барлық мемлекеттік мекемелер үшін бірыңғай болып табылатын қаржылық есептілікті жасау мен ұсыну кезінде қолданатын принциптерді, негіздерді, ережелерді, қағидаларды және практиканы қамтиды. Есепке алу саясатын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлеп, бекітеді.

Бухгалтерлік есепке алудағы операциялар мен оқиғалар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алу жүргізу тәртібін, мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу тәртібін, мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша қажет болған жағдайларда олардың қызмет ерекшелігін ескеріп және мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алу жүргізудің белгіленген тәртібін сақтай отырып, мемлекеттік мекемелерде өз жүйесінің бухгалтерлік есепке алу жөніндегі жалпы ережелерін қолдану тәртібі туралы нұсқаулар шығара алады.

4. Қаржылық есептілік

Әлемдік тәжірибеде бюджеттік қаражатты басқарудың екі тәсілі қалыптасты: қаржы менеджментінің қымбат үлгісі және нәтижеге бағытталған тиімді бюджет. Қазақстанда бюджетті өнімділік моделі басқарады. Нәтижелер бойынша бюджеттеу нормативтік құқықтық реттеуді білдіреді, оның басталуы бюджет қаражатын жұмсаудың тікелей және түпкілікті нәтижелерін және максаттарға жету деңгейін анықтайтын көрсеткіштерді анықтау болып табылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау - бұл мемлекеттің қаржы ресурстарын пайдаланудың экономикалық негізділігін қамтамасыз етуге, қаржылық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға бағытталған шаралар жүйесі. Бұл мемлекеттік қаржы ресурстарын олар үшін белгіленген нормалардан, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму үдерістерін жоспарлаудан нақты белгіленген индикаторлардан ауытқуды анықтау үшін мамандандырылған ұйымдардың және оларда жұмыс істейтін қызметкерлердің объективті, объективті негізделген қызметі.

Бюджеттеу келесі принциптерге негізделген:

- мемлекеттің өз функцияларын орындау барысында алынған әлеуметтік-экономикалық нәтижелерін жоспарлау;

- әлеуметтік-экономикалық тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты бюджет қаражатын болу;

- стратегиялық мақсаттарға, тактикалық тапсырмалар мен бағдарламаларға бюджет қаражатын бөлу;

- тиісті заңнамалық немесе өзге де нормативтік құқықтық актілер түрінде ресімделген мемлекеттік саясат қағидаттары негізінде стратегиялық мақсаттарды, тактикалық тапсырмаларды және бағдарламаларды қалыптастыру;

- халықтың қатысуымен мақсаттарды, міндеттерді және бағдарламаларды айқындау;

- бюджет қаражатын басқарушыларға олардың мақсаттары мен міндеттеріне жету жолдарын таңдауға, сондай-ақ бағдарламалар мен жоспарланған кезеңдерде қаражаттарды қайта бөлу мүмкіндігін беруде;

- түпкілікті нәтижеге бюджет қаражаты мен бюджет алушыларының жауаптылығын күшейту;

- шығыстардың тиімділігіне ішкі бақылауды жүзеге асыру [3].

Мемлекеттік бюджет шығыстары - экономиканың қажеттіліктеріне бюджеттік бөлу процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастар болып табылады және мемлекеттік функцияларды орындауға. Мемлекеттік шығыстар тауарлар мен қызметтердің және трансферттік төлемдерден мемлекеттік сатып алу сомасы ретінде өте жалпы талаптары берілген. Мемлекеттік сатып алу, мысалы, қаруды сатып алу, құрылыс, судьялардың қызметтерді төлеу, мұғалімдер, өрт сөндірушілер, полиция қызметкерлері түрлі қамтиды. Трансферттік төлемдер - олар тікелей сіңіріледі немесе пайдаланылады ретінде салық төлеушілерден түскен салық түсімдерін қайта болу төлемдер, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы түрінде тұрғындардың белгілі бір топтары, әлеуметтік қамсыздандыру төлемдер және қауіпсіздік, ардагерлер жәрдемақы ... Ең жиі, мемлекеттік сатып алу, шығындарды жеті аталады ресурстар. Аударымдар толық емес, өйткені олар ресурстарды жұтып қоймайды, өндіріспен байланысты емес. Сонымен қатар, екеуі де трансферттер мен сатып алу ресурстардың бөлінуіне әсер етеді. Мемлекеттік сатып алулар қоғамдастық Жеке қоғамдық тұтыну ресурстарын қайта бөледі арқылы болса, онда ол тек жеке сектор арқылы тауарларды тұтыну құрылымын өзгертеді және мемлекеттік трансферттер жеке есебінен қоғамдық тұтыну ұлғайту әсер етпейді: ол экономикадағы мемлекеттік араласу нәтижесінде емес, трансферттердің қарағанда, мемлекеттік сатып алу аясын өзгерту арқылы неғұрлым тиімді болады деп атап өткен жөн.

Қаржылық есептілік мемлекеттік мекеменің қаржылық жағдайы және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпаратты білдіреді.

Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі:

1) бухгалтерлік балансты;

2) қаржы қызмегінің нәтижелері туралы есепті; таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепті;

3) қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есепті.

Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі бастапқы құжаттармен расталады. Мемлекеттік мекеме барлық операциялардың бірыңғай бухгалтерлік есепке алынуын жүргізеді. Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну тәртібін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітуге жатпайтын мемлекеттік бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасайды.

Жылдық қаржылық есептілік үшін I қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады.

Жаңадан құрылған мемлекеттік мекеме үшін бірінші есепті жыл ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап сол жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы кезеңді қамтиды.

Мемлекеттік мекемелер қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне табыс етеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржылық есептілікті:

1) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады.

Қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен беріледі. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімін анықтауға және жылына кемінде бір рет өзге де кезеңділікті белгілеуге құқылы.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржы қызметінің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұратын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

Бюджет түсімдері республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көрсетіледі.

Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржы қызметінің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұратын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

Үш жылдық бюджетке көшу және нәтижелерге негізделген бюджеттеу бюджеттік классификацияны айтарлықтай арттырды, ал қаржылық бақылау органдары енді мақалалар, суб-баптар бойынша ақша ағындарын бақылай алмайды. Сонымен бірге қаржы жауапкершілігінің барлық нормалары Бюджет кодексінен шығып, нәтижесінде үш жылдық бюджет қаржылық бақылау осы қораптың ішіндегі бірқатар қиындықтарға тап болған кезде «кара жәшікке» айнала алады. Жақында бүкіл элем бюджеттің ашықтығын, үкіметтің шешімдерінің ашықтығын арттыру үдерісі жүріп жатыр. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімділігіне бағдарланған бюджеттеу тұрғысынан анықталған проблемаларға сүйене отырып, біздің еліміздегі ашықтықты арттыру мәселесі өте өткір.

Бюджет түсімдері облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көрсетіледі.

Бюджеттік процестің ашықтығын арттыру мәселесін шешу мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларын және стратегиялық жоспарларын іске асыру көрсеткіштерін әзірлеу болып табылады. Нәтижеге бағдарланған бюджет критерийлер мен көрсеткіштерді заннамалық деңгейде мақұлдаған кезде тиімді болады, осылайша бюджеттік циклден үш жыл бұрын осы мақсатқа қол жеткізілгеніне қарамастан, салыстыруға болады.

Мемлекет тек қана әр мемлекеттік органның, әрбір лауазымды тұлғаның іс-әрекетінің тиімділігі жұмсалған қаражаттың көлеміне емес, қол жеткен нәтижелерге байланысты бағаланатын болған кезде ғана тиімді болады.

Стратегиялық жоспардың іске асырылуы туралы есепте оның іске асырылу барысы, мемлекеттік орган қызметінің мақсаттарына, нысаналы индикаторларына қол жеткізудегі прогресс туралы ақпарат камтылады.

Мемлекеттік орган стратегиялық жоспардың іске асырылуы туралы есепті жыл сайын жасайды және есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей бірінші басшының қолтаңбасымен веб-порталда (құпия сипаттағы және қызмет бабында пайдалануға арналған ақпаратты қоспағанда) орналастырады.

Стратегиялық жоспардың іске асырылуы туралы есепті жасау және ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында айқындалған бағыттарды, мақсаттарды, міндеттер мен ережелерді іске асыру шеңберінде инвестициялық ұсынысқа берілетін экономикалық қорытындының немесе жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде әлеуетті жекеше әріптес әзірлейтін мемлекеттік жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарға берілетін мемлекеттік жекешелік әріптестік жобасын іске асыру орындылығы туралы қорытындының негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестициялар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары, оның ішінде концессиялық жобалар республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Мыналар жатады:

1) бюджеттік инвестицияларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған мүлікке туындайтын меншік (республикалық немесе коммуналдық) құқығына қарай республикалық немесе жергілікті ретіндегі меншік түрі бойынша өлшемшарт;

2) пайда алушылар бойынша, егер экономикалық пайда алушылар екі және одан да көп облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылса – республикалық, егер экономикалық пайда алушылар бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылса – жергілікті ретіндегі өлшемшарт республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды айқындау өлшемшарттары болып табылады.

Бюджеттік инвестицияларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды республикалық ретінде айқындау үшін олардың өлшемшарттардың біріне сәйкес келуі жеткілікті болады.

Жергілікті бюджеттік инвестициялар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандық

(облыстық маңызы бар қалалардың) деп сыныптау өлшемшарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Республикалық бюджеттік инвестицияларды орталық мемлекеттік органдар республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асырады.

Жергілікті бюджеттік инвестицияларды жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырады.

Бюджеттік инвестициялар:

1) техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей және техникалық жағынан күрделі емес және (немесе) үлгілік болуы мүмкін объектілерді құруға (салуға) және реконструкциялауға, ақпараттық жүйелерді енгізуге және дамытуға;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту арқылы саланы (салаларды) институционалдық дамытуға бағытталуы мүмкін.

Іске асыру көзі мен тәсілін айқындау критерийлері:

1) бюджеттік инвестицияларды немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыруда артықшылықты таңдау критерийі жекеше сектордың, квазимемлекеттік сектордың субъектілері немесе мемлекеттік орган (бюджеттік бағдарлама әкімшісі) арасындағы инвестицияларды іске асыру және басқару тиімділігінің көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады;

2) қаржыландыру тетіктері бойынша критерий пайдалар мен шығындарды талдау негізінде жоспарланатын іс-шараның мүмкіндіктері негізге алына отырып, оларды қаржыландыру көздері мен тәсілдеріне сәйкес айқындалады.

Мыналар:

1) республикалық бюджет;

2) жергілікті бюджет бюджеттік инвестицияларды қаржыландыру көздері болып табылады.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды бюджеттен қаржыландыру тәсілдері:

1) бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыру;

2) бюджеттік инвестициялық жобаны бюджеттік кредиттеу;

3) заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту;

4) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын бюджеттік кредиттеу;

5) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді орындау.

Мемлекеттік инвестициялық жобаны қаржыландыру тетіктері бюджеттік инвестициялар көздерін және мемлекеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыру тәсілдерін қамтиды.

Аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған, жоспарлау кезеңдерінен өтпеген бюджеттік инвестициялар Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы болған кезде республикалық бюджет жобасына немесе оны ағымдағы қаржы жылының бірінші жартысында нақтылау шартымен нақтыланған республикалық бюджет жобасына енгізіледі.

Бұл ретте бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы алынған күннен бастап республикалық бюджет нақтыланғанға немесе түзетілгенге дейін құжаттаманы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Тиісті құжаттама белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, бюджеттік инвестициялар нақтылау немесе түзету кезінде республикалық бюджеттен алып тасталады. Бұл ретте көрсетілген бюджеттік инвестицияларды іске асыруға көзделген сомалар бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің басқа бюджеттік инвестициялары арасында қайта бөлінуі мүмкін.

Аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған, Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсыныстары бар бюджеттік инвестицияларды қарау және іріктеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Егер аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған республикалық бюджеттік инвестициялар бойынша көрсетілген құжаттар ұсынылғаннан кейін олардың құны тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген сомадан асатын жағдайда, бюджеттік инвестициялар құнының ұлғаюы ағымдағы қаржы жылында көзделген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

Егер аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған республикалық бюджеттік инвестициялар бойынша құжаттар ұсынылғаннан кейін олардың құны тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген сомадан аз болған жағдайда, онда қалған сома бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің бір бюджеттік бағдарламасы шегінде бюджеттік инвестициялар арасында қайта бөлінеді не бюджетті белгіленген тәртіппен түзету не нақтылау жолымен алып тасталады.

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға бағытталған активтер реттелмейді және Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы болған кезде республикалық бюджеттің жобасына немесе нақтыланған республикалық бюджеттің жобасына енгізіледі.

Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және іске асыру тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Инвестициялық ұсыныстарды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға енгізеді.

Инвестициялық ұсыныстар салалық сараптамадан өткізілуге жатады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынылатын инвестициялық ұсыныстардың негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды дайындайды.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларды бюджеттен қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдерін айқындау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысының нәтижесі болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның экономикалық қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен инвестициялық жобаны дайындау бойынша іс-шаралар өткізеді.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу және бюджеттік инвестицияларды іріктеу тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған, Республикалық бюджеттік комиссияның оң ұсыныстары бар бюджеттік инвестициялық жобалар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджетті нақтылауға немесе түзетуге дейін жетіспейтін құжаттаманы ұсынуы туралы кейінге қалдыру шартымен бюджет жобасына енгізіледі.

Бақылау сұрақтары

- 1. Бюджеттің атқарылуындағы қазынашылықтың ролі.*
- 2. Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдарды есеп-қасалық қамту*
- 3. Республикалық бюджеттің атқарылуына сипаттама беріңіз*
- 4. Төтенше бюджет түсінгі*
- 5. Бюджет жобасы: құрылуы және бекітілуі*
- 6. Унификация түсінігі*

ГЛОССАРИЙ

Бюджеттік инвестициялар – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жедел шаралар қабылдауға бағытталған активтерді қоспағанда, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы мемлекет активтерін құруға және (немесе) дамытуға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға бағытталған республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыру.

Бюджеттік инвестициялық жоба – жаңа объектілерді құруға (салуға) не қолда барларын реконструкциялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді іске асыруға арналған ақпараттық жүйелерді, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін қоспағанда, ақпараттық жүйелерді құруға, енгізуге және дамытуға бағытталған, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен бюджеттік бағдарлама әкімшісі тікелей іске асыратын және аяқталған сипаттағы іс-шаралар жиынтығы.

Бюджеттік инвестициялық жоба бойынша экономикалық қорытынды – бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптаманың қорытындысы негізінде дайындалған, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың экономикалық орындылығы, оның ел экономикасына ықпалы мен стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға сәйкес келуі тұрғысынан қорытындысы.

Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптама – техникалық-экономикалық негіздемеде ұсынылған ақпаратты салалық сараптаманың қорытындысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалардың қорытындылары негізінде жүргізілетін, жобаның жүзеге асырылуын және тиімділігін айқындау тұрғысынан кешенді бағалау.

Бюджеттік қамтамасыз етілу - тиісті бюджеттер қаражаты есебінен ұсынылатын, осы көрсетілетін қызметтерді алушылардың бірлігіне есептегендегі мемлекеттік қызметтер құны.

Бюджеттік қатынастар - бюджет процесінде туындайтын қатынастар.

Бюджеттік операциялар - бюджетті атқару процесінде жүзеге асырылатын операциялар.

Грант - донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына беретін өтеусіз қаржылық немесе техникалық көмегі.

Донорлар — шет мемлекеттер, олардың үкіметтері мен агенттіктері, халықаралық және шетелдік мемлекеттік ұйымдар, қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін шетелдердің үкіметтік емес қоғамдық ұйымдары және қорлары.

Есепті қаржы жылы — жоспарлы кезеңнің ағымдағы қаржы жылының алдындағы жыл.

Жергілікті атқарушы орган борышының лимиті — мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары үшін белгілейтін, жергілікті атқарушы органның тиісті қаржы жылына алынған және өтелмеген қарыздарының тіркелген сомасы, одан жергілікті атқарушы органның белгіленген күнге (тиісті қаржы жылының соңына) нақты борышы аспауға тиіс.

Жергілікті атқарушы органның борышы — жергілікті атқарушы органның белгілі бір күнге алынған және өтелмеген қарыздарының сомасы.

Жоспарлы кезең — ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы.

Инвестициялық ұсыныс — бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейтін тиісті іс-шаралар жиынтығын қоса алғанда, мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік, үкіметтік бағдарламаларды және аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру шеңберінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың орындылығын негіздейтін, мақсатқа қол жеткізу жолдары мен ықтимал қаржыландыру тәсілдерін көрсететін тұжырымдамалық ұсыныс.

Инвестициялық ұсыныстың экономикалық қорытындысы — салалық сараптаманың қорытындысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес талап етілетін сараптамалардың басқа да қорытындылары негізінде жүргізілетін, пайдалар мен шығындар талдауын пайдалана отырып, инвестициялық ұсыныста берілген ақпаратты кешенді бағалау.

Институционалдық жоба — саланы (аяны) институционалдық дамытуға бағытталған, бюджеттік бағдарлама әкімшісі белгілі бір уақыт кезең ішінде тікелей іске асыратын, аяқталған сипатқа ие және қарыз шартын жасасу жолымен мемлекеттік қарыз алу арқылы қаржыландырылатын іс-шаралар жиынтығы.

Квзимемлекеттік сектор субъектілері — мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олар мен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар.

Кезекті қаржы жылы - ағымдағы қаржы жылынан кейінгі жыл.

Келісімшарт жасасушы агент - бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәміленің тарабы.

Концессиялық жоба – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаттағы концессияны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы.

Кірістерді бөлу нормативі - әртүрлі деңгейлердегі бюджеттер арасында кіріс түрлерін бөлудің пайыздық арақатынасы.

Қазақстан Республикасының резиденттері - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасында орналасқан заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында және (немесе) оның шегінен тысқары жерлерде орналасқан филиалдары мен өкілдіктері.

Қазынашылыққолдап отыру – құрылыспен байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына ағымдағы бақылауды жүзеге асыру, қолма-қол ақшаны бақылау шоттары арқылы төлемдер жүргізудің барлық кезеңдерінде бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға қатысушылардың – бас мердігер мен қосалқы мердігердің салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуінің толықтығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет.

Қаржы агенттігі - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті берілген ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет жүз пайыз қатысатын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының қаржы нарығынан және (немесе) халықаралық қаржы нарығынан қарыз алуды жүзеге асыратын ұйым.

Қаржы жылы - бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі.

Қаржыландыру - бюджет ақшасын оларды алушыларға бөлу.

Қаржылық есептілік – егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, нысаны мен көлемін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің қаржылық жағдайы, қызметінің қаржылық нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат.

Қарыз алу - тараптардың міндеттемелерді орындауын есепке алу, бақылау және талдау рәсімдерін қоса алғанда, қарыз қаражаттарын тарту қажеттілігі туралы шешім қабылдау, қарызды тарту, пайдалану, өтеу және қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындау рәсімдері, келіссөздер, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және кепілдіктері, қарыз бойынша тиісті құжаттарды ресімдеу және қол қою, қарыз шартын ратификациялау (мемлекеттік сыртқы қарыз алу кезінде), қарыз қаражатын алу, пайдалану рәсімдері кіретін процесс.

Қарыз беруші – мемлекеттік немесе мемлекеттік емес қарыздарды мемлекеттік кепілдікпен немесе мемлекет кепілгерлігімен берген тұлға немесе инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушылардың өкілі.

Қарызға қызмет көрсету – бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның немесе банктің қарыз алушының шоттарындағы қарыз қаражатының пайдаланылуын және қарызалушының сыйақы төлемдерін, комиссиялық төлемдерді және қарыз талаптарына сәйкес басқада төлемдерді жүзеге асыруын есепке алу жөніндегі қызметі.

Қарызды қайта құрылымдау – тараптардың қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауының мерзімдерін, қаржылық және өзгеде талаптарын олардың келісімі бойынша өзгерту.

Қарыз шарты - қарыз алушы қарыз қаражатын соған байланысты алатын және қарыз берушінің алдында оны қайтару және сыйақыны, сондай-ақ қарызға байланысты басқа да төлемдерді төлеу жөнінде міндеттемені мойнына алатын келісім.

Мемлекет активтері - өткен операциялар немесе оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік меншікке алынған, құндық бағасы бар мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтар.

Мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыз - инфрақұрылымдық облигациялар шығару арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік емес қарыз.

Мемлекет кепілгерліктері бойынша борыш - мемлекет кепілгерлігімен тартылған, белгілі бір күнге алынған және өтелмеген мемлекеттік емес қарыз сомаларының сомасы.

Мемлекет кепілгерліктерін беру лимиті - тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен бекітілетін тіркелген сома, соның шегінде мемлекет кепілгерліктері берілуі мүмкін.

Мемлекет кепілдік берген борыш - мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген, белгілі бір күнге алынған және өтелмеген мемлекеттік емес қарыздар сомасы.

Мемлекет кепілдік берген қарыз - мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыз.

Мемлекеттік борышты қайта қаржыландыру - мемлекеттік борышты жаңадан алынған қарыз қаражаттары есебінен өтеу.

Мемлекеттік емес қарыз - Қазақстан Республикасының Үкіметін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденті қарыз алушы болатын қарыз қатынастары.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер – жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша мемлекеттік әріптес қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелердің белгілі бір күніне мемлекеттік бюджеттен бөлінетін сомасы бойынша мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және "Мемлекеттік жекешелік-әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі реттілікпен болатын іс-шаралар жиынтығы.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында функцияларды жүзеге асыратын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын тұжырымдау мен қалыптастыру саласындағы, сондай-ақ өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Мемлекеттік кепілдіктерді беру лимиті - тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен бекітіліп, тіркелген сома, соның шегінде мемлекеттік кепілдіктер берілуі мүмкін.

Мемлекеттік концессиялық міндеттемелер – жасалған концессия шарттары бойынша концедент белгілі бір күнге қабылдаған және орындамаған қаржылық міндеттемелердің сомасы бойынша концеденттің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы.

Мемлекеттік қарыз – Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарыз қатынастары.

Мемлекеттік инвестициялық жоба – бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыру арқылы мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарызға

қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын немесе жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан табыстар алуға оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру - Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын бірінші иеленушілерге азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау арқылы иеліктен шығаруы.

Нақтыланған бюджет - атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, бекітілген бюджет.

Нәтижелердің көрсеткіштері – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарды, аумақты дамыту бағдарламасын және (немесе) бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі қызметін сипаттайтын нысаналы индикаторлардың, тікелей және түпкілікті нәтижелердің жиынтығы.

Негізгі борыш сомасы - қарыз берушіден алынған және оған қайтарылмаған қарызды, сол бойынша сыйақының, тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімпұлдың) есептелген сомасын есепке алмастан, өтелуге жататын сома.

Нысаналы индикатор – стратегиялық жоспардың немесе аумақты дамыту бағдарламасының мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін көрсеткіш.

Өзара өтелетін операциялар – мемлекеттік бюджетті, облыстың және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін, сондай-ақ олардың атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын, қосарланған шотты болғызбау мақсатында бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне берілетін трансферттер, бюджеттік кредиттер және басқа да ақша сомаларын алып тастаумен байланысты операциялар.

Өңірдің салықтық әлеуеті – үш жылдық кезеңге жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшерлерін белгілеу кезінде өңірдің кіріс көлемдерін айқындау үшін есептелетін, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің ең жоғары ықтимал сомасы.

Өтеусіз қаржылық көмек - донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына тауарлар беруді, жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді қаржыландыру үшін ақша беруі.

Өтеусіз техникалық көмек - донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына тауарлар беруді, жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыруы немесе ұйымдастыруы.

Сақтандыру шарты - сақтандыру ұйымының бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган алдындағы мемлекет кепілгерлігі немесе мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға республикалық

бюджеттен қаражат бөлу нәтижесінде туындаған залалды өтеу жөніндегі міндеттемесін көздейтін шарт.

Сыйақының тіркелмеген (құбылмалы) мөлшерлемесі - нарық конъюнктурасына байланысты өзгерістерге ұшыраған кредиттер, қарыздар жөніндегі сыйақы мөлшерлемесі немесе бағалы қағаздар бойынша сыйақымен қоса табыс.

Сыртқы қарыз - қарыз беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес, ал қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының резиденті болатын қарыз қатынастары.

Түпкілікті нәтиже – мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген стратегиялық жоспардың, аумақты дамыту бағдарламасының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші.

Үкіметтік борыш – Қазақстан Республикасының Үкіметі алған және өтемеген мемлекеттік қарыздарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышына жатқызылған белгілі бір күнге борыштық міндеттемелердің сомасы.

Үкіметтік борыш лимиті - тиісті қаржы жылына алынған және өтелмеген үкіметтік қарыздардың республикалық бюджет туралы заңмен бекітілетін тіркелген сомасы, белгіленген күнге (тиісті қаржы жылының аяғына) қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің нақты борышы одан аспауға тиіс.

Үкіметтік қарыздарды хеджирлеу - бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган мен келісімшарт жасасушы агент арасындағы үкіметтік қарыз алудың тәуекелдерін (валюталық, пайыздық және өзге де) басқару мақсатында қаржы құралдарымен мәмілелер жасау.

Ішкі қарыз - қарыз беруші Қазақстан Республикасының резиденті, ал қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкіметі жергілікті атқарушы орган немесе Қазақстан Республикасының резиденті болатын қарыз қатынастары.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.- 2008 ж., N 21. Б 379-599. - (Актіні өзгерту күні - 11.07.2017)
2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіні (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV Заңы. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы – 2008. N 2, ББ 413-415. – (Актіні өзгерту күні - 06.05.2017)
3. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы.// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2001. N 3.(Актіні өзгерту күні – 11.07.2017 ж.)
4. Callaghan G., Fribbance I., Higginson M. Personal finance [Text] / ed.: G. Callaghan, I. Fribbance, M. Higginson. - 2nd ed. - New York : Palgrave Macmillan, 2012. - 487 p. - ISBN 978-0-230-34811-0
5. Асанова А. Бухгалтерлік есеп негіздері [Текст] : оқу-зертханалық практикум / А. Асанова. - Астана : Фолиант, 2014. - 160 б. - (Кәсіптік білім). - ISBN 978-601-292-818-1
6. Бисенов С.Х. Государственный бюджет и казначейство [Текст]: учеб.-метод. пособие для студ. спец. 050509/5В050900-"Финансы" / сост. С. Х. Бисенов, А. А. Урынғалиева. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана , 2012. - 111 с. - Б. ц.
7. Весельская Н. Р. Финансовое право Республики Казахстан [Текст] : учебник для студ. вузов и магистрантов / Н. Р. Весельская, М. Т. Какимжанов. - Алматы : Ассоциация вузов РК, 2015. - 312 (19.6 п. л.) с. - ISBN 978-601-217-546-2
8. Габдуалиева Р.С. Формирование и развитие бюджетной системы регионов Казахстана [Текст] : монография / Габдуалиева Р.С., Тулепбергенова А.Ж., Казамбаева А.М., Айешева Г.А. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2014. - 92 с. - ISBN 978-601-7352-76-9
9. Мадиярова Э.С. Қаржылық менеджмент [Текст] : студенттерге, аспиранттарға, оқытушыларға арналған оқу құралы / Э. С. Мадиярова. - Алматы : Экономика, 2012. - 272 б. - ISBN 978-601-225-407-5
10. Мельников В.Д. Финансы [Текст] : учебник для студентов, аспирантов, магистрантов и докторантов вузов / В. Д. Мельников. - 10-е изд., перераб. и доп. - Алматы : Экономика, 2012. - 816 с. - ISBN 978-601-225-571-3
11. Мұқтарова Қ. С. Инвестициялық жобаларды басқарудың теориясы мен әдістемесі [Текст] : оқу құралы / Қ. С. Мұқтарова, А. Т. Мылтықбаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2012. - 93 б. - ISBN 978-601-247-551-7.

12. Нұрсейітов С.О. Ұйымдағы бухгалтерлік есеп [Текст] : ЖОО студ арналған оқу құралы / Е. О. Нұрсейітов. - Алматы : ТОО "Издательство "LEM", 2012. - 432 б. ISBN 9965-714-96-7.
13. Өмірбаев С. М. Мемлекеттік бюджет [Текст] : ЖОО студ., магистр., аспирант. арналған оқулық / С. М. Өмірбаев [и др.]. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2012.
14. Серкебаева Р. К. Финансы [Электронный ресурс] : учебник для бакалавров, магистров и преп. экономич. вузов / Р. К. Серкебаева, Р. У. Смагулова. - Электрон. текстовые дан. - Алматы : ТОО "BOOKPRINT", 2014. - 320 с. - Систем. требования: Windows. - ISBN 978-601-7529-13-0
15. Султанова З.Х. Корпоративные финансы [Текст] : учеб. пособие для студ. спец.: 5В050900-"Финансы" / З. Х. Султанова. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2015.
16. Толпаков Ж.С. Финансовый учет-1. Т. 2. [Текст] : учебник для студ. вузов и магистрантов / Ж. С. Толпаков. - Караганда: ТОО "Карагандинская Полиграфия", 2013. - 408 с. - ISBN 978-601-7020-38-5
17. Шайханова Н.К. Финансы [Текст] : учеб. пособие / Н. К. Шайханова. - Астана: Фолиант, 2013. - 184 с. - (Высшее образование). - ISBN 978-601-292-720-7
18. Шамгонов Ә. Ш. 5В050800-"Есеп және аудит" мамандығының студенттеріне "Басқару есебі" пәнінен оқу құралы [Текст] / Ә. Ш. Шамгонов. - Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2015.

Казамбаева Айгуль Мамаевна
экономика ғылымдарының кандидаты., доцент

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІ БАҚЫЛАУ

оқу құралы
6M051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының
магистранттарына арналған

*Дайын түпнұсқаның сапасына
толық сәйкестікте басылды*

Басылуға 02.07.2019 кол қойылды.
Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 8,8 б.т.
Таралымы 500 дана.

ЖШС «Альманахъ» баспа үйі»
Алматы қ., Алатау ы/ауд., Наурыз к-сі, 74-а үйі
e-mail: almanah_id@mail.ru

«Нур-Принт» баспаханасы
Тел: 8 (727) 308-25-46, 298-64-02
e-mail: nur-print@mail.ru
www.nur-print.kz